



# ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы

12+



№36 (3982), 12 қыркүйек, 2025 жыл

1934 жылы 10 қаңтардан шыға бастады

www.qazaqadebiet.kz

## ЖОЛДАУ

(ҚОЛДАУ)

«Жаратылысқа» – Рахмани:  
«Жолдау» – Керек!  
«Жолданғанды» – Жүміле:  
Қолдау – Керек!!  
Хақ-Жолдаушы – «Иеміз-Жаратушы»:  
Оған – «Қалыс не Қарсы»,  
Болмау – Керек!  
«Қалыс» – Болсаң:  
Аса алмай – Пенделіктен,  
Аш-Нәпсің – Бел алады,  
Керге – Біткен!  
«Қарсы» – Болсаң:  
Айналып – «Әжуаға»,  
Айырыласың – «Адами-»

Өң-Көріктен»...  
...Хақтан – Кейін,  
«Жолдаушы» – Төр-Басымыз:  
«Жолдауын» – Оқып,  
Дендеп,  
«Мөр» – Басыңыз!  
«Қалыс» – Қалмай:  
«Жеңілін» – Жетілдіріп,  
«Қарсы» – Келмей:  
«Ауырын» – Қолдасыңыз...  
... Сонда – Сақтап,  
Сом-Алтын-Қалпын – Әмән:  
Елің – Есен болады,  
Халқың – Аман!!!  
ИРАН-ҒАЙЫП  
Алматы,  
08.09.2025



## ҚУАТТЫ ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУ ЖОЛЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 8 қыркүйекте өткен Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Жолдауда әлемде жаңа геосаяси тәртіп орныға бастаған қазіргідей күрделі кезеңде еліміздің әлеуметтік-экономикалық тұрақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы стратегиялық бағыттар мен жалпыұлттық міндеттер айқындалды.

Жолдаудағы басты саяси бағыт – еліміздің жасанды интеллект негізінде әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай оң ықпалын тигізетін жаңа саяси реформа туралы болды. Әлі күнге дейін өзекті болып отырған осы мәселеге

тоқтала келіп, Мемлекет басшысы көп ұзатпай елімізде бір палаталы Парламент құруды ұсынды. Аса маңызды бұл мәселе асығыстықты көтермейді. Сондықтан Қасым-Жомарт Тоқаев: «Бұл реформа азаматтық секторда, сарапшылар ортасында, әрине, сондай-ақ қазіргі Парламентте жан-жақты талқылануы қажет. Реформаның мән-маңызы айрықша екенін ескерсек, оны талқылауға бір жыл уақыт керек деп ойлаймын. Содан кейін, яғни 2027 жылы жалпыұлттық референдум өткізуге болар еді. Содан соң Конституцияға тиісті өзгеріс енгізе аламыз», – деп мемлекеттің тағдырын айқындайтын барлық мәселе халықтың келісімімен ғана шешілетінін айтты.

Келесі бағыт – сипаты мүлде жаңа технологиялық өзгерістер болып жатқан жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуірінде кенжелеп

қалудың ауыр салдарына ұшырамас үшін цифрландыру арқылы экономиканы технологиялық жаңғырту. Осы орайда «Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек. Біз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу арқылы экономиканы жаңғыртуымыз қажет. Жаңа технологиялық қалыптың ажырамас бөлігіне айналу үшін бүкіл мемлекеттік басқару жүйесін қайта құрып, оның азаматтар мүддесіне сай болуын қамтамасыз ету, сондай-ақ ашықтығы мен тиімділігін еселеп арттыру керек. Қазақстанды бәсекеге қабілетті ел ретінде дамытамыз десек, жұмысымызды жаңаша тәсілмен жүргізуіміз керек», – дей келіп, Президент осынау стратегиялық мақсатты жүзеге асыру жолындағы маңызды міндеттерге тоқталды.

2-бет →

## КӨКЕ

О, өлең!  
Табады дертімнің  
ол емін.  
Поэзия  
эстафетасын  
2000-жылдарға  
алып барады.  
Менің ең соңғы  
кенже өлеңім.  
Т. БЕРДИЯРОВ



Біз ол кісіні жақсы көретінбіз. Жазушылар одағына, баспалар мен газет-журнал редакцияларына сирек соғатын. Әр келуі мереке еді. «Бүгін «Қаламгерге» Тоқаш Бердияров келіпті» деген хабар қаланың қай шетінде жүрсек те бізді дереу тауып алатын, ұзамай бір топ бозбала қағаннан «тез жет!» деген бұйрық алған елшілер сияқты тұс-тұстан андыздай шауып, көкемізге жетуші едік. Ол өз өлеңдерін жатқа оқымайтын («Әртістікті жідә жек көремін дә»). Жастарды жиі тыңдағанмен, сирек мақтаушы еді. Поэзиядағы өзі жақсы көретін ағымдар туралы, жеке ақындар туралы да аз айтатын («Сендердің бәріңнен гөрі маған Нұх пайғамбар жақындау, неге десеңіз, ол да моряқ қой. Мен сияқты...»).

(Жалғасы 6-7-бетте)

Мұқағали МАҚАТАЕВ

## ТОҚАШҚА

Алматының шәрісі таныс маған,  
Таптағамын көшесін, жаныштағам.  
Әне біреу кассада ақшамды алып,  
Мына біреу кассаға табыстағам.

Әне біреу мүйісте тұра қалып,  
Сылқытушы ек топ-торғын сыраны алып.  
Мынау бақта масайрап отырушы ек,  
Күлуші едік алдымен жылап алып.

Не істемесін жас ғұмыр шөлдегенде,  
«Атағымыз» таралды елден-елге.  
Қалтамызда болмай-ақ қара бақыр,  
Қараушы едік аяқ пен кеуделерге...

Ише жүріп күн кештік сырамызды,  
Кім не десе о десін мына бізді.  
Алматының аяулы ақ нәсері,  
Ағыл-тегіл жуады күнәмізді.

Жонымызды төсейік тұра қалып,  
«Жын ұрған ба?» – деп қалсын мына халық.  
Күлейік алдыменен жылап алып,  
Жүрейік алдыменен құлап алып...

1968 жыл

## «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ» СҮЙЕНЕРІ - ОҚЫРМАН. ОҚЫРМАННЫҢ СҮЙІП ОҚИТЫН ГАЗЕТІ - «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ»

Газеттің индексі: жеке жазылушылар үшін – 65353; мекемелер мен ұйымдар үшін – 15353

Баспасөз-2025

| «Казпошта» АҚ бойынша | Жеке жазылушыларға:   | Аудандар мен ауылдарда: | Кәсіпорындар мен ұйымдарға: | Аудандар мен ауылдарда: |
|-----------------------|-----------------------|-------------------------|-----------------------------|-------------------------|
|                       | Қалаларда:            |                         | Қалаларда:                  |                         |
|                       | 1 айға – 721,21 т.    | 1 айға – 721,21 т.      | 1 айға – 1 672,02 т.        | 1 айға – 1 416,21 т.    |
|                       | 3 айға – 2 163,63 т.  | 3 айға – 2 163,63 т.    | 3 айға – 5 016,06 т.        | 3 айға – 4 248,63 т.    |
|                       | 6 айға – 4 327,26 т.  | 6 айға – 4 327,26 т.    | 6 айға – 10 032,12 т.       | 6 айға – 8 497,26 т.    |
|                       | 12 айға – 8 654,52 т. | 12 айға – 8 654,52 т.   | 12 айға – 20 064,24 т.      | 12 айға – 16 994,52 т.  |

«Евразия пресс» ЖШС бойынша

Жеке жазылушылар үшін:  
1 айға – 746 теңге. 3 айға – 2238 теңге  
6 айға – 4476 теңге. 12 айға – 8952 теңге

Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін:  
1 айға – 1441 теңге. 3 айға – 4323 теңге  
6 айға – 8646 теңге. 12 айға – 17292 теңге

(Басы 1-бетте)

Экономикалық тұрғыда маңыз берілген басты міндет — біріншіден, елімізге қомақты инвестиция тарту. Жаңа инвестициялық кезеңдегі негізгі мақсат — өңдеу саласына көбірек қаражат тарту, яғни үкімет инвестиция саясатына жаңаша көзқараспен қарау керек. Жоғары технологияларға салынатын инвестицияларға жеңілдік беру, ірі инвесторлармен қатар орта және шағын инвесторлармен тығыз байланыста жұмыс істеу, қаражаттың қай бағытқа, қандай мақсатпен және қанша көлемде қажет екенін нақты білу, «Инвестицияға тапсырыс» өндірістің сұранысына сай жасалуы керек. Инвестиция тарту жүйесін жаңғырту бағытында Бас прокуратураның Заңсыз активтерді қайтару жөніндегі комитетінің атауы Инвесторлардың құқығын қорғау жөніндегі комитет деп өзгертілетін болды.

Ұлттық қордың тұрақты даму құралы ретіндегі рөлі қайта қаралуы тиіс. Үкімет Ұлттық банкпен бірлесіп экономикамыздың жоғары технологиялық салаларына бір миллиард долларға дейін инвестиция тарту туралы бағдарламаны әзірлеуі қажет. Осы ретте ұзын арқан, кең тұсауға салмай, шұғыл шешілуі қажет мәселе — банктердің ақшасын экономикаға барынша тартудың тиімді тәсілдерін табу. Президент атап өткендей, банктер туралы заң қабылдау осы бағыттағы маңызды қадам болмақ.

Қарқынды даму үстіндегі елдерде көш басындағы қалалар инвестициялар мен технологияларды өзіне тартатын полюске айналған. Осы орайда еліміздің жаңа иштық және инновациялық орталығы болуға тиіс Алатау қаласы үшін арнайы жер бөлініп, инфрақұрылымның негізгі желілері іске қосылды. Келесі қадам — Alatau City-дің шықты институционалды негіздерін қалыптастыру. Alatau City аймақтағы толық цифрланған алғашқы қалаға айналмақ. Мұнда Smart City технологияларын қолданудан бастап тауарлар мен қызмет ақысын криптовалютамен төлеуге дейінгі жаңалықтың барлығы енгізілуі керек.


Инвестицияға қолайлы ахуал қалыптастыруға тікелей әсер ететін ең басты мәселе — макроэкономикалық тұрақтылық. Алайда қазіргі жоғары инфляция экономикалық көрсеткіштер мен халықтың табысын «жұтып қойып» жатыр. Осы макроэкономикалық құрсаудан шығу үшін әркім көрпелі өзіне қарай тартпай, алда тұрған мемлекеттік ауқымдағы міндетті атқаруға бір кісідей жұмылуы керек.

Екіншіден, өңдеу өнеркәсібінің дамуына жаңа серпін беретін уақыт келді. Иә, бір күні қазба байлықтың да түбі көрінері сөзсіз. Сондықтан экономиканы әртарапандыруды тың қарқынмен жалғастыру керек. Ішкі және сыртқы нарыққа бәсекеге қабілетті, терен өңделген өнім шығаруға басымдық берілуі тиіс. Қашанда ел индустриясының сенімді тірегі болып келген тау-кен металлургиясының бүгінде экономикадағы үлесі — 8 пайыз. Даму әлеуеті зор, әсіресе терен өңделетін өнімдер шығаруға мүмкіндігі мол осы салада алдағы үш жыл ішінде жоғары технологиялық өнім шығаратын кемінде үш кәсіпорын іске қосылмақ. Сондай-ақ көмірсутегі шикізатын терең өңдейтін біртатар озық жобаны жүзеге асыруға, сирек кездесетін металдардың және айрықша қажет басқа да материалдардың маңызы арта түсуіне орай өлемдік өндірістер мен сауда-саттықтың жаңа желісінде өз орнын нықтап алуына Қазақстанның толық мүмкіндігі бар.

Жалпы, барлық саладағы маңызды жобаларды дер кезінде іске асыру, экономиканы цифрлық тұрғыдан жаңғырту үшін электр энергиясы жеткілікті көлемде болуы қажет. Қуат көздерін жан-жақты жаңғырту мақсатында шетел инвесторларының қатысуымен ауқымды жобалар жүзеге асуда. Бірақ түпкі мақсат — қуат көздерін өзгерту емес, ең алдымен, еліміздің энергия жүйесінің нақты мүмкіндігі мен мемлекетіміздің ұзақмерзімді мүдделеріне негізделген тұрақты даму жолы. Осы орайда ядролық энергетиканы дамытуға бетбұрыс жасалды. Алматы облысында алғашқы атом электр станциясына қатысты жоба «Росатоммен» бірге жүзеге асырыла бастады. Экономиканы тұрақты дамыту үшін бұл жеткіліксіз. Екінші, тіпті үшінші атом электр станциясын салу жоспарда бар. Сондай-ақ елімізде сапалы көмір қоры орасан. Табиғатты ластамайтынына кепілдік беретін озық технологияларды қолдана отырып, көмір энергетикасын дамытуға ерекше назар аудару қажет. Бұл еліміздің энергетикалық дербестігін қамтамасыз ету жөніндегі мақсатына сай келеді.

Тағы бір маңызды міндет — геологиялық барлау жұмыстарын күшейту. Осы орайда цифрлық құралдарды пайдалана отырып, жер қойнауының заманауи картасын жасайтын уақыт келді. Бұл кен орындарының әлеуетін ғылыми негізде жаңа сапалық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді.

## ҚУАТТЫ ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУ ЖОЛЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ



Үшіншіден, Президент ауыл шаруашылығының стратегиялық маңызына ерекше тоқталды. Қазақстан аграрлық ел ретінде ішкі нарықты сапалы азық-түлікпен қамтамасыз етіп қана қоймай, әлемдік экспортта да бәсекеге қабілетті болуға тиіс. Ауыл шаруашылығын бұл деңгейге көтеру үшін озық агроэкономикаға көшудің нақты жоспары болуы керек.

Президент Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттердің кәсіпорындарымен салыстырғанда, біздің кәсіпкерлеріміздің тиімсіз жағдайларға тап болып, ішкі нарықтың өзінде бәсекелестеріне есе жіберіп отырғанын атап өтті. Елдегі азық-түлік нарығының импортқа тәуелділігін барынша азайту — үкіметтің стратегиялық міндеті. Әрине, өзімізді өзіміз жүз пайыз қамтамасыз етуіміз мүмкін емес. Бірақ нарықтағы қазіргі жағдайды айтудың өзі ұят. Дәстүрлі ұлттық өнімдерімізді сыртқы нарыққа белсенді түрде таныту керек. Сондықтан аграрлық экспорттың нақты жоспарын әзірлеу қажет. Үкімет Еуразия аумағындағы сауда-саттықтың әділ жағдайда жасалуын нақты дәлелмен талап етуге міндетті.

Жер — стратегиялық ресурс. Оның бар игілігі елді дамытып, халықтың тұрмысын жақсартуға арналуы керек. 2022 жылдан бері жалпы аумағы 13,5 миллион гектардан астам жер қайтарылды. Бірақ әкімдер соның 6 миллион гектарын ғана жаңа жер игерушілерге бөліп берген. Жалпы, жер қатынастарына қатысты заңсыздық пен қағазбастылықтан арлу үшін ауыл шаруашылығы жерлерін беру тәсілдерін түбегейлі өзгерту керек. Жерді бөлуге қатысты шешім цифрлық форматта, электронды конкурстар арқылы қабылдануға тиіс. Жер ресурстарының бірыңғай цифрлық картасын әзірлеу керек.

Агроөнеркәсіп мен «жердегі тіршіліктің» арасында алшақтық бар. Ауыл шаруашылығы ғылымын жедел өркендетпейінше, агроөнеркәсіп кешенін ұзақ уақыт бойы қарқынды дамыту мүмкін емес. Осы орайда цифрлық технологияларды қолдануға және саланың өнімділігін едәуір арттыруға арналған нақты жоспар жасалуы тиіс.

Төртіншіден, аймақтардың экономикалық белсенділігін арттыруға ықпал ететін мәселенің бірі — көлік-логистиканы дамыту. Биыл ұзындығы 836 шақырым болатын «Достық — Мойынты» темір жолының екінші желісі іске қосылды. Еліміздегі теміржол жүйесінің толық қаңқасын қалыптастыратын «Бақты-Аягөз», «Қызыл-жар-Мойынты» жобалары уақтылы жүзеге асуы тиіс. Сондай-ақ негізгі дәліздер аясында автомобиль жолдарын дамытуға, авиация инфрақұрылымын жаңғыртуға баса мән берген жөн. Ішкі тасымалдың көлемін және бәсекеге қабілетін арттыру үшін көлік саласындағы тариф саясатының тиімді әрі түсінікті болуы айрықша маңызды.

Қазақстан Еуразиядағы көлік хабы болуға тиіс. Бұл — стратегиялық маңызы зор міндет. Еуропа мен Азия арасын жалғап тұрған еліміздің транзиттік әлеуетін арттыруға әлі де зор мүмкіндік бар. «Солтүстік — Оңтүстік» көлік дәлізі Парсы шығанағы мен Оңтүстік Азия елдерінің нарығына тікелей жол ашады. Ал «Шығыс — Батыс» дәлізі мен Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» жаһандық бастамасы Қазақстанның Еуразиядағы негізгі құрлық жолы ретіндегі рөлін күшейте түседі. Сондай-ақ Транскаспий көлік бағытын дамытудың маңызы арта бастады.

Бесіншіден, тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылығы мен су инфрақұрылымын жаңғырту — тұрақты дамудың негізгі факторы. Мемлекет бұл саланы бақылап, реттеумен айналысуға тиіс. Ал оның инфрақұрылымын жаңғырту және жаңа технологияларды енгізу — жеке сектордың шаруасы.

Жолдауда баса назар аударылған су мәселесін шешу — әлеуметтік тұрақтылықты сақтап, экономиканы дамытудың кепілі. Сусыз өмір жок. Сондықтан бұл сала ұлттық цифрлық жаңғыру жұмысындағы басты бағыттың бірі болуға тиіс. Жасанды интеллект негізінде жерүсті және жерасты сулары туралы мәлімет жинақталатын су ресурстарының бірыңғай цифрлық платформасын жасау керек. Жоба іске қосылғанда гидрогеология мониторингі, яғни бақылау жұмысына қатысты мәселе толық шешімін табады. Осы жұмыс Ұлттық су теңгерімін (баланс) қалыптастыру ісімен қатар жүргізілуі тиіс. Бұл — ұзақ мерзімге арналған су саясатын жоспарлаудың аса маңызды тәсілі. Онсыз бұл салаға тиісті бақылау орнатып, инвестиция тарту мүмкін емес. Президент Аралды толтыру жұмыстары қарқынды жалғаса беріуі керекін айта келіп, Каспий теңізінің тартылып бара жатқанына тоқталды. «Тиісті шара қолданбасақ, бұл аса үлкен экологиялық апатқа айналуы мүмкін. Каспий теңізі — бір елдің ғана емес, бүкіл аймақтың тағдырына қатысы бар мәселе. Үкімет Каспийдің су ресурстарын сақтау туралы мемлекетаралық бағдарлама әзірлеуді қолға алуы керек. Оны серіктес мемлекеттермен келісу қажет», — деді.

Алтыншы, кәсіпкерлер елімізді цифрлық дамытудың қозғаушы күші болуға тиіс. Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің жанынан Интеллект арқылы реттеу орталығы құрылады. Бұл орталық заңнаманы ретке келтірумен, түсінікті әрі тиімді ұсыныстар әзірлеумен айналысады. Занды күрделендіре бермей, кәсіпкерлердің қажетіне қарай бейімдеп, министрлер мен әкімдердің нақты нәтиже үшін жеке жауапкершілігін күшейткен жөн.

Тағы бір өте маңызды мәселе — мемлекеттің экономикадағы үлесін азайту көп жылдан бері өзекті міндет болып келеді. Мемлекеттік ұйымдар мен компаниялар негізсіз көбейіп, жеке кәсіпорындардың толыққанды дамуына мүмкіндік бермей отыр. Елімізде мемлекеттің үлесі бар ұйымдар саны 25 мыңға жуықтайды. Көпшілігінің қызметі мен құрылымы сын көтермейді, қисынға да келмейді.

Осы орайда Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігіне Үкіметпен бірлесіп, мемлекеттік секторды реформалау туралы нақты ұсыныстар әзірлеу жүктелді. Мемлекеттік мүлік туралы заң жаңартылып, мемлекеттің экономикаға қатысу шегі айқындалуы тиіс. Жетіншіден, адам капиталын дамытуға білім беру саласы айрықша рөл атқарады. Цифрлық технологиялар жаһандық еңбек нарығын жылдам өзгертіп жатыр. Сол себепті 100 мыңға жуық студентті технологиялық жобаларға тартуды көздейтін Al-Sana бағдарламасы қолға алынды. Дегенмен, ең алдымен, мектеп оқушыларына арналған жасанды интеллект негіздері туралы бағдарлама мен оқу материалдарын әзірлеу қажет. Еліміз білім экономикасына көшіп жатыр. Сондықтан ғылым, білім және инновация саласын басқару тәсілдерін өзара байланыстыру өте маңызды. Инновациялық саясатты Ғылым және жоғары білім министрлігінің құзырына берген жөн.

Білікті мамандарымызды елге қайтарудың тиімді тәсілдерін ойластырып, қолданысқа енгізу керек. Кадр тапшылығын жою үшін көші-қон саясатын да қайта қараған жөн. Өйткені білікті, саналы адамдар — ұлттық экономиканың арқауы, ел болашағының кепілі. Елімізге кәсіби даярлығы жоғары, білікті жұмысшылар өте қажет. Қазір елімізде мыңдаған жұмыс орны

бос тұр. Түрлі салада, тіпті, жалақысы едәуір жоғары жұмыс орындары бар. Бұл орындарды шетелден келіп жатқан адамдар толтыруда. Жыл сайын мыңдаған инженер, құрылысшы және ауыл шаруашылығы маманы оқуын бітіріп шығады. Алайда олар арнайы білімді қажет етпейтін, тез табыс әкелетін жұмыстарды таңдайды. Әрине, жұмыстың жаманы жоқ, адал еңбектің бәрі — маңызды. Бірақ бұл үрдіс жеке адамға да, бүкіл елге де үлкен пайда әкелмейді. Жастарымыз экономиканың нақты саласында жұмыс істеуге ұмтылғаны жөн. Осыған мемлекет қажетті жағдай жасауы керек. Жұмысшы мамандықтарына деген құрметті арттыра түсуіміз керек. Оларға лайықты жалақы төлеу қажет. Бұл — мемлекетіміздің алдында тұрған негізгі міндеттің бірі.

Жылда айтылып келе жатқан, осы Жолдауда маңыз берілген мәселенің бірі — бақылаусыз ішкі және сыртқы көші-қон үдерісі. Мұндай ахуал күрделі мәселелер туындауына әкеп соқтырады. Еңбек нарығын, әсіресе көші-қон мәселесін реттеу саласында есепке алудың орталықтандырылған жүйесі жок. Осы орайда Үкімет ел ішіндегі және шетелдегі көші-қон ағымының есебін жүргізетін бірыңғай цифрлық жүйе енгізуге тиіс. Сонымен қатар аймақтардағы әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы азаматтарға бөлінетін әлеуметтік төлемдерді біріздендіру керек. Әлеуметтік салада оңтайлы шешім қабылдаудың орнына, жүзден астам түрлі жеңілдікті қолдан көбейту әлеуметтік масылдыққа жол ашты. Бұл мектеп, аурухана, көлік инфрақұрылымдарын және басқа да нысандар салуға қажет қыруар қаражатты желге шашу деген сөз.


Мемлекет басшысы жасанды интеллект дәуірінде мәдениет пен өнердің дамуына айрықша мән берілетінін атап көрсетті. Салаға қатысты инфрақұрылым салынады, қажет болғаны жөнделіп, қалпына келтіріледі. «Өнер адамдары еліміздің мәдениетін, салт-дәстүрін шетелге паш етіп жатыр. Бұл — құрметке лайық жұмыс. Сондықтан мәдениет қайраткерлеріне қажетті қолдауды көрсетеміз. Бірақ олар жана заманның талабына бейімделіп жұмыс істеуі керек», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Иә, жана сипат алған даму кезеңінде руханият саласы өкілдерінің алдында тұрған міндет қай кездегідей аса жауапты.

Алдымызда тұрған осынау ауқымды міндеттерді атқару үшін әрбір азамат мемлекетшіл, отаншыл болуы керек. Қазіргі көзі ашық, көкірегі ояу жас ұрпақ отаншылдық деген сөзді басқаша қабылдайды. Жастардың басым көпшілігі әсіредіншілдікті, әсіреушілдікті қолдамайды. Олар үшін патриотизмнің басты көрсеткіші — жасампаздық пен жанашылдық. Жастар «Елді сүю дегеніміз — халыққа пайдасы тиетін жанаулық ашу, жана іс бастау» деп түсінеді. Олар Қазақстанды дамыған, көркейген мемлекет ретінде көргісі келеді, халқымызды озық ойлы ұлттардың қатарына қосуға талпынады. Бұл — қоғам санасында болып жатқан өзгерістің айқын көрінісі. Мен мұны толығымен қолдаймын. Сондықтан ғылым-білімге ұмтылған, елін-жерін көркейтуді ойлаған жастарға әрдайым жан-жақты қолдау көрсете береміз. Біз қолға алған ауқымды жұмыстың бәрі жастардың жарқын болашағы үшін жасалып жатыр. Өскелең ұрпақ ертен соның игілігін көреді, оны еселеп, лайықты жалғастырады.

Ұлы Абай «Бірінді қазақ, бірін дос, көрмесен істің бәрі бос» деп бекер айтпаған. Қазіргі бұлыңғыр заманда ең басты міндет — еліміздің егемендігін, жеріміздің тұтастығын нығайту. Ол үшін бірлігіміз бекем болуы керек. Халқымыз тату болса, ішкі ахуал тұрақты болса, біз барлық қиындықты жеңеміз, кез келген кедергіден өтеміз.

## Ел дамуындағы жаңа кезең



Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында бір палаталы Парламент құру бастамасын ұсынып, мұндай маңызды қадамды асығыс жүзеге асыруға болмайтынын және жан-жақты талқылау керектігін де айтты.

Менің ойымша, парламенттік реформа мәселесі кемінде жиырма жылдан астам уақыт бойы айтылып келеді. Осы мәселе ашық та, жабық та талқыланып жүргені ешкімге құпия емес. Бұл тақырып

әлі күнге дейін өзекті болып отыр. Сондықтан мемлекеттік жүйе дамып, азаматтарымыздың саяси мәдениеті өсіп келе жатқанын ескере отырып, бұл ұсынысты халықтың талқысына салу айрықша маңызды деп санаймын.

Бір палаталы Парламентте заң қабылдау процесі әлдеқайда жылдам әрі үкіметке шұғыл шешімдерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қабылданған заңға бір ғана орган жауапты және екі палатаны ұстауға кететін шығын азаяды.

Бұл Жолдау еліміздің дамуының жаңа кезеңіне жол ашып, Қазақстанның тұрақты және өркендеген мемлекет ретінде қалыптасуына негіз болмақ.

Асанәлі ӘШІМОВ,  
ҚР Еңбек Ері

## Игі жаңашылдық сезіледі



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Жолдауы ел көкейіндегі мәселелерді қозғап, көптің көңіліндегі сауалдарға жауап берді. «Өскелең ұрпақ бақытты, берекелі өмір сүруге тиіс. Сол үшін бәріміз жұдырықтай жұмылып, табанды еңбек етуіміз керек», – деген Президент әлемдік ахуалды да таразылап өтті.

Дүниежүзінде болып жатқан түрлі өзгерістер біздің мемлекетімізге де біршама ықпал етпей қоймайды. Сондықтан Мемлекет басшысының: «Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек. Біз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын

барынша енгізу арқылы экономиканы жаңғыртуымыз қажет», – дегені де – уақыттың бұлжымас талабы.

Халықтың әлеуметтік, рухани жағдайын жан-жақты саралап, қабылдануға тиіс өзгерістерді нақты көрсетіп берген Қасым-Жомарт Тоқаевтың мәдениетімізге де кеңінен тоқталғаны қуантты. Президенттің: «Өнер адамдары еліміздің мәдениетін, салт-дәстүрін шетелге паш етіп жатыр. Бұл – құрметке лайық жұмыс. Сондықтан мәдениет қайраткерлеріне қажетті қолдауды көрсетеміз. Бірақ олар жаңа заманның талабына бейімделіп жұмыс істеуі керек», – дегені осы сала қызметкерлеріне серпіліс сыйлары анық.

Қайткенде де, бұл Жолдау мемлекетіміздің даму жолын өзге бір белеске көтеріп, халық үшін игі жаңашылдықтың бастауы болатыны сезіледі.

Сәбит ОРАЗБАЕВ,  
Қазақстанның халық артисі

## Экономика көтерілсе, халықтың әл-ауқаты көтеріледі



ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына кезекті Жолдауын бастан-аяқ мұқият тыңдадық.

Жолдау, негізінен, Қазақстан экономикасына қолдау дер едік.

Өйткені экономика көтерілсе, халықтың әл-ауқаты көтеріледі. Әділетті Қазақстан салтанат құрады. Білік пен халық арасы жақындай түседі. Бұл деген – ендігі жердегі жаңғыру халық қолымен жүзеге асады

деген сөз. Алайда біз жасанды интеллект заманында өмір сүріп жатырмыз. Ендеше, біз ЖИ атты жүйріктің жалына жармаспай әлемдік аламанға ілесе алмаймыз. Ендеше, жастарымыз мектеп қабырғасынан, тіпті балабақшадан бастап, ЖИ жүйріктің құлағында ойнай бастағаны дұрыс. Сонда ғана ғаламдық бәсекеге қабілетті қазақ қалыптасады. Сонда ғана біз шаң қауып қалма, дүние-дүрмектің алдыңғы шебінде боламыз. Сонда ғана біздің болашағымыздың айдарынан жел еспек. Жолдау бізді осындай байрақты болашаққа шақырады.

Смағұл ЕЛУБАЙ,  
Қазақстанның халық жазушысы

## Ел сенімін күшейтті

Президенттің Жолдауы Торғай өңірі жұртының күпті көңілін сөйіліп, еңсесін тағы бір көтеріп тастады. Жасыратыны жоқ, соңғы кезде Торғай аймағын дамыту бойынша ел ішінде әртүрлі алып-қашпа әңгімелер гулей бастаған еді. Әсіресе Астанадан Аркалық, Торғай және Ырғыз арқылы Транскаспий халықаралық көлік дәлізіне шығатын автокөлік жолының құрылысы төңірегінде жергілікті тұрғындар қатты аландаған болатын. Ондағысы «жол аймақты айналып өте ме» деген еспе сөз. Бірақ Президентіміз мәртебелі мінбеден Торғай аймағына айрықша көңіл бөлу керегін ерекше, қадап айтты. Ел басшысы бұл жол өңірдің әлеуметтік-экономикалық



дамуын жақсартуға бағытталған көптеген шараларды қамтитындығын меңзеп отыр. Біле білсек, бұл жолдың ауылдағы ағайындардың тағдырына тікелей ықпалы бар. Төрт түлігін өсіріп, кәсібім – нәсібім деп ғұмыр кешкен ағайындардың жол салынса, тірлік тынысы серпілері анық. Малдың еті мен сүтінен бастап, тасымалдың арқасында барлық өнімдерін саудалап, ұқсатар еді. Шағын кәсіпорындарын заманауи технологиямен жабдықтап, өндірістің жаңа көкжиегі айқындалар еді. Барыс-келіс, алыс-беріс күрт күшейіп, ауылда жастар тұрақтап, ел-жұрттың шырайы ашылары сөзсіз. Бұл тұрғыда өңірдегі зиялы қауымның белсенділігі мен жанашырлығы, ел мүддесі үшін кам-қарекетіне ризамыз.

Жанұзақ АЯЗБЕКОВ,  
Қазақстан Жазушылар одағының Қостанай облысындағы өкілі

## Өзекті мәселелер көтерілді

Мемлекет басшысының биылғы Жолдауының экономикалық бағыт-бағдары басым болды. Қазақстан қанша жерден әлеуметтік мемлекет дегенімізбен, мемлекеттік ауқымда алғанда да, жеке адам тұрғысынан қарағанда да экономика – тұтастай елдің де, жеке адамның да тұрмыс-тіршілігін жақсартуға тікелей әсер ететін негізгі категория. Ал жасанды интеллект бүгіндері халықаралық деңгейде бәсекелестікке қабілеттілікті айқындайтын басты факторлардың біріне айналды. Сол себепті де Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев алдағы үш жылда Қазақстанды жасанды интеллект технологиясын жан-жақты меңгерген елге айналдыру міндетін қойып отыр.

Қазақстан экономикасының тұз көзірі – мұнай-газ саласы. Демек, геологиялық барлау жұмыстарын күшейту, бұл салаға халықаралық сарапшыларды тарта отырып, ғылымның соңғы жетістіктері мен жаңа технологияларды кеңінен қолдану мұнай-газ секторының әлеуетін арттырады анық. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы саласында өнім шығару мен терең өңдеу тізбегін тұрақты назарда ұстап, жүйелі жолға қою да еліміздің халық шаруашылығын жаңа деңгейге көтеріп, тіпті экспорттық

әлеуетін де арттырады кәміл.

Өз басым Президенттің кешегі Жолдауында тілге тиек болған отандық туризм тақырыбы да, яғни туристік инфрақұрылымды күрт күшейту де өте өзекті мәселенің бірі деп санаймын. Егер біз тездетіп отандық туризмді өркениетті рельске қоя алсақ, мемлекеттік бюджеттің бүйрегін бұлтитар бір күретамырды қалыптастырған болар едік. Су тұтыну мәдениетін мейілінше тезірек қалыптастыру да – біздің билік үшін де, халық үшін де кезек күттірмейтін ең көкейкесті шаруалардың бірі. Міне, осындай іргелі мұрат-мақсаттарға сапалы мемлекеттік қызмет және экономиканы ауқымды цифрландыру арқылы жете алатынымызды өз Жолдауында Мемлекет басшысы атап көрсетті.

Бауыржан ҒҰБАЙДУЛЛИН,  
Қазақстан Жазушылар одағының Батыс Қазақстан облысындағы өкілі



## Тың серпін беретіні сөзсіз

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын сырбойылықтар да аса бір ыждағатпен тыңдады. Жолдауда: «Қазір дүниежүзі жаңа тарихи дәуірге қадам басты. Бұл дәуірдің барша адамзат үшін оңай болмайтыны анық... Қазіргі заман бұлыңғыр, тұрақсыз болса да, біз бәріміз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуіріне қадам бастық. Менің негізгі мақсатым – осындай түрлі қатерге толы кезеңде еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету», – деген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өскелең ұрпақ бақытты, берекелі өмір сүруге тиіс екенін де баса айтып өтті.

Осы орайда, алда атқарылғалы тұрған 7 іргелі міндетке тоқталды. Осындағы бесінші міндет – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен су инфрақұрылымын жаңғырту тұрақты дамудың негізгі факторы екенін баса айтты. Бұл Сыр халқының да көптен көкейде жүрген мәселесі екенін өңір жұртшылығы жақсы біледі. Мемлекет басшысы: «Су мәселесін шешу – әлеуметтік тұрақтылықты сақтап, экономиканы дамытудың кепілі. Су – стратегиялық маңызы бар ресурс, сусыз өмір жоқ, сондықтан бұл сала ұлттық цифрлық жаңғыру жұмысындағы басты бағыттың бірі болуға тиіс», – деп қадап тапсырды.

«Былтырдан бері «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы жүзеге асып жатыр», – деген Мемлекет басшысының

сөзіне орай, Қызылорда облысы жұртшылығының осы салаға қосып отырған орасан еңбегін айту керек деп ойлаймын. Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың табанды талабының арқасында Сыр өңірі таза, жасыл өлкеге айналды десек болады.

2024 жылы аймақ басшысының қолдауымен облыстағы жеті ауданда заманауи «Руханият» орталықтары салынып, пайдалануға берілді.

Сондай-ақ қалада бой көтерген мың адамдық «Өнер орталығы» ерекше форматта салынып, халық игілігіне берілген, ашылу салтанатына Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі куә болған «Анаға тағзым» орталығы, «Отбасы» орталығы, «Облыстық тарихи-өлкетану музейі», «Музыкалық колледжі» оқу корпусы, «Оқушылар үйі», «Сыр жұлдыздары» инновациялық, шығармашылық академиясының ғимараттары көз қуантып, көңіл сүйсіндіреді.

Мемлекет басшысының биылғы Жолдауы сырбойылықтарға тың серпін беретіні сөзсіз.

Қаршыға ЕСІМСЕЙТОВА,  
Қазақстан Жазушылар одағының Қызылорда облысындағы өкілі



## Ендігі міндет – ғылымды, білімді, талантты жастарды қолдау

Президент Жолдауындағы жасанды интеллектті дамыту мәселесі еліміздің жаңа бағытын айқындады ғой деп ойлаймын. Біз мұнайға сүйенген шикізаттық экономикадан арылып, енді адам капиталына, ақыл-ой потенциалына арқа сүйеуіміз керек. ЖИ министрлігін құру, цифрлық кодексті қабылдау, smart-city жобалары – соның алғашқы қадамы.

Жалпы, алдыңғы қатарлы елдердің даму тарихына үңілсеңіз, бұл – дәлелдеуді аса қажет етпейтін дүние. Адам капиталына инвестиция жасалмаса, жасанды интеллектті дамыту тек сыртқы технологияларды дамыту деңгейінде қалып қоюы мүмкін. Президент атап өткендей, цифрландыру бұл тек цифрлық қызмет көрсету емес, ол – экономиканың барлық саласында

өнімділікті арттырып, жаңа құндылық қалыптастырудың жолы.

Менің ойымша, бұл қазіргі басты қауіптердің біріне айналып отырған дарынды жастардың сыртқа кету («утечка мозгов») процесін тоқтатар еді. Ендігі міндет – ғылымды, білімді, талантты жастарды қолдап, Отанымызды тек ресурспен емес, интеллектуалды әлеуетімен дамытатын мемлекетке айналдыру.

Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА,  
Қазақстан Жазушылар одағының Атырау облысындағы өкілі



8 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент отырысында «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына кезекті Жолдауын жасады. Мемлекет басшысы қоғам өміріндегі маңызды мәселелерді атап, Парламент пен Үкіметке тиісті мақсаттар жүктеді. Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының төрағасы, Ұлттық құрылтай мүшесі Мереке Құлкенов пен саясаткер Әміржан Қосан газетіміздегі дәстүрлі диалогында Президент Жолдауындағы басты тақырыптар төңірегінде ой қозғады.

**Әміржан ҚОСАН:** Мәке, осы жолғы Жолдауды Президенттің өз аузынан естіп қайттыңыз. Мемлекет басшысының сөзінен кейін депутаттармен, Үкімет мүшелерімен сөйлесіп, пікір алысқан боларсыз?

**Мереке ҚҰЛКЕНОВ:** Иә, Әміржан, үлкен залда Жолдауды ұйып тындадық. Бірақ Жолдау аяқталғаннан кейін ешкіммен пікір алысуға мұрша болмады. Өз-өзімнен қалың ойға баттым, бойымды уайым биледі. Халықпен бірге Жолдауды сен де тындадың ғой. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы бүгінгі таңдағы елдегі жағдаймен қоса, халықаралық ахуалға қандай керемет талдау жасады. Ол әлемдік деңгейдегі дипломат ретінде халықаралық қатынастағы шиеленістер мен озбырлықтарды, әлем экономикасындағы теңсіздіктер мен қайшылықтарды, Біріккен Ұлттар Ұйымының жалпыәлемдік проблемаларды шешуге келгендегі қауқарсыздығын терең білетінін тағы бір дәлелдеді.

Менің тәнті болатыным — Президентіміздің ұйқылы-ояу халқының ұйқысын шайдай ашуға бар күш-жігерін салуы. Ол: «Менің негізгі мақсатым — осындай түрлі қатерге толы кезеңде еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Өскекең ұрпақ бақытты, берекелі өмір сүруге тиіс. Сол үшін бәріміз бір ұлт болып, табанды еңбек етуіміз керек. Бұл — баршамызға ортақ өте маңызды жұмыс, аса жауапты азаматтық және ұлттық міндет. Жұмысымыз қаншалықты күрделі болса да, біз міндетті түрде табысқа жетуіміз керек. Басқа жол жоқ», — деп ашық айтты. Бұл ойлы сөздердің астарында Қазақстан халқының болашағына деген үлкен алаңдаушылық бар. Мен де қарапайым халықтың өкілі ретінде елде жасалып жатқан, тезірек іске асуға тиіс реформаларға қатты алаңдаймын. Өйткені сол тамаша идеяларды іске асырушылар (түрлі министрліктер мен ведомстволар) халықпен пікірлеспейді, елдегі ахуалмен санаспайды. Кабинеттерінде саусағын сорып отырып, әлдебір елдердегі орындалып жатқан істерді көшіріп алып, бізге бағдарлама етіп ұсырудан әрі аспайды. Біздің шаруашылық пен экономикада тұралап қалуымыздың басты себебі осында. Елдегі іске асқалы жатқан реформаларға халықты араластырмай, олардың пікірімен санаспай біз ештеңеге қол жеткізе алмаймыз.

### Кәсіпкерлік кең қанат жайсын десек...


**Мереке ҚҰЛКЕНОВ:** Президент: «Екі миллионнан астам шағын бизнес субъектісінің ішінде өнім өндіретін кәсіпкерлер саны алты пайызға да жетпейтіні

жасырын емес. Орта бизнесте бұл көрсеткіш жоғарырақ болғанымен, бәрібір көңіл көншітпейді», — деді. Мемлекет басшысы жағдайды шұғыл түзеуді тапсырып, өз ұсыныстарын айтты.

## Жасанды интеллект

Өз басым шағын бизнес пен орта бизнеске келгенде, жаным ауыратынын жасыра алмаймын. Ашығын айтайын, шағын және орта бизнесті дамытуда Үкімет айқын жол таба алмай отыр. Президент дұрыс айтады, шағын бизнес субъектісінің ішінде өнім өндіретін кәсіпкерлерге Үкімет тарапынан нақты қолдау көрсетілмейді. Үкімет бөлетін субсидиялар ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетуде. Айталық, әнебір жылдары шағын және орта бизнестің дені, шын мәнінде, қолында билігі, қалтасында ақшасы барлардың қолына өтіп кетті, әлі де солай. Өйткені Үкімет қарапайым халық белсене қатыса алатын бағдарлама жасай алмады. Иә, қазір қазақ даласында үйір-үйір жылқы, басқа да мал көп кездеседі. Әрине, олардың иесі қарапайым халық емес, қазіргі тілмен айтқанда, бизнесмендер мен банкирлер немесе мұнайшылар мен басқа да кен орындарының иелері. Бұл қарқынмен шағын және орта бизнесті дамыта алмаймыз. Бізге халықтың жағдайын жасайтын мүлде жаңа бағдарламалар керек. Ауылдағы жеке кәсіпкерлердің үлкен бір мәселесі — өз өнімдерін ешқайда өткізе алмайды. Сол өнімдерді қабылдайтын шағын зауыттар, яки өнімді әрі қарай халық игілігіне асыратын арнайы орындар ашу соншалықты қиын шаруа емес қой?! Жастарды ауылға жіберіп, шағын кәсібіне жағдай жасауға бола ма? Әрине, бірақ оған жағдай жасауы тиіс ведомстволар әзірге дәрменсіз. Егер кәсіппен айналысамын деген қарапайым халыққа, әсіресе жастарға жағдай жасалса, қазақ ауылы көркейіп, гүлденер еді деп ойлаймын. Өйткені сенің қайда тұрып жатқаның бүгінгі таңда маңызды емес. Маңыздысы — кәсібің жолға қойылып, жағдайыңның жақсаруы. Жағдайы бар адамның арқайын өмір сүруіне, басқаша айтқанда, кезекті демалысында саяхаттауына, дем алуына әлемнің есігі ашық.

**Әміржан ҚОСАН:** Сонымен бірге кәсіпкерлікті дамытудың бір жолы банктен несие алып, тірлік жасау екені белгілі. Алайда біздің банктер соған құлықты емес сияқты, олар көбінесе тұтынушылық қарыз беріп, қаржыларын еселеуге мүмкіндік беретін оп-онай жол тауып алған. Бір байқағаным, өткен Жолдауында президент «Банктер туралы» заң жобасын әзірлеу-



ді тапсырған-ды. Үкімет ол шаруаны ұмытқандай. Енді, сол тапсырмасын Мемлекет басшысы өзі жолы тағы да қайталады. Мұны өз басым саботаж деп санаймын! Президент тапсырмасының дер кезінде орындалмай, заң жобасының әлі де әзірленбеуіне елдегі банктік, олигархтық лоббилер мен солардың сойылын соққан шенеуніктер (ішінде депутаттар да болуы мүмкін) кінәлі! Олар жауапқа тартылуға тиіс. Банктердің бетін нақты экономикаға қарай бұрмай, жағдай түзелмейді! Оны Президенттің өзі айтып отыр емес пе?!

Сонымен бірге бізде отандық бизнес тікелей араласа алатын мемлекет қаржыландыратын бағдарламалар мен жобалар, мемлекеттік сатып алу механизмі бар. Бұл мақсатқа жыл сайын қоржы бөлінеді. Өкінішке қарай, осы салада да баяғы жартас, бір жартас: тамыр-таныстық, жемқорлық, жеке топтардың сойылын соғу етек жайған. Оның өзі адал кәсіпкерлердің жана, әділетті Қазақстанға деген шынайы сенімін арттыра қоймайтыны түсінікті.

Кәсіпкерлікті дамытудың тағы бір жолы бар. Президенттің айтуынша, Бас прокуратураның Заңсыз активтерді қайтару жөніндегі комитеті осы уақыт ішінде қазынаға 850 миллиард теңгеге жуық қаржы қайтарған көрінеді. Өз басым кезінде түйені түгімен, биені жүгімен жұтқан ескіқазақстандық жемқорлардың халық қазынасынан жымқырып, сыртқа шығарып үлгерген қаржысы мен активтері одан анағұрлым көп деп санаймын! Сол себепті осы маңызды жұмысты тоқтатпай, жалғастыра беру керек. Содан түскен қаржыны жеңілдіктермен шағын және орта бизнеске беруге болар еді. Әлде билік ішінде, оның маңайында жүрген ескіқазақстандықтар осы жұмысқа кедергі болып отыр ма, қалай?

### Жасанды интеллект және зиялы қауым

**Мереке ҚҰЛКЕНОВ:** Президент жасанды интеллекттің (ЖИ) маңызын айта келіп: «Сондықтан мен алдымызға өте маңызды стратегиялық мақсат қойдым. Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек. Біз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу арқылы экономиканы жаңғыр-

туымыз қажет. Ол үшін, ең алдымен, Цифрлық кодексті тезірек қабылдаған жөн», — деді.

Иә, Президенттің бұл пікірін толық қолдаймын және өз тарапымнан цифрлық ел болуға белсене үлес қосуға барымды саламын. Алла жазса, үш жылдың ішінде еліміз жаңа деңгейге көтерілгелі тұр. Мен енді құрылғалы отырған Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігіне көп үміт артамын. Бұл жаңа құрылым, ең алдымен, сонына бұқара халықты ерте алса, құба-құп болар еді және қарапайым халықтың бұл әлемдік жаңалықты бірден қабылдап, тез меңгеріп кетуін қалар едім.

Қазір бүкіл әлем жаппай цифрландыру және ЖИ технологиясын іске асыруға белсене кірісіп кетті. Айталық, Франция 2024 жылы Жасанды интеллект министрі бекітіп, ЖИ қауіпсіздігі мен бағалау институтын іске қосты. 2025 жылы Канада мемлекеті де арнайы Жасанды интеллект министрлігін құрды. Бұл шешім арқылы ел цифрлық инновациялар мен этиканы тікелей үкімет деңгейінде үйлестіруді көздеп отыр. Тайваньда Цифрлық істер министрлігін құрып, ЖИ-ді демократиялық процестерге бейімдеуде. Испания мемлекеттік хатшылық деңгейінде ЖИ саясатын жүргізсе, Сауд Арабиясы SDAIA атты супер-орган арқылы ұлттық ЖИ стратегиясын іске асыруда.

Бұл мәселеде біз де қарап жатқан жоқпыз. Цифрлық даму министрлігі бес жыл ішінде 1 млн азаматқа ЖИ дағдыларын үйретпекші. Ведомство басшысы Жаслан Мәдиев осындай уәде берді. Сөзінше, оқушылар мен студенттер үшін TUMO, Tomorrow School, AI Sana және AI OLYMP бағдарламалары, сондай-ақ Day of AI бастамасы енгізіліп жатыр. Мемлекеттік қызметшілер үшін AI Qyzmet бағдарламасы жұмыс істейді, квазимемлекеттік секторда AI Sorogate іске қосылады. Ал ауқымды аудитория үшін Tech Orda, Qazqoders және Yandex курстарын қоса алғанда, онлайн-курстар мен акселерациялық бағдарламалар қолжетімді. Халықаралық Alem.ai ЖИ орталығы қазан айында ашылады деп күтіліп отыр. Иә, біршама жаңа жұмыстар қолға алынуда, біздің тілегіміз, нәтижесі халық игілігіне айналса екен.

**Әміржан ҚОСАН:** Байқасаңыз, білім

алу ісінде қоғам санасында белгілі бір психологиялық өзгерістер орын алуда. Біріншіден, несін жасырайық, бұрын жоғары білім туралы диплом сатып алып, әртүрлі қитұрқы жолдармен мансап құруға болатын еді. Бүгінде мемлекеттік қызметте де, бизнесте де кадрларға қойылар талаптар өзгерді, оның үстіне нарықтың бәсеке жағдайында кез келген басшы өз мекемесіне, шын мәнінде, білімді де білікті маманды тартқысы келеді. Жалған дипломдардың заманы келмеске кетіп барады. Оны мен бүгінгі жастардың көзқарасы мен амбициясынан анық сезіп отырмын. Екіншіден, бұрын «балам әкім, сот, прокурор болсын» деген тоғышарлық психология өзгеріп, ата-аналар балаларының нақты кәсіп-

Қазақстан экономикасы, соның ішінде қаржы, валюта, энергетика, азық-түлік қауіпсіздігі көрші Ресейге тіреліп қалады. Өз басым дәл осы цифрландыру мен ЖИ-ландыруды сол тәуелділіктен құтылудың ең тиімді жолы деп білемін, өйткені бұл үрдіс еларалық экономикалық бәсекені жаһандық деңгейге көтереді. Бұған қоса, осы заманауи бағыттар бойынша біз Ресейден көш ілгері келеміз. Президенттің де дйттеген ойы осы ма деп қалдым.

Десек те, ЖИ-ді абсолюттендіруге қарсымын. Түсіне білсек, ЖИ – қоғамдық өмірді ұйымдастыруда адам қолданатын құрал ғана. Оның мемлекеттің және жеке адамның қауіпсіздігіне келтіретін залалы туралы әңгіме әлі алда. ЖИ-дің ұсыныстары мен шешімдері

– құрметке лайық жұмыс. Сондықтан мәдениет қайраткерлеріне қажетті қолдауды көрсетеміз. Бірақ олар жаңа заманның талабына бейімделіп жұмыс істеуі керек», – деп атап көрсетті. Осы орайда Қазақстан өнері мен әдебиеті әлемдік деңгейде басқалардың алдында болуы керек деп ойлаймын. Сондықтан қазақ әдебиетін бүкіл әлем оқырмандарына жеткізіп, таныстырудың жаңа бағдарламасын жасауымыз керек. Ең басты мақсат – қазақ әдебиетін басқа тілдерге аударуды жүйелі жолға қою. Бұл ойымызды Президент қолдады деп ойлаймын. Сонымен қатар 2023 жылдан бері Қасым-Жомарт Кемелұлының тікелей қолдауымен Қазақстан Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Қазақстан Жазушылар одағының стратегиялық әріптестігі аясында «Жазушылардың әдеби шеберлік мектебі» жүзеге асуда. Осы бағдар-

рықша екенін ескерсек, оны талқылауға бір жыл уақыт керек деп ойлаймын. Содан кейін, яғни 2027 жылы жалпыұлттық референдум өткізуге болар еді. Содан соң Конституцияға тиісті өзгеріс енгізе аламыз», – деп түйіндеді ол.

Мен Президентіміздің барлық жарқын реформаларын қолдайтын адам ретінде айтарым: парламенттік реформа туралы айтқандарының бәріне қосыламын. Бұл толғағы жеткен аса маңызды мәселеге халық та бірауыздан белсене қатысады. Осы орайда менің де саған сұрағым бар.

Өздерін демократ санайтын талай ұйымдар мен тұлғалар болып, бір палаталы Парламент туралы сөз қозғап, «Сенатты тарату керек» деп біраздан бері айтып келдіңдер. Президенттің осы бастамасына енді не дейсіңдер? Ол кісі сендердің алдарыңды орап кеткен сияқты...

**Әміржан ҚОСАН:** Иә, мойындау керек, ескі Қазақстан тұсында демократиялық оппозиция ұрандатып келген бірқатар бастама жаңа Қазақстан тұсында жүзеге аса бастағаны рас.

Біз де о бастан, сонау 1998 жылдан «бізге революциялық емес, эволюциялық өзгерістер керек» деп келдік. Сол үшін бәрін бір күнде қырып-жойып тастағысы келген радикалдардан таяқ жедік те.

Сенаттың кезінде ескі билікке «саяси сүзгі» ретінде қажет болғанын баршамыз білеміз, яғни аяқ астынан Мәжілісте билікке жақпайтын заң жобасы әзірленсе, Сенат соның бәрін «ретке келтіріп» отыратын құқыққа ие болды. Несін айтайық, Сенат та осы жылдар бойына сол функцияны мінсіз атқарып келді. Жаңа Қазақстан тұсында да Сенат осы дағдысынан айнымады десек болады. Ол орган қоғам өміріндегі маңызды мәселелер бойынша құқықтық бастамалар көтере қоймады, тарихта ол үнсіз де саяси жағынан селкос құрылым ретінде қалды десек болады, бір сөзбен айтқанда, Сенат жаңа Қазақстан тұсында ескі Қазақстан үрдісімен жұмыс атқарды. Егер де ол заман талаптарына сай қызмет атқарса, Президент бір палаталы Парламент туралы әңгіме қозғар ма еді?

Десек те, Сенатта өңірлердің өкілдігі сақталатын, яғни әр облыстан екі сенатор сайланатын. Ендігі жерде бір палаталы Парламентте осы жағын ескеру керек, бәлкім, ол үшін партиялық тізімдерге сондай, өңірлік талап қою керек болар. Сонда Парламенттің республика аймақтарымен жанды байланысы үзілмейді.

**Мереке ҚҰЛКЕНОВ:** Президентіміздің «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы терең ойлылығымен, жаңа реформалар жасаудың жолдарын талдауымен ерекшеленеді. Сонымен қатар Президентіміздің халықтың әл-ауқатын арттыру жолындағы келелі идеялары, жастарды қолдаудың жолдарын нұсқауы, сондай-ақ цифрландыру дәуіріндегі мәдениетімізді дамытудың жай-күйіне тоқталуы халықтың көкейінен шықса керек. Ендігі біздің, қарапайым халықтың қасиетті борышы – алда жасалатын реформалардың ойдағыдай орындалуына белсене қатысып, бәрімізге ортақ маңызды істі тезірек жүзеге асыру.

# Жасампаздық ЖОЛЫ БОЛҒАЙ

ке, соның ішінде, экономиканың әр саласындағы техникалық мамандықтарға бет бұрғанын қалай бастады. Оған мемлекетіміздің саясаты да сай келіп отыр. Бұл әңгіменің «бюджеттік» сипаты да бар: шенеуніктер мен соттар бюджеттен қаржы есебінен күн көрсе, нақты істі меңгерген маман қазынаға салық арқылы қаржы құйып, ел экономикасын дамытады.

**Мереке ҚҰЛКЕНОВ:** Мен нақты ғылымда ЖИ-дің орны бөлек болады деп санаймын. Өмірдің қай саласына да ЖИ-дің еркін енетініне күмән жоқ. Айталық, геологиялық барлау жұмыстарын күшейтіп, жер қойнауына қатысты мәліметтің бәрін, ең алдымен, ЖИ-ді енгізу арқылы жүйелеп, цифрландыруға болатыны сөзсіз. Сондай-ақ ауыл шаруашылығын дамытуға да ЖИ көп көмегін тигізеді. Өйткені бұл – барлық салада адамзаттың жасампаз ойы мен идеяларын жүзеге асырудағы қазіргі заман туғызып отырған үлкен жаңалық. Алайда ЖИ, ең алдымен, адамға қызмет етуі керек.

**Әміржан ҚОСАН:** Иә, ЖИ терминін Мемлекет басшысы өз Жолдауында қырық рет атады деп жатыр ерінбей санап шыққандар. «Президент өз маңайындағы шенділердің интеллектісіне көңілі толмаған соң, жасанды интеллектіге жүгінуге мәжбүр болды» десем, тым арзан қалжың боп кете ме, қалай, Мәке?

**Мереке ҚҰЛКЕНОВ:** Солай болар, Президентіміздің бұл бастамасының себебі тереңде жатса керек...

**Әміржан ҚОСАН:** Өз басым ЖИ-дің жан-жақты қолданылуының жабық жағдайда жаны кіретін жемқорлыққа қарсы күреске өз үлесін қосатынына қуанамын. Өйткені ЖИ пайдаланатын мәліметтер мейлінше жария, ашық түрде болады. Мәселен, біздегі жемқорлық сипатында, жасырын өтетін конкурстық, тендерлік шараларға енді мықты цифрлық тосқауыл қойылатын болар.

Геосаяси тұрғыдан алғанда ЖИ-дің тағы бір маңызды астары бар деп ойлаймын. Мәселен, бүгінде объективті және субъективті себептермен

адамдар толтыратын ақпаратқа негізделетінін ескерсек, бәзбіреулер ЖИ-дің өне бойын әдейі біржақты, жалған мәліметтермен толтырса ше? Онда ЖИ-дің соның бәрін жинақтап, соған негізделіп, түйер түйіні де теріс боп шығады емес пе?!

Осы орайда Жазушылар одағының төрағасы ретінде сізге бір сұрақ қойсам деймін. ЖИ жаһанды жаулап, болмысты билейтін түрі бар. Керек десеніз, кітап та жазып тастайды екен. Олай болса, көз майын тауысып, жазу үстелінен бас алмай, көркем шығарма жазатын қаламгерлердің бәсекелесі боп кетпей ме? Авторлық құқық деген тағы бар емес пе?..

**Мереке ҚҰЛКЕНОВ:** Иә, Әміржан, дұрыс айтасың. Біз екеуміз сұхбаттасып отырғанда, әлемде ЖИ таңғаларлық жаңалықтар жасап жатыр. Байқамаса, ЖИ өте қауіпті. Егер ол адамның сана-сезімін толық игерсе, әлем рухани апатқа ұшырауы мүмкін.

Мен оны неге айтып отырмын?! Иә, ЖИ қоғамның космостық жылдамдықпен қарыштап өсуіне көп көмектеседі. Дей тұрғанмен, адамның ойлау қабілетіне, талантына, сезімі мен түсінігіне араласуына жол беруге болмайды. Иә, дәл қазір ЖИ біздің ойлау мүмкіндігімізбен қабаттаса бастады. Бірақ ол адамның жан дүниесіне нұқсан келтіре алмайтынына сенімдімін. Адам баласы ЖИ-ді өзіне көмекші ретінде пайдаланса ғана мақсатына жетпек. Міне, осы жерде қан-сөлі жоқ жасанды шығармалардың, басқаша айтқанда, халтураның өркендеп кету қаупі бар. Зиялы қауымның алдында тұрған аса жауапты міндет – ЖИ-дің жетегінде кетпеу.

Осы маңызды мәселе тұрғысында жалпы өнер адамдарының алдында үлкен жауапкершілік тұр. Президент «Келесі мәселе. Бұл – жасанды интеллекті дәуіріндегі мәдениет пен өнердің дамуы. Осы салаға бұрынғыдай айрықша мән береміз, тиісті инфрақұрылымды саламыз және қажет болса жөндеуден өткізіп, қалпына келтіреміз. Өнер адамдары еліміздің мәдениетін, салт-дәстүрін шетелге паш етіп жатыр. Бұл

лама бойынша Қазақстанның барлық облысы мен үш қаласынан жиырма жас жазушы он күндік семинарға қатысып, өздерінің білімін жетілдіреді. Мен осы аз күндік семинарды бір жылдық әдеби курсқа айналдыруды ойлап жүрмін. Бізде талантты жас қаламгерлер өте көп, Қазақстан сияқты іргелі елге әдеби курс немесе Әдебиет институты керек-ақ.

Сонымен қатар 2019 жылы Астана қаласында өткен Азия елдері қаламгерлерінің алғашқы форумында «Ұлт әдебиеті: бүгін және ертең» деген тақырыпта сөйлеген сөзінде Қасым-Жомарт Тоқаев: «Азия қаламгерлері форумы шығармашылық қауымның маңызды диалог алаңына айналуы керек. Бұл маңызды шара Азия елдерінде тұрақты түрде өтуі қажет деп санаймын. Адамзатты толғандырған күрделі мәселелер дәл осындай алаңдарда ортаға салынуы тиіс. Азияны бүкіләлемдік рухани даму орталығы ретінде дамыту айрықша маңызды. Сондықтан әдеби үрдістерді жаңғырту үшін жағдай жасау – басты міндеттердің бірі. Осы мақсатта «Азия алыбы» халықаралық әдеби сыйлығын тағайындаған жөн», – деп еді. Менінше, Президенттің осы бір жарқын идеясын жүзеге асыру – кезек күттірмейтін мәселе. Азия елдері қаламгерлерінің II форумын өткізетін де уақыт жетті.

## «Сенат түр, мен атайын» боп жатыр ма?

**Мереке ҚҰЛКЕНОВ:** Халыққа Жолдауында Президент аса маңызды саяси реформаны күн тәртібіне қойды.

Ол: «Елімізде парламенттік реформа мәселесі кемінде жиырма жылдан астам уақыт бойы айтылып келеді. Осы мәселе ашық та, жабық та талқыланып жүргені ешкімге құпия емес. Бұл тақырып әлі күнге дейін өзекті болып отыр. Сондықтан мемлекеттік жүйе дамып, азаматтарымыздың саяси мәдениеті өсіп келе жатқанын ескере отырып, бұл мәселені халықтың талқысына салу айрықша маңызды деп санаймын», – деп бір палаталы Парламент құру бастамасын көтерді. «Реформаның мән-маңызы ай-

(Басы 1-бетте)

Біз ол кісіні әлі жақсы көреміз. Әдетте «неге жақсы көресің?» деген сұрақ болмайды. Бұл сауалға қанша ақылды, қанша сезімтал жауап бердім дегенмен, сөзіңіз жасанды естіледі. «Жақсы көремін» — адамзат адамзат болғалы тауып айтылған тәуір сөздің бірі.

Оның суретін сөзбен салу — әрі оңай, әрі қиын. Бір сөзбен айтсақ — Тоқаң бұрыл шашты, өткір көзді, қаршығадай қара шал болатын. Ол тұрықтас кісілерді, әдетте, аласа бойлы дейді. Бірақ оны аласа деу қалай болар екен? Біз үшін ешкім Тоқаңнан биік емес еді, Тоқаңнан ұзындар көп еді десеніз сөз басқа. Ақынның шын бейнесін танытатын фотосуретін өз басым әлі кездестіргем жоқ. Қанша суретін көрдім, әйтеуір бірдеңе жетпейді. Ол суретке түскенді жақтырмайтын («Рәсімге тартылу («суретке түсу» дегені — Е.Р.), теледидарға түсу, аң ату, машина жүргізу — көкең мұның бәрінен махрұм қаған, шырақ»). «Қалған» емес, «қаған» дейтін. Сөйлеу ерекшелігі туралы біз алда айтамыз. Оның сыры бар.

Алға қарай жыға тарайтын шашы екі шекелігін жаба келіп, маңдайына жетпей бір тегіс қысқа қайрылатын. Біздер оны кейде «кекілді жал» деуші едік. Мұнысы, әсте өзі тәрбиеленген жетімханалардан, одан бергі жерде жат боп жілігі толмастан әскерге алынғанын ескерсек, қатаң да қатал соғыс жылдарынан қалған әдет болса керек. Көкеміздің кекілі 70-жылдардағы иық жапқан ұзын шаш, дудар шаш, ұйпа-тұйпа шуда шаш, тарам-тарам өрме шаш ақын-жазушылардың арасында ескілеу сән көрінгенмен, тап-тұйнақтап жып-жинақы қалпымен ерекшеленіп тұратын.

Жалпы, ол өзі ерекше адам еді. Алғаш көргенде мен оны акробат немесе цирк ойыншысы болар деп ойламам. Құдай тағала әуел баста Тоқаңның бойын оймен өлшеп, кейін соған мөлшерлеп таспа қара сіңір тартып, басқа мүшелерін осы сіңірге әкеліп рет-ретімен қондырған секілді. Анау қазықтай тіп-тік аяқтар, қысқа көрінгенмен бұлшық еттері терсініп тұратын екі қолы сол кепсінен бұлшық еттерді көктей өтіп шынтақтан төмен қарай көк білемдене кетеріліп, туу саусақтарына жеткенше айбынын бұзбайтын адырайған тамырлары, тіп-тік кеудесі, не шот емес, не ошақ емес артық-кемі жоқ жұп-жұмыр бойы — бәрі-бәрі егер сіңір болмаса, ет пен сүйекке көнбейтіндей, қонбайтындай, жараспайтындай жапсырғанмен жымдаса кетуі қикар, қикарына қыңыр тұлғаны сомдаған ерек бір бітім қарайтын. Мұндай адамдар, әдетте таңағой, жинақы, ширақ

Жоқ, ол сәнқойлықтан бұрын, жасандылықты ұнатпайтын. Өлендегі сияқты.

Өлең демекші... Тоқаң өмір бақи өз ісімен ғана айналысып өткен ақын. Мұндай бақыт кешегі Кеңес дәуірінде екінші біріне бұйырған жоқ. Енді ес біліп, етек жаптық па дегенде, қос бүйірден қыса келген нарыққа тап болған біздің ешқайсымызға бұйырмауы да мүмкін. Қайтеміз, бұрынғы шалдар айтпақшы, маңдайға жазылғанын көреміз-дағы. Үкіметтің жұмысына жегілмей, Жазушылар одағындағы айтыс-тартыстарға араласпай, қоғамдық жұмыстардан да аулақ, ақын жүрегі, патша көңілі қалаған жалғыз кәсіп — өлең жазумен ғана өмірі өткен көкеміз өлең туралы аз айтатын, тіпті айтпайтын деуге болады. Өз шығармалары туралы әрегідік жарияланып жататын рецензияларды, ірілі-ұсақты мақалаларды да оқымайтын («Бәрібір, сыншылар өленді түсінбейді»).

Ол қазақ әдеби сыны үшін сол жұмбақ күйінде өмірден өтті.

Өлең туралы әңгімеден қашса да, біз сөз арнасын қаумалап келіп, қайта-қайта поэзияға бұратын едік. «Өтірік!» — дейтін ондайда шорт кесіп ол. «Көке, не өтірік?» «Бәрі өтірік, пәдеріне нәлет!» Тып-тыныш көлдің күтпеген жерден ойпаң-тойпаң боп тулай жөнелетіні секілді көкеміздің мұндай құбылғыш мінезіне әбден сырлесте болған біз үндемейтінбіз. Арада ширек ғасырға жуық уақыт өтіпті. Сол кездегі сарнауық балапан біздер қырықтың қырқасына шығып барамыз. Байқап отырсақ, сол алқалы жиынның ортасына аспаннан зулап келіп жүрс ете түскен жай тасындай әсер ететін жалғыз ауыз «Өтірік!» деген сөзді біз де айта бастаппыз. Зулаған жылдар-ай!..

Тоқаң туралы аз жазылған жоқ. Өзінің ақындық лабораториясында жазған «Ойлы өлең, тойлы өлең» деген мақаласы да бар. Бұл мақала кейін «Шынар» деген атпен шыққан кітабына алғы сөз ретінде «Ақын өлеңі — өз мінезі...» деген атпен жарияланды («Жазушы» баспасы, 1985 жыл).

«Ми қыртысына түбегейлі орныққан дені таза ойдың ұрық-дәндері шірімейді, өсіп-өнеді, мерзімді кезені жеткен кезде, еріксіз өзі-ақ уылжып піскен алмадай топылдап, қағаз бетіне түседі. Бұл табиғи нәрсе», — деп жазады ол осы мақаласында.

Бәлкім, Тоқаңды ойдың ақыны деген пікір осындай әңгімелерден кейін қалыптасқан болуы керек. Өленде ой айтудың классикалық үлгісі ретінде Абайдан бері қарай Қадыр Мырзалиевке дейінгі аралықта талай ақынның есімін тізуге болады. Ойшыл ақындар кейінгі жастардың арасында да аз емес.

Неге-дүр өз басым Тоқаң поэзиясының

## Ақын туралы лебіздер мен естеліктер

«...Және, Мәлік, сіз жеке жолдарын сынағанмен, әңгіме желісін де қабылдамағаныңызбен, мен өзім тың табыс деп жас Тоқаптың жаңа поэмасы «Мен өмір сүремінді» айтар ем.

...Әңгіме ұлттық дәстүрді, ақындық түрді бар элементі жағынан байыта, дамыта айтуда.

Образ іздену жөнінде батылдық керек. Жолдас Мәлік, бұл жөнінде сіздің Тоқаш Бердияровтың поэмасына жалпы берген бағаңыз мен үшін түгелімен даулы. Сіздің сыныңыз бұл жөнінде әділ емес. Әсіресе оның «темір ми» деген теңеуінен үркіңіз және де жол емес. Достарыңыз прозаның өзінде «Қарамазовтың арының маңдайы жез еді» дейді. Ардың маңдайы боп, оның жез болғанын неше атадан көріп ек? Образ жөніндегі және түр тұсындағы ізденулерге соққанда, тегі, біздің сыншылар, әсіресе әдебиет сабағын жүргізетін оқытушыларымыз үйреншіктіден басқаны жатырқағыш мінезді аз қолдану керек. Орыс әдебиет сыны көлемінде ондайды «академизм» деп айтады.

Мұхтар ӘУЕЗОВ

# КӨКЕ

*Айырылып бояуынан сәуір гүлі,  
Жастықтың ғайып болар тәуір күні.  
Қартайғанда ақ таяқ — үшінші аяқ,  
Сақалдың белге түсер ауырлығы.*

Бұл такылеттес өлеңдер Тоқаңда өте көп. Мұны аз десеніз, атакты «Оқ пен гүл» поэмасы тағы бар. Оқушыны ой орманына жетелейтін «Ескі паровоз» дастаны кезінде жақсы бағаланды.

Майдандас досы, қазақтың арындай боп өмірден өткен Жұбан аға Молдағалиевке арнаған «Монолог» деген өлеңінде ақын өзі не деді?

*Менің басым жер шарындай  
жұп-жұмыр,  
Жер шарымен тұрқы бір.  
Ойлар — сарбаз күнде айқас ашады,  
Қарсы тұрып бір пікірмен бір пікір.*

*...тіреседі бір пікір мен бір пікір,  
(Заңды іс қой, бұл тіпті).  
Екі көзім шықпасын деп дуэльге,  
Ортасына мұрын шіркін бітіпті.  
Өміріме ризамын,  
Өмірімнен азын-аулақ сый алдым.  
Миларымның көшесімен сан тарау,  
Зымырайды эшелоны қиялдың.*

*...Өтемің мен думаны мол өмірден,  
Қабағымды бір шытпай.  
Қапелімде кетсе мүлгін Жер шары,  
Тіршілік боп айналамын ұрышқытай...*

Нағыз ақын осылай ойлауға тиіс. Тіп-титтей жасандылығы жоқ сезім оқушыны еріксіз баулайды. Шынын айтсақ, ойға құрылған өлеңдердің қалың нуы бастапқы күдікті сейілтсе керек еді. Мұны да мойындамасақ, бесіктен белі шықпай жатып жетім қалып, 30-жылдардың басында Ташкенттегі балалар үйінде тәрбиеленген (бір кереметі, Тоқаң «жетім өсіп едім», «мен жетіммін ғой» деген сияқты өзіне аяныш шақыратын жылауық өлеңдер жазған емес. Мүмкін жетімдігін айтып зарлау — ер адамға жараспайтынын, мұның өзі түптің түбінде жиіркенішті қылыққа айналатынын білгендіктен шығар), қанқұйлы соғыстың қан ортасында бозбала дәуренін, жастық шағын өткізген ақынға ойлылықты қимау әбестік те болар. Дегенмен о бастан мен Тоқаңның ерекшелігін өзге тұстан іздеуге құлықты болдым.

Көркемдік — өлеңнің ажырамас бөлшегі. Қаймағы бұзылмаған қазақ ауылында өскен Тоқаң тән айрықша қасиет ойды образға орап беру шеберлігінен көрінсе ше? Әбден мүмкін.

«Сәби шағымда, бәлкім, бесіктегі кезім болар, маған айрықша әсер еткен, — деп жазады өзі жоғарыда аты аталған мақаласында, — киіз үйдің түнлігінен

телмірген, тарыдай шашылған жылтырауық жұлдыздар еді. Дауыл қатты тұрған шақта, үй түнлігі желпілдеп, кереге, уықтар сықырлап, шаңырақ шайқалып, киіз үй үрейлі де, қызық та керемет бір күйге түсетін. Гуілдеген жел, күркіреген аспан, найзағайдың қызғылт оскан шимайы... бәрі-бәрі көз алдымда».

*Кеудем менің терезе,  
Ар жағында шам боп жанар жүрегім.  
Кеудем менің терезе,  
Алтын аймен қол ұстасып жүремің.*

*Кеудем менің терезе,  
О бастан-ақ күн нұрына ғашықпын.  
Кеудем менің терезе,  
Ілгем жоқ, кірер екен ашып кім?!*

Тоқаш Бердияров — табиғат суреттерін өлеңге көшіргенде шеберлігі кімді де болса таңғалдыратын ақын.

*— Шалқодедей жер бар ма,  
Жайлау бар ма Шибұттай,  
Хантәңірді көрдің бе,  
Аппақ қозықұйрықтай.*

*Айғайынан шопанның,  
Тау жаңғырып, деседі: «Ей».  
Киіз үйлер сайдағы,  
Төңкерілген кеседей.*

Мұндай мысалдарды жүздеп келтіруге болады. Егер Тоқаш Бердияров қазақ поэзиясының көркемдік ізденістері көкжиегін кеңітуге көп үлес қосты деген тұжырым жасалса, өзім қос қолымды көтеріп дауыс берер едім. Дей тұрғанмен, көңілде бір түйткіл қалатынын тағы жасыра алмаймын.

«Әңгіме көркемдікте емес, — дейді сол түйткіл, — әңгіме — басқада». Сол басқаны табу керек. Қалайда табу керек. Өлінің үрейі, тірінің мерейі үшін.

Кезінде марқұм академик-жазушымыз Ғабит Мүсірепов ақсақал Қазақстан Жазушылар одағының кезекті съезінде Тоқаш Бердияров поэзиясына ерекше тоқталып, оның көркемдік ізденістеріне тәнті болған. Қарға түскен танк іздерін нота мәтіндеріне ұқсатуына сүйсінген. Шынында, бұл тек нағыз ақын ғана таба алатын теңеу. Осы мақаланы Тоқаң ұнатпайтын. Онысы көрнеу көзге кергу емес, пандық та, нәндік те емес, шыны еді. «Талдай алмаған. Шалы түспегір тап баса алмаған» дегенін өз құлағыммен естігем.

Орыс ақыны Николай Заболоцкий «Өлеңді көтеріп тұратын үш кит бар. Олар: Ой — Образ — Әуезділік», — дейді. (Стихотворения держится на трех китах: «М — О — М. Мысль — Образ — Музыкальность»).

Осы формулаға салып қарасақ, Тоқаш Бердияров поэзиясын жас-кәрі, хан-қа-

«Тоқаш Бердияров шығармашылығының ерекшелігі неде?» дегенге енді оралып келсек, ол оның қазақ поэзиясының азаматтық тынысын өз тарапынан кеңейтіп, өрістетіп келе жатында. Оның ең үлкен тақырыбы — соғыс пен бейбітшілік. Ол жұрттай «Соғыс болмасын, тыныштық жасасын!» деп жалаң соқпай, әр уақыт соғыстың сой-қандығын жеке-жеке ақындық, көркемдік деталь штрихтармен өлең бойына драматизм туғызып, сондай-ақ бейбіт өмір детальдарына қарама-қарсы қою тәсілдермен екі тақырыпты қыздың шашындай шебер өріп жеткізе білгенде. Тоқаштың қайда оқып, білім алып мұншама шеберлікке жеткенін біле бермеймін. Бірақ ол қазақ өлеңінің ең мәдениетті, жоғары сападағы рухымен жазады. Ол сөзге өте үнемді. Сырттай қарадүрсіндеу, қатқылдау, сәл солақайлау көрінгенімен оның өлең жолдарының бәрі толған образ. Оның суреткерлік көзі өткір, ол құбылысты керемет жітілікпен көреді, ақындық оймен астарлайды. Жерде жорғалап бара жатқан жәндікке ботаникше, зоологше қарап, содан мән-мағына іздейді, аяқ астындағы нәрсені биікке көтеріп шығарады...

Ғафу ҚАЙЫРБЕКОВ

болады. Ол қашан көрсен де үстіне қылшық жуытпай, мұнтаздай таза жүретін, шалбарының қыры сынған емес. Жыл мезгілдеріне лайық киінетін. Алматыдан Келеске соңғы сапарға аттанарында басы-қасында болған ақын Аманхан Әлімов көкеміздің шифонерінен әлі киілмеген оншақты көйлек, оншақты бас киім, аяқ киімдерді өз қолымен жинапты. Сөйте тұра Тоқаң сәнқойлықты ұнатпайтын (бір жазушы туралы айтқаны: «Бетін қатықпен жуған қатын сықылды дәйіс, иісмайы бұрқырап шілі жүрегімді айнытады»).

ерекшелігі — ойшылдығы дегенге ә дегеннен-ақ күдікпен қарадым.

*Ей, ағайын, сен анықтап көріп ал,  
Бұл өмірдің ылданы бар, өрі бар.  
Дүниеге адам болып келген соң,  
Босағада нең бар сенің... төрін ал!*

\*\*\*

*Өмір жолы шатқалаң, қуысы мың,  
Білмеймін, бұл жалғанның туысы кім?  
Көбелек боп гүл сорған қызық күндер,  
Ішіне кетті сыйып ұсымының.*

\*\*\*

раға бірдей ұнайтын төрт аяғын тең басқан дүние деу қисынға келмейді. Мүмкін, шынында, «теп-тегіс жұмыр келсін айналасы» — өлеңге жүрмейтін заң болар. Неге, шынында өлең кемшіліксіз болуға керек. Өз басыма төрт шумақтан екі, не бір жол ұнаса — ол үлкен олжа. Өкінішке қарай, оқырман ретінде жыр сапарынан ылғи да олжалы оралмаймыз.

Бір ақиқат — Тоқаң деген ыстық ықылас әлі суыған жоқ. Жә, біз көз көрген көкеміздің аруағын сыйлағандықтан оқиық, ал кейінгі жастар ше? Бірде Ал-

парақтап отырып, көңіл күйім күрт түсіп, төлжігенім-ай іштей. Оның ерекшелігі — шынайылық. Орысшаға қотарсақ, искренность. Баяғыда Ғабен (Ғабит Мүсірепов) ақсақал қазақта «нравственность, порядочность» деген ұғымдардың неге дәл атауы, нақ баламасы жоқ деп сұрайтыны ойыма түсті. Неге біз өлеңдегі ойлылық, көркемдік, әуезділік, тапқырлық секілді қолдан келетін, шын киналса қалам ұстағанның бәрі де нобайы сұп-сұлу, жып-жылтыр қып жасап шығара алатын нәрселерге үңілеміз де, ең басты нәрсеге,



**Тоқаш Бердияров поэзиясы тұтастай алғанда мазмұн, идея жағынан ғана емес, түр-көркемдік тұрғысынан да жаңалықтың, ізденімпаздықтың үлгісін танытатын поэзия. Ақын өлеңдерінің көкейге қонымдылығының сыры — сезім шынайылығы мен ой тереңдігінде деп қараймыз. Ақын қандай құбылысты жырға қоспасын шамырқанып, ашынып, тебірене, толғана отырып жазады. Ол қарасөзге қалам тартқанда да осыны ұстанады. Міне, Тоқаш өнерінің осындай қасиеттері бізді әрқашан өзіне бас идіреді.**

Сағат ӘШІМБАЕВ

матыда шығатын бір газеттің тілшісі, өрімдей жас қыз, биссімілдан әңгімесін Тоқаң туралы бастағанда таңғалдым. «Апыр-ау, бұлдар Тоқаңды қайдан біледі», — дедім іштей. Үйге келе жатып, неге-дүр көкемнің көп айтатын «Өтірік! Бәрі өтірік, пәдеріне нәлет!» деген сөзі ойыма түссін.

Жылдар бойы іздеп жүретін бір шындықтар болады. Таба алмайсың. Таптым-ау, жеттім-ау дегенде тағы да сағым қуып сандалып қалғаныңды біліп, саныңды соғасың. Бір қарағанда құпия ештеңе жоқ секілді, бәрі де өзің көрген, өзің білген һәм білетін жайттар. Жұмбақ не бар? Әрі-беріден соң сол ізденісті жылы жауып тастап, ұмытқың келеді. Ұмыттым дегенмен бір бүйірден кадалған шаншу секілді кетпей тұрып алады. Құдай сәтін салған күн оған да қолың жетеді екен. «Інжілде» айтатын «озарение» дейтіні осы сәт болса керек. «Өтірік! Бәрі өтірік, пәдеріне нәлет», — дедім түн жамылып келе жатып. Айттым да қалт тұра қалдым. «Шынайылық!» — дедім күтпеген жерден, — ойбай-ау, ол шынайылық қой». Үйге есім кете қуанып келгенім есімде. Қуаныш эйфориясынан соң, көкемнің кітаптарын

қолдан жасалынбайтын, қолға қонбайтын қасиетті нәрсеге аса мән бермей келгенбіз? Өмірдегі өз бейненді өлеңнен жасырып қала алмайсың дегенді ғой жиі айтамыз. Қысқа ғұмырында (ақын жүзге келіп өтсе де, ерте кетті деген жөн) өтірікпен жаны қас, жасандылықты ата дұшпанындай көріп өткен Тоқаң поэзиясының ерекшелігін шындықтан, шынайылықтан іздеуге ақылымыз жетпеді ме, әлде әлгі қасиеттер өз бойымызда аз болған соң, өзімізде жоқты өзгеден іздеуге батылымыз, кісілігіміз жетпеді ме? Бізге жетпейтін не осы, Кісілік пе, әлде Кішілік пе?

Ертеректе атакты «Ескі паровоз» атты поэмасын өзі оқығаны еске түседі.

*Хат жазып отырмын жер үйде,  
Шамымыз — снаряд құтысы.  
Жер жырту керек қой,  
Жөндеуден шықты ма «ХТЗ».*

*Сағындым алқызыл белесті,  
Сағындым даланы жел ескен.  
Қалай?.. Төрешім ер жетіп қалды ма?  
Су әкеп тура ма Келестен, —* деген жолдарды оқығанда «Көке, «ХТЗ» деген не?» деп сұрағам. «ХТЗ»-ның

Әдебиетте өз жолы, өз үні бар, шын мәнінде, әрбір ақынның тек өзі ғана ұстап, өзі ғана тұтына алар құралдарымен жабдықталған творчестволық шеберханалары бар. Ол шеберханалардан шығар саз бен дыбыс та сан қырлы, әр қилы. Бірінен перне-пернені қуалап, ындыны құрып егілген саз, екіншісінен күркіреген күн мен шатырлаған найзағай дауысы, ал үшіншісінен сыбдыр қаққан жапырақ пен сылдырлап аққан бұлақ үні естіледі. Осынау сан қырлы, әр қилы саз бен дауысқа көміліп кетпей, солардың дәл ортасына орналасқан, өн бойынан қадап ұрған қашау мен балға шыңылы естіліп жатқан қарапайым ғана бір творчестволық шеберхана жұмыс істеп тұр. Ол — Тоқаш Бердияровтың шеберханасы. Шынында да, Тоқаш өлеңдеріндегі нығыздап, шегелеп сөйленер нақтылық, құлаққа қасаң емес, бірақ қаңа естілетін шымыр үн, сөз жоқ, қашау мен балға шыңылын еске түсіреді. Өмірдің барынша қарапайым, барынша «үйреншікті» көріністеріне арналған оның өлеңдері қарапайым, үйреншікті еңбек құралдарының үйін иемденуі де заңды болса керек. Сондықтан оның өлеңдері қара жерге жеті рет аунап алғандай қажырлы, қайратты. Сондықтан да оның өлеңдері үстінен тер мен топырақ иісі аңқып тұрған табиғи. Сондықтан ол биік сөздер мен романтикалық пафосты тілеп тұрған материалды әуелетіп ұшырып сөйлегеннен гөрі, жерге қондырып, жерге түсіріп сөйлегенді жақсы көреді. Оның өлеңдерінде романтика бола қалғанның өзінде, ол тіршіліктің қарапайым қасиеттерін «бойына сіңірген реальды жұмыскер романтика!

Темірхан МЕДЕТБЕК

трактор екенін білетінмін, бірақ жорта сұрадым. «Трактор!» деді көкем. «Ол қайда жүрген трактор, көке?» «Қайда жүргенің қалай? — дейді көкем, — ауылда жүрет тә». «Ауылда жүрсе жүрсін, өлеңде нағып жүр? Басқаша айтса не болар еді?» «Өтірік болады», — деді көкем тісін шықырлатып.

*— Ауылды жиі ойладым,  
Аман болсын амам баққан ақ ешкі...*

*Планетаның нағыз жауы —  
Фашистерді атқанда,  
Мылтығымыз болған жоқ-ты осечка!*

«Өмірбаян орнына» атты атакты өлеңдегі осы «осечканың» өлеңде нағып жүргенін, бұдан кейін, әлбетте, мен сұрамадым.

Өлеңде жасандылық болмауға керек.

Әдетте, Тоқаннның өлеңдеріндегі ұйқас тәртібі де жұртқа ұқсамайтын. Біз «түбірлі ұйқас», «тұтас ұйқас» дегендерді тауып, өлеңнің соңғы 2-3 буынын жымдастыруды місе тұтпай, қатар келетін төрт жолдың да ұйқасуына, (а-а-а-а) оны аз десеніз 4-5, кейде тіпті 5-6 буынды ұйқастар жасап және мұнымызды жаналыққа балап жар салып жүргенде, көкеміз а-б-в-б үлгісімен ұйқас жасайтын. Әдейі, қырсығып жасайтын шығар дейтінбіз. Олай емес екен. А-б-а-б немесе а-а-б-а үлгісіндегі ұйқастыру оның қолынан келетін. Жасыратын несі бар, кейде біз ұйқас үшін ойды құрбандыққа шалып, жаңылтпаштыққа, «тақ-тақтыққа» ұрынып жатамыз. Ал екібастан «тақ-тақтың» түбі «тақ-тұқ». Сөйтсек, көкеміз өлең құрылысында да жасандылықтан қашады екен.

*— Көнерген мүшені,  
Қалпына келтірмек қай ұста.  
Қащей боп кәрілік,  
Жігіт-қандармен түседі сайысқа.*

*Талмаурап, жүдә, ұзап барады-ау,  
Жақыннан естілген жайдары әуендер.  
Қартайған башайға —  
Үзеңгі әудемжер.*

Осы екі шумақты мен жазсам орыс ертегілеріндегі Кашейдің көзін құртып, қазақтың Өлмесханын алар едім. Буын сандарын тәртіпке салар едім. «Башайдың» орнына басқа бір сөз табар едім. «Жүдәні» «тым» деген сөзбен ауыстырар едім. Сосын, «әуендер» мен «әудемжерді» ұйқастырмас едім. Сөйтіп, сырты сұлу екі шумақ өлең шығар еді. Бірақ онда дәл Тоқандағыдай шынайылық бола ма, жоқ па — оған сенімім аз.

\*\*\*

Ол ылғи Оңтүстік қазақтарының ауызекі тілімен сөйлейтін. Мысалы: «Пахта жегенелеп жүргенде, Полат тағам кеп тайхарымды қалады. Ол яламалы лөліден ғаллаға алған сұр мәшіннің баласы еді. Мен көнбей песақа ап ұмтылып, тағам тарбыздың шопағына сүрініп, осылай кеп-кеп-кеп тарбазаға маңдайымен періп кеп кетсін». Мұның «тәржімасы»: «Мақта баптау науқаны еді. Бірде Болат нағашым келіп, бәсіре есегімнің қодығына қолқа салды. Ол жалдамалық цыганнан астыққа

айырбастап алған сұр мәшіннің қодығы еді. Мен бермеймін деп жерде жатқан айырды ала ұмтылдым. Нағашым қаша жөнелгенде қарбыздың қабығына аяғы тайып, тура барып қақпаға маңдайын соғып тоқтады».

Оңтүстік қазақтары жиі айтатын «жүдә», «шілі», «қапа болдым», «азанмен», «най-қап-найқап сөйлеу» — кейде Тоқаннның өлеңдерінде де жүреді. Бірақ бәрі түсінікті. Түсінікті болғаны былай тұрсын, осы сөздер өлеңге өзгеше ренк беретін тұстары да бар. Жылтыр, бірақ жылуы жоқ, сұлу, бірақ суық сөздер, жарқырауық, бірақ жасанды сөздер Тоқан поэзиясына тән емес.

Ол өмірде де сондай еді.

Жазушылар одағында Сәкен Сейфуллиннің суреті салынған кілем ілулі тұр. Суреттің етегінде Сәкен ағамыздың бір шумақ өлеңі бар. Көкемнің көңіл қошы келмей, өзінен өзі кейіп жүрген күндерінің бірі еді:

*«Сыр сандықты ашып қара,  
Ашып қара, сырласым.  
Сым пернені басып қара,  
Басып қара, жырласым», —*

— деді ол тісін шықырлатып тұрып. — Ашып та қарадым, басып, та қарадым — дым жоқ».

Мұндай әңгіме жата ма, ұзамай-ақ елге жайылды. Біреу күліп, біреу қажап талай отырыста өсек пен қаңқудың арқауына айналды. Көкем тағы да бір-екі ай көрінбей кетті.

Бір топ жастар сол фойеде әңгімелесіп тұрғанбыз. Күтпеген жерден Тоқан келе қалды. «Тоқа, — деді бір жас ақын Сәкеннің суретін нұсқап, — біз де өзіңізге ұқсап ашып та қарап, басып та қарап, түк таппай тұрмыз».

— Әй, дәйіс, — деді көкем, — сен не танып тұрсың. Сәкен осы тұрған бәрімізден де ақын.

Жым болдык.

Тағы бірде Аманхан Әлімов екеуімізді айта беретін «Қаламгерге» ертіп келді. Кетеген ешкідей шипаң-шипан етіп жүретін (әлде жорғалайтын ба?) бір ағамыз көрмеген кісі боп, қаптадағы есікке кіріп кетті.

— Осыны сабап бересіңдер ме? — деді көкем тісін шықырлатып.

— Мәселе жоқ, көке, айтсаңыз болды.

— Жүріңдер, әуелі ішіп алайық.

Ішіп алдық. Көкемнің ашуы басылар емес,

— Осындайлар қайдан пайда болады осы, — деді кейіп, — әгәр Совет хукіметі бол-маса жанағың бар ғой, ә, жалақ-жалақ боп қойдың соңында жүретін қалқанқұлақтың өзі. Мына үйден айран, ана үйден нан, арғы үйден күрт сұрап, бәйбішеден бір таяқ жеп, ауыл-үйдің итіне екі таланып боздап жылап отыратын сорлы...

— Ендеше, не тұрыс, көке. Барып, маңдайын қыштай ғып келейік, — дейміз ентігіп.

(Жалғасы 8—9-бетте)

(Басы 6–7-бетте)

Абырой болғанда, «Қаламгерге» сол мезет Нұтфолла Шакинов, Қуанаға Шаңғытбаев, Хизмет Абдуллиндер кіріп келсін. Біз кезекті «ақ мойынды» әкелуге жүгіріп, іле-шала қайта жүгіріп, абыр-сабыр күйге түстік те, қалқан құлақ ақын жайына қалды. Арада бірталай уақыт өткен. Кезекті бір отырыста көкемнің көңілін аулағымыз келді ме:

—Ол нашар ақын, — дедік біреуміз.  
—Ақын емес, — дедік екіншіміз.  
—Оттамандар, — деді көкем түсі бұзылып, — әуелі екеуің сол секілді өлең жазып алыңдар. Рас, ол аздап крахоборлау, бірақ жақсы жазып жүр. Ал сендер әлі түк бітірген жоқсыңдар.

\*\*\*

Тас табыттың ішінде,  
Кетпейінші оянып.

Т.Бердияров

Есть в осени первоначальной,  
Короткая, но дивная пора.  
Весь день стоит как бы  
хрустальный  
и лучезарные вечера.

Ф.Тютчев

Бауыр басқан әпкесі ұзатылып кеткеннен кейінгі жас баланың хал-күйін түсіне аласыз ба, сіз? Сәби жүзін сағыныш жасы айғыздап қыр басында өксіп тұрған сол баланың көңіл күйін хатқа түсіре алған ақын басқа өлең жазбаса да болады. Ол — ұлы ақын. Бала көптің арасынан әпкесін іздейді. Таба алмайды. Көргісі келеді. Көре алмайды. Сезінеді. Сезінген сайын сағынады. Ол ендігі жерде ғұмыр бойғы жан серігі — Сағыныш екенін әлі білмейді. Ендігі ғұмырда сол Сағыныш жүрекке қалған жұмсақ тікендей ақырын ғана сыздап қайда, қай құрлыққа барса да өзімен бірге жүретінін ол әлі білмейді. Бәлкім, Сағыныштың екінші аты — Жокты іздеу шығар.

Менің Тоқаш көкем Алматының күзін асыға күтуші еді. Медеуге баратын ұлы жолдан «Просвещенец» демалыс үйінен өте бере бір езулей жырыла шығып камшылар жаққа бұрандай тартатын бұрма жол «Әулие бұлақтан» өткен соң қайыңды тоғайға қарай жүйткіді. Данқы жер жарған Көкжайлауға апаратын да осы соқпақ. Бұл өзі бір ғажап мекен. Арқа тұсың — Аққайындар елі, маңдай алдың — маңғаз қарағайлар мекені. Медеу сайы — алақаныңызда жатады. Мұнда күзде келу керек. Сары күзде. Жаратқан иенің бір жерге, бір жерге емес-ау, алақандай ғана аумаққа осыншама сұлулықты қалай ғана үйіп-төгіп сыйлай салғанына таңғаласын. Күреңіге бастаған жапырақтарға қарап, сары күздің де өтіп бара жатқанын білесіз. Жүрегіңіз ауырады. Дәрменсіз Көкке қарайсыз. Күздің осындай бір күні еді-ау сонда. Ол жылдары дүниені сағыныш билеп тұратын. Бала сағыныш.

Көкем екеуіміз №6 автобустан Медеуге жетпей түсіп қалып, сол «Көркем тепсең» жаяу өрлеп келеміз («Көркем тепсең» дегенді алғаш қайдан естідім, әлде бір жерден оқыдым ба — есіме түсіре

алмаймын, әсте өзім қойып алған ат болуға керек). Әр келген сайын мен Лекеннің (Илияс Жансүгіров) «Жетісу суреттерін» жатқа оқитынмын.

Кенет (әдеттегідей, күтпеген жерден):  
—Бала, осы сен Көкшетауда, «Окжетпесте» болдың ба? — деді жалт бұрылып.  
Қитықтым да қалдым. Күрең жапырақ, күміс етек ақ қайындар аралап, алып қарағайлары аспан тепкен жұмақтың төрінде келе жатып, «Окжетпесі» несі? «Көркем тепсеңді» аяп кеттім. «Азаулының Стамбұлдан несі кем?»

—Ал Көкшенің қайындары өзгеше, — деді көкем. Бетіне қарасам, толқып келеді екен. Бір түрлі ұялғандай ма, қысылғандай ма, әйтеуір, күнде көріп жүрген Тоқан емес. Сәлден соң өлең оқи бастады:

—О, как на склоне наших лет,  
Нежней мы любим и суеверней,  
Сияй, сияй, прощальный свет,  
Любви последней, зари вечерней.

Пускай скудеет в жилах кровь,  
Но в сердце не скудеет нежность.  
О, ты, последняя любовь,  
Ты и блаженство и безнадежность.

Түсініп тұрмын, бірақ мойындағам жоқ. Орысшасы мейлі, әншейінде «ұлым, ұлым» дегенмен, «күшігінен таланған» ағаларымыздың орысқа бір бүйірі бұрып тұратынын білеміз һәм оны кешіруге, жоқ кешіруге емес, түсінуге болады, бірақ «Көркем тепсеңде» оқылатын өлең Тютчевтің өлеңі ме?

—Көке, не, жайша ма? — дедім аспанға қарап.

—Не надо хамить, бала, — деді көкем. Тісін шықыратпады. Демек, әлі ашуланған жоқ. Лирикасы мен ашуының

Тоқаң, ешкімнің таласы жоқ  
шығар, қазақ поэзиясындағы  
сирек те аз жаңашыл (новатор)  
реформаторлардың бірі.  
Новаторлығы — өлеңдерінің ішкі  
әлемінде, реформаторлығы —  
сыртқы порым пішінінде жатыр.  
Мұны Тоқаң мұрасына ден  
қойған, терең бойлаған  
көзіқарақты оқырман, зерделі,  
зиялы қауым мойындайды,  
пайымдайды.

Исрайыл САПАРБАЙ

арасындағы осы бір қас-қағым сәтті пайдаланып қалу керек. Әйтпесе кеш болады.

—Неге безнадежность? — дедім мен.  
—Потому что, на склоне лет, — деді көкем.

—Ну и что?  
—Иә, — деді көкем жұмсақ үнмен, — сен өзі мына ағаштың атын білесің бе?

—Е, дарақ та нәйеті, — дедім қырсығып.  
—Мұны Көкшетауда жөке дейді. Қандай әдемі! — деді көкем жапырақтарын сипап.

—Не әдемі?  
—Атты айтам.  
—Жөке деген әдемі сөз бе сонда?  
—Жылы естіледі.



—Обба, көке-ай, — дедім мен, — сонымен, болашақ жеңгіміз көкшетаулық болды ғой?

—Она еще ни словом не намекнула о своей любви. Эта женщина умеет молчать. Может, она права. Может быть, я вовсе не достоин любви такой красивой, нежной женщины. Может быть, я — пустое место.

Не дегенім есімде жоқ. Бәлкім, мен ол кезде көкемнің:

—Шіркін-ай, Көкшетауға кім алғызды,  
Самбитал мен мұниша көл, мұниша қызды.  
Ойтыр-ай, дел-сал болдым іздей-іздей,  
Көкшеде қалып қойған сұрша қызды, — деп келетін өлеңін білмеген болармын. Мүмкін, ол кезде:

Білмеймін, мені біреу сүйіп не еді,  
Мен үшін бәйек болып күйіп не еді.  
Қыңырайған қу қырсық төмен тартса,  
Мәртебем өлең жазып биіктеді, — дейтін шумақтарын түсінбеген шығармын. Бірақ бізді, Тоқаңның тілектес інілерін «Менің тойым болған жоқ»

Тоқаң Мұқағалидың поэзиядағы ұстазы еді. Төлеген, Мұқағали, Қадыр, Өтежан өздеріне арқалы ақын Әбділда Тәжібаевты ұстаз санайды. Төртеуі де Әбекеңе өлең арнаған. Төлеген Айбергенов тұтас жыр жинағын арнаған Әбекеңе. Оның бәрі де дұрыс. Алайда Төлеген, Мұқағали, Қадыр, Өтежанның бір ұстазы — Тоқаш Бердияров. Оны өздері де айтып өткен. Өлеңдерін бажайлап оқып қарасаңыз, өзіңіз де аңғарасыз. Мұқағалиға ұстаз ғана болып қалмай, ақиреттік досына да айнала білді Тоқаш.

Өтежан НҰРҒАЛИЕВ

Құлбек ЕРҒӨБЕК

атты өлеңі қатты толқытатын. Бұдан да гөрі атақты «Болса егер» өлеңін түнеріп отырып оқитынбыз. Қазір де оқыған сайын жүрегіміз жылайды.

Жүзе алмайды бүйірлеп,  
Бір ескегі о баста жоқ қайығым.  
Құрғыр есігім қағылар ма қайтер ед,  
Болса егер зайыбым.

Әйткенменен «балалы үй — базар ғой»...  
Әне, содан жүрдаймын.  
Немеремді жүрер ме едім жетектеп,  
Болса егер жұбайым.

«Үйлендіріп» өлеңге,  
Бір шүйкебас бұйыртпады Құдайым.  
Жынды «джинді» ұмытар ма ем,  
кім білсін,  
Болса егер жұбайым.

Қазыналық үй, телміремін әйнекке,  
Гуілдейді жан-жағым.  
Қымтай түсіп өтер еді-ау көрнемді,  
Болса егер жан жарым.

Күмбірлейді, күмбірлейді бір жұмбақ,  
Көкірегімде күйі менің.  
Жырға зауқым соқпас на еді, кім білсін,  
Болса егер сүйгенім.

Тоқаш көкем сары күздің сондай бір тамылжыған тамаша кешінде сол «Көркем тепсеңнің» етегіндегі сол «Просвещенец» демалыс үйінде қайтыс болды. Жазатайым сүрініп кетіп, қарақұсы тасқа тиген. Мен

жаназасына бара алмадым. Бала кезімнен «жолдас» баспа (ангина) дейтін дерт аяқ асты қайта қозып, төсектен тұра алмай жатқанмын. Аманхан таң атпай хабар айтып келгенде, «көкем мені Келеске, апамның қасына жерлендер» деуші еді, — дедім. «Білеміз, Келестен інісі келді. Ертең алып кетеді», — деді Аманхан.

Ұйықтай алмадым. «Екеуіміз Келеске барамыз. Сен Қазығұртты көр. Нұх пайғамбармен сырласамыз» дегені есіме түсті. Өзі өле сүйген көкшетаулық сұлу ойландым. Кейін, көкем туралы өлеңдерім газетте шыққан соң, телефон шалған екі-үш әйел болды. «Мен ол ақынды жақсы білуші едім», — деді нәзік дауысты келіншек. «Ол мені сүйіп еді», — деді екіншісі. Жай айта салды. Қайғырғаны да, қуанғаны да белгісіз — жай айта салды. Қайта хабарласпады. «Менің Тоқаштан балам бар. Қыз бала, — деді салмақты әйел дауысы, — үйге келіңіз. Адресі Аманхан біледі». Жақсы адам деп ойладым мен. Кейін, өкінішке қарай, Аманхан да, мен де сол жеңгімізбен хабарласа алмай қалдық.

«Менің көкем бәрінді де сүйді. Шын жүрегімен сүйді. Ол кісі өтірік айтпайтын. Сеніңіздер оған» дегім келеді Тоқаң ғашық болған әйелдерге.

Ол өмірден ғашық боп өтті.  
Мен сізді сағынып жүрмін, көке!

Есенғали РАУШАНОВ

Бізде бір жаман әдет бар. Ол, ұлы Әуезовті — Шығыстың Шолоховы, Мағжанды — қазақтың Пушкині дейміз. Ау, сонда өз ақындарымыз бен жазушыларымыз өзгелерге ұқсаса, өзімізде не қалады. Мұны менің айтып отырған себебім, Тоқаш Бердияровты Есенинге еш ұқсаттырмас едім де, оны өзінің тағдыры мен табиғаты қалыптастырған қазақтың қасиетті ақындарының қатарында қалдырар едім. Ол Есенин сияқты емес, Есенин Тоқаш Бердияров сияқты болатын. Бұлай дейтінім, көкеміз өлеңді өмірдің өзінен өріп: Біреулерге елеспін, Біреулерге белеспін! Портретім өлеңде — Жұмбақ адам емеспін, — дейтін. Оның бұл сөзі Есениннің «Менің өмірбаянымды іздесеңіздер, өлеңімнен табасыңдар» дегеннен несі кем. Шынында да, ақын Тоқаш Бердияров өзінің өмірбаянын өлеңмен жазып кеткен. Ол бір өлеңінде «ханаларды» көп көрдім» дейді, онысы «жетімхана», «кітапхана», «окопхана» дегенге саятын «ханалар». Бұнда ақынның өмірі бар.

Аманхан ӘЛІМ

Бір кезде ақынмен көңіл қосқан көкшетаулық ару, тоқсан жастағы Үміт апамызбен 2015 жылы Тоқаш ақынның тойында танысқан едік. Содан бері ол кісімен телефон арқылы тілдесіп, хал-жағдай сұрасып тұрамыз. Осы жақында апамызға тағы телефон шалып, ағамыздың биыл 100 жылдығы екенін еске салдық. Түркістан облысы біртуар ақынның тойын атап өту үшін дайындалып жатқанын құлағдар еттік. Осыған орай «Тосын Тоқаш» аталатын естелік кітап дайындап жатқанымызды айттым. «Мүмкіндік болса естелікпен бөліссеніз» дедім. Соңдағы оның қысқаша айтқаны мынау болды.

— Мен көкемаралдай керілген кербез Көкшетау өңірінің қызымын. Сондағы Шортанды қаласының маңындағы Көрнекті деген ауылда 1934 жылы дүниеге келіппін. Әке-шешем қарапайым кісілер болған. Әкем ағаштан ою оятын, етік тігетін, шешем кілем, кесте тоқитын. Менің артымнан ерген үш сінлім ашаршылықты көтере алмай ертеректе қайтыс болып, мен жалғыз тірі қалыппын.

Шортандыдағы мектеп-интернатты үздік бағаға бітіріп, Алматыдағы Абай атындағы ҚазПИ-де оқыдым. Математика пәнінің маманымын. 1961 жылы Ұлттық ғылым академиясының төрағасы болған академик Шапық Шокиннің арнайы шақыртуымен сол академияға қарасты Математика институтына қызметке келгенімде, атақты ғалым ағамыз, Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллин (бұл кісі Абай атындағы ҚазПИ-дің ректоры болатын) мені өзіне шақыртып математика емес, тіл білімі саласы бойынша жұмысқа барғанын жөн деп кеңес берді. Мен келістім. Сөйтіп, мұнда он екі жыл қызмет істедім. Кейіннен ҚазПТИ-ға (қазіргі Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ) ауысып, сондағы Бас ақпараттық-есептеу орталығында жұмыс істедім.

Ал Тоқашты 1955 жылдан білемін. Ол алғашқы жұбайым, ғалым Дәкен Шалабековтің жақын досы еді. Дәкен Қарағандының жігіті болатын. Филология ғылымдарының кандидаты. 1958 жылы докторлық диссертациясын аяқтап, енді қорғайын деп жүргенде кенеттен қайтыс болды. Одан Гүлмира атты қызым бар. Сол кезде Бүркіт Ысқақов, Қабыкен Мұқышев, Саттар Сейітказин, Әуесхан Көшімов сынды қаламгерлермен тығыз араластық, олар біздің шаңырағымызға жиі келетін. Араларында жіптіктей болып Тоқаш ақын да жүретін. Бүркіт сталиндік саясатқа қарсы өлең жазамын деп жазаға ілікті, түрмеге де отырып келді. Осы керемет жігіттердің бәрі біздің бір бөлмелі пәтерімізге жиналып алып, күні-түні қызу әңгіме құратын. Сурет салатын. Жарыса өлең оқитын. Ән де салатын. Әрине, мұндай көңілді отырыстар ішімдіксіз өтпейді. Кей-кейде өзара жағаласып, жанжалдасып та қалатын кездеріне куә болдым. Бұлардан өзге Шәмші Қалдаяқов, Жүмекен Нәжімеденов, Мұқағали Мақатаев, Жаппар Өмірбеков, Сафуан Шаймерденов, Уалихан Қалижан, Мәдеш Ниязбеков, Аманхан Әлімов сынды замандас ақын-жазушылар да үйіміздің қонақтары еді. Шәкен-Шәмші Қалдаяқов өте көңілді кісі болды. Ол уақыт қимас досы, белгілі ақын, марқұм Төлеген Айбергеновтің жан жары Үрнисамен көңіл жарастырып жүрген кезі. Маған: «Женеше-ау, асуіге қайта-қайта шапқылай бермеңізші. Бізге керек бір-ақ нәрсені ғана әкелсеңіз жетіп жатыр ғой», — деп әзілдейтін жарықтық. Кейін Көкшетау жайлы ән шығарды. Сазгердің Жүмекен ақын екеуі жазған «Менің Қазақстаным» әні бүгінде

«Жұлдыз» журналының редакциясы Жазушылар одағының ғимаратында орналасқан. Мен сонда қызмет істейтінмін. Ол кезде Одақ абыр-сабыр болып жататын. Бір күні редакциямызға ақын Тоқаш Бердияров келді. Ішіңкіреп алышты, тіпті маған масаң сияқты көрінді. Онысын сездіргісі келмегендей бөлменің ортасына келді де, оң аяғын көтеріп жарты сағаттай, сосын, сол аяғын көтеріп жарты сағаттай түрегеп тұрды. Оған да көңілі көншімей, бір кезде үстел үстінде жатқан сақал қыратын алмасты алып, оны алақанына салып мыжи жөнелсін. Мұндайды көрмеген біздің зәреміз зор түбіне жетті. Қан бұрқ етіп, сорғалап ақты. Ақын шіміріккен де жоқ. Сол шімірікпеген бойда ол: — Сендер мені тәртіпсіз, мас деп ойлап тұрсыңдар ғой, ал мен мас емеспін! — десін. Біз жым болдық.

Қадыр МЫРЗА ӘЛІ

# ТОҚАШТЫҢ МҰРАЛАРЫ ҚОЛДЫ БОЛҒАН



Атағы мен шатағы жарыса шыққан ақын Тоқаш Бердияровтай-ақ болар. Өлеңін оқымай жатып, біз оның сыртынан «Өйтеді екен, бүйтеді екен» деген лақап тарап, дақпырттан даңғазға айналып кеткенін естіп жүруші ек. Ең алғаш көргенде әлгі әңгімелердің бәрі жалған екен-ау деп қалдым. Мұнтаздай таза киінген, танау астын қарайтып, бармақ басындай мұрт қойған, сол мұртын бір дірідетіп алып, оқыс мырс ете түсетін жігіт ағасы аса сыпайылығымен де есте қалыпты.

Бір күні Тоқаң екеуміз сырласып келе жатыр едік, совет армиясының екі-үш офицері шыға келді алдымыздан. Орыс жігіттері екен. Тоқаң солардың алдына тәлтиіп қалт тұра қалды да, бір саусағын шошайтып: «Офицеры оккупационных войск, ненавижу я вас!» — дегені. «Мы знаем, знаем!» — деді шатақ іздеп шықпаған орыстың жас офицерлері.

Мен Тоқаңды сүйрей жөнелдім. Бұл Тоқаңның «шатақ» мінездерінің көріністері. «Ішкіш» еді, «бұзық» еді дегенде, жұрт осындай қылықтары үшін айтатын болар. Әйтпесе елге ұқсамайтын оқшау қылығы бар азамат еді ол.

Сәкен ИМАНАСОВ



еліміздің бас Әнұранына айналды. Ол әннің қалай туып, халыққа қалай тараған тарихы менін жадымда. Іштерінде Мұқағали момындау жігіт еді. Артық-ауыз дауыс көтермейтін. Бірде біздің үйде әжептеуір қызып қалып, зайыбы Лашын Әзімжановаға телефон соққаны бар. «Мен қызып қалдым, келіп әкетші», — деді. Дауысы зор еді ғой, жарықтықтың. Бірақ зайыбы келмеді. Кейін қарап отырсам, Мұқағалидың жан жарын шақырғандағы ойы — Тоқаш досының үйін көрсін дегені екен ғой. Бірде Лашын «Мұқағалиға ішкізеді» деп Тоқашты үйіне кіргізбей қойған көрінеді. Бірақ оған ренжіген Тоқаш жоқ, досын бәрібір іздеп тауып алатын. Мұқаң өте балажан еді, кіші қызымызды көтеріп алып, аулада серуендетіп әкелетін. Эльмира оған: «Пузатый дядя» деп ат қойғаны бар.

Бірде жазушы Қалтай Мұхамеджанов Тоқаштан: «Осы сенің үй-жайың, отбасың бар ма? Бар болса, көрсетпейсің бе?» — деп сұраған ғой. Сонда ол әлгі кісіні қасына ерткен бойда балабақшаға барып, ұйықтап жатқан Эльмираны оятып алып үйге әкеліпті. Бәрі отырып шай ішкен. «Жұбайымды таныстырамын», — деп мені күткен. Телефон арқылы менімен хабарласып: «Үйге үлкен кісі келіп отыр. Жұмыстан сұранып келші», — деді. Бірақ мен жұмыстан шыға алмадым. Кешке үйге келсем, Қалаған кетіп қалыпты. Иә, ресми некеге тұрмағанымыз болмаса, біз Тоқаң екеуміз бір пәтерде, бір шаңырақтың астында бірге жасадық. Тоқаш «Жазушылар одағынан үй аламын» деп тіркеуге де тұрмады. Алайда Одақтан үй тимеді. Тоқаңның менен 1967 жылы туған Эльмира Торқысбекқызы Бердиярова атты қызы бар. Келбеті Тоқаштың өзінен аумайды. Орта мектепті Алматыда бітірді, бұған қоса музыкалық мектепте оқыды. Алматы Мемлекеттік медицина институтын тамамдады. Студент болып жүргенде 1986 жылғы атакты Желтоқсан көтерілісіне қатысып, таяқ та жеген.

Осы орайда бір қызық әңгіме. Қай жылы екені есімде жоқ, Тоқаңның «Оқ пен гүл» поэмасы Алматыдағы Жасөспірімдер театрында сахналанды. Соның қалам-ақысына қызына «Элегия» пианиносын сатып әперген. Ақын қайтыс болатын күні, яғни 1988 жылы 29 шілдеде таңертең студенттік құрылыс отрядының құрамында Польшаға аттанғалы тұрған қызын темір-жол вокзалынан өзі шығарып салған екен. Жазушылар одағында өткен әкесінің қаралы жиынына қатыса алмағанына Эльмира әлі күнге дейін қатты өкінеді. Жоғары оқу орнын тамадағаннан кейін жас маманды Ресейдің Тверь облысына жіберді. Кейінірек Мәскеуде стоматолог болып істеді. Алматыға оралып, итальяндық фирмада жұмыс істеп жүргенде өмірлік жары Лесли Польмен танысты. Олар 1995 жылы үйленіп, қайтадан Мәскеуге көшті. Үйлі-жайлы болды. Біраз уақыттан кейін отбасымен бірге Италияға, күйеуінің еліне қоныс аударды.

Эльмира кейін кәсібін өзгертіп, мейрамхана ісі мамандығын меңгеріп шықты, сонымен бірге — сомолье, шарап ісінің білгірі. Қазақстаннан шыққан тұңғыш кәсіби сомолье. ТМД елдерінің арасынан Италия сомолье федерациясының мүшелігіне ең алғаш болып қабылданған. Оның есімі Қазақстан рекордтар кітабына енген. Қазақ тілінен басқа орыс, итальян, ағылшын, француз тілдерінде емін-еркін сөйлейді. Сурет салумен әуестенді. Әкесі

де сурет салып, мүсін жасайтын өнері бар еді ғой, шамасы қан жібермеген болу керек. Ақын әкесін мақтаныш тұтады. Оның туындылары ағылшын, француз, итальян тілдеріне аударылса екен деп армандайды. Күйеубалам Лесли Поль — қаржы саласының маманы. Алматы мен Мәскеуде қызмет істеді. Жиен немереміздің аты — Жаком Ескендір, әкесінің ізін қуып бизнес саласында жүр. Музыкамен де шұғылданады.

Өкінетін жағдай, Тоқаш екеуміз ұзақ тұра алмадық. Әуелгі Тоқаш пен кейінгі кездегі Тоқаш мүлде басқа жан болып шықты. Оның мінезі тым күрделі еді. Ойламаған жерден шырт ете қалады. Жайшылықта одан момақан адам жоқ, көп сөйлемейді, тұйық, бір қарасаң құйымыр құйындай құтырып шыға келеді. Танымай қаласын. Мен жұмыс істейтін Ғылым академиясына масаң күйде келіп, қорғаннан секіріп өткен кезі де болған. Тағы бірде теледидарды үшінші қабаттан көшеге лақтырып жіберді. Жиі ішетін болды. Қорқайын дедім. Сосын, бір күні: «Айналайын, бала-шағасы жоқ әйел тауып алшы. Тіпті оған жағалы пальто сыйлайын», — деп жалындым. Содан кейін ол үйге келуді қойды. Бір күні төрт баласы бар әйел тауып алыпты деп естідім. Кейін мені қонаққа шақырды, аты Клара екен. Жағдайын білейінші деп тағы бір соққанымда, ол әйелін де үйден қуып шығыпты.

Жасыратын не бар, біз Тоқаш тұрған үйге іелік ете алмадық. Оның сан түрлі себептері бар. Сол арада қолжазбалары қолды болды. Тоқаштың өзі көзі тірісінде мәшинкеге бастырып, баспаға өткізуге әзірлеп қойған екі кітап көлеміндегі қолжазбаларын алған Фатима есімді келіншектен еш қайыр болмады. Ауыл жақта Тоқаштың інісі Аралбайда сақталған дүниелерін уақытша деп сұрап алған Жанат Медетова деген қыздан да мүлде хабар-ошар жоқ. Айта берсек әңгіме көп. Ендігі тілейтінім, келешекте осындай оққылықтардың бәрі артта қалып, Тоқаштың туындылары мен ақын туралы жазылған естеліктер мен зерттеулер кітап болып жарық көрсе деген тілегіміз бар. Тоқаш сияқты ақындар жүз жылда бір туады деп ойлаймын. Сондықтан осы айтылғандардың бәрі Жазушылар одағын басқарып отырғандар бар, түрлі деңгейдегі шенді-шекпенділерді ойландырса құба-құп. Тоқаштың іздеушісі болып жүрген өзіне алғыстан басқа айтарым жоқ, қайда жүрсең де жолың ашық болсын, айналайын!

Әңгімені жазып алған  
Болат ШАРАХЫМБАЙ



**Жақыпжан НҮРҒОЖАЕВ,**  
жазушы, Халықаралық «Алаш»  
әдеби сыйлығының иегері

## 1. Еркіндікті сүйген ақын

Ендігі жерде қалай деп айтсақ та, әдебиетке Мұқағали ағасынан ертерек келсе де, «бірде кейін, бірде ілгері» дегендей-ақ, басқадан ерте туып, кеш қала жүрсе де, ешкімге есесін, десін бермей өткен, жасы үлкен аға-досы, ақын Жақан Сыздықов арнаған жыр жолдарының әсерімен замандастары арасында «Тянь-Шаньның диюю» деп атанып кеткен Еркін ағамның өзі де жаратылысы бөлек жан еді.

Өз басым Еркін ағамның есімін ес білгелі білемін десем, өтірік емес.

Оның Одақты, Жазушылар одағын айтамын, дүр сілкіндірген атақты «Қойшылар» поэмасы мен сияқты жас әдебиет-құмарлардың талайына қанат қақтырғаны ақиқат. Соғыстан кейін туған біздің ұрпақ поэманың:

*Біздің қазақ қой десе, бала жастан  
Ішкен асын қоя сап араласқан.*

*Эстафета таяғы — қойшылықты,  
Бір ұрпақтан бір ұрпақ ала қашқан,*

деген әйгілі шумағын жаттап алып, ауылдағы мектеп, клуб кештерінде мәнерлеп оқып жүруші еді.

Сонау жетпісінші жылдары мен үшін үлкен шеберлік мектебі болған «Лениншіл жас» газетінде жұмыс істеп жүрген кезімде Нарынқолға сапар шегудің сәті түскені бар. Осы тұста мен өзімнің кіндік қаным тамған жерім Кеген өңірі болса да, егіздің сыңарындай Нарынқол — екінші кіші отаным. Әскер қатарына шақырылғанша мектеп мұғалімі, кенсе, сот хатшысы сынды алуан түрлі қызметтер атқардым. Ал әскерден кейін, тіпті аудандық радио хабарларын тарату редакциясында да жұмыс істегенмін. Сөйтіп, ауыл баласы үшін аса таңсық емес қара жұмысты айтпағанда, еңбекке ерте араласып, жастайымнан ысылып, ересек өмірдің баспалдақтарынан жастық жалынмен секіре басып өттім.

Сол бір өмір-бақи есте қаларлық редакциялық жолсапарыма аудан әкімшілігіндегі тиісті шаруаларымды жайғастырып болған соң, «Советтік шекара» газетінің редакциясына арнайы бас сұқтым.

Өзім алғаш көргеннен ағаш үйде орналасқан редакцияның қушықтай бөлмелерінде сығылыса отырған қызметкерлермен бас ізесіп амандасып, бас редактордың кабинетіне бет алдым.

Соғыстан кейін бірнеше жыл бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы болып қызмет еткен, ширек ғасырға жуық редакция тізгінін ұстап келе жатқан майдангер журналист, жазушы Әлнұр Мейірбеков ағамыз мені жылы қарсы алды.

— Ассалаумағалейкүм, аға! — деп дауысымды көтере, нық басып кіріп барған мен өз жөнімді айтып, қалбалақтап жатырмын ғой.

— Сейдахмет інім қалай? — деп сұрады ол өзіне тән биязы үнмен, газеттің бас редакторы Сейдахмет Бердіқұловты жақсы білетінін байқатқандай болып. Сейдахманның өзі сол тұсқа дейін бірнеше кітап шығарып ұлгерген көпшілікке аса танымал жазушы болғаны. Әсіресе оның «Жұмыр жерде теңбіл доп» атты кітабын білмейтін қазақ жоқ еді десем, артық айтқандық емес.

— Сейдахмет ініңіз маған редакцияға ат басын тіреп, сізге және құрдасы Еркін Ібітановқа сәлем беруді тапсырды, аға! — дедім мен ерекше екпінмен. — «Егер газетке берер сәлемдемесі болса, беріп жіберсін» деді.

— Сейдахмет, жөн білетін жігіт қой, —

деді Әлнұр ақсақал байсалды түрде. — Еркін аған келсін, сәлемдемесін ойластырып көрейік.

Әлнұр аға екеуіміз емен-жарқын әңгімелесіп, ел ішіндегі жаналықтармен бөлісіп, мені іші-бауырына тарта сөйледі. «Мұқағали аған редакцияға барып тұра ма?» — деп сұрап, «иә» деп бас изеген маған сыр ашқандай:

— Таяуда ол арнайы келіп, екі-үш күн үйде қонақ болып кетті, — деді мұртын сипалап, — бір үлкен дүние жазғысы келіп жүр екен. Райымбек бабамыз туралы ел ішінде жүрген аңыз-әңгімелерді суыртпақтап сұрап, біраз нәрсені жазып алды. Мұқағали мен Еркін екеуі бала күннен егіз қозыдай жұп жазбай, айнымас дос болды ғой. Мен екеуінің әдебиеттегі қаламдарына әркез қуанып отырамын.

— Патша көңіліңізге рақмет, аға, — дедім мен інілік ізетпен, — ойда біраз дүние жүргенмен, қағазға түсіруге мойын жар бермейді. Негізгі мақсат — журналистиканы меңгеру.

— Сен әлі жасың ғой, қарағым, бойыңда күш-қуатың тасып тұрғанда, еңсеріп тастағаның дұрыс. «Ердің жасы — елу» десек те, слуден асқан мына менің жасыма келгенде, еріншектік, бойкүйездік мендей бастайды, — деп, езу тартты Әлнұр аға.

Екеуара әңгімеміз жарасып, уақыттың қалай өткенін байқамай қалсақ керек, бір кезде әлдебір әуенді ынылдай айтып, Еркін ағам кіріп келді. Көңілі көтеріңкі екені көзге ұрып тұр. Менің ойыма бірнәрсені келе қалды да, Әлнұр ағаға көзімді қысып қойып:

— Бас редактордың орынбасары Ібітанов жолдас, сіздің мына жүрісіңіз не?! Партияның тәртіп туралы нұсқаулықтарын мойындамайсыз ба? — дедім жорта түсімді суыта, дауысымды да әдейі түрлідете шығарып.

— Кешіріңіз, нұсқаушы жолдас, мен дәл осы қазір ғана аудандық партия комитеті бірінші хатшысының алдынан келе жатырмын, — деді ол еш саспай, — бірінші хатшының мені шақырту себебінің өзі менің жеке тәртібіме қатысы бар мәселе екен. Біреулер оған мені «жұмыста ішеді» деп рапорт жазыпты. Мен оған не деп жауап бергенімді білесіз бе?

— Иә, не деп айттыңыз? — деп сұрадым мен дауысымды бәсеңсітпей.

— Мен оған «Бірінші хатшы жолдас, менің ішетінімді енді ғана естіп-біліп жатырсыз ба?» деп жауап бердім, — деді Еркін аға түсін бермей.

Мен шыдай алмай күліп жібердім. Әлнұр аға мырс етті де, қойды.

Еркін аға енді сахнада тұрғандай, әлдекімнің кейпіне кіріп, маңғаздана:

— Мырзалар, мен сіздерді бір орасан зор жайсыз хабарды естіртуге шақырып едім, бізге ревизор келе жатыр, — деді. Артынша бет-әлпетін құбылтып, аң-таң болған екі түрлі адамның үрейлі дауысына салды, — қай ревизор?, Қандай ревизор?

Сол кезде ғана мен оның Гогольдің «Ревизор» атты пьесасынан үзінді келтіріп жатқанын, менің сәл-пәл қиюы келмей қалған қалжың-ойындымен мензеп тұрғанын түсініп, риясыз күлдім.

— Сен баланың әртістік қабілетің бар екен. Бірақ сенің «ревизор» емес екенің мына жаман ағана әу бастан-ақ ашылып қойған. Атағы жер жаратын «Лениншіл жастың» білдей бір тілшісі біздің ауданға командировкаға келгені туралы алып-қашпа әңгіме жел тиген өрттей Нарынқолдың көшелерін қуалап кеткен. Оқасы жоқ, ондай-ондай болады, — деді ол жымыиып.

«Ұялған тек тұрмас» дегендей:

— Ой, аға, айыптымын, мен Мұқағали ағам екеуіңіздің өзіңіз құрған халық театрының көнігі әртістері болғандарыңызды естен шығарып алыпмын, — деп жуып-шайғандай болдым. — Үйлеріңіздегі жеңгелерім де осындай да өнерлеріңізге тәнті болған еді ғой.

— Ендеше, Әлнұр аға, өзіңіз бастап үйге жүріңіз. «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қария келіп, сәлем береді» деген бар емес пе? Сонау астанадан келген тілші балаға жеткенінің қолынан дәм татырайын, — деді Еркін аға ақ, адал ниетін білдіріп.

— Оның құлтарлық. Бұл тілші баладан Сейдахмет құрдасың сәлем айтып жіберіпті. «Егер газетке берер сәлемдемесі болса, беріп жіберсін» депті. Оны да ойластырайық, — деп Әлнұр аға үстелінің үстін жинастыра

бастады.

Алтынқұл женешем бізді жайраң қағып қарсы алды.

— Алтыкен, мына Жақыпжан деген кайының бізді сонау астанадан іздеп келіпті, — деп таныстырды мені Еркін аға, — сенің ақ дастарқаныңнан ауыл дәмін татып, үзілдіре салған әдемі әніңді тыңдап, құлақ құрышын қандырып қайтсам деп, құлшынып келіпті.

— Е, кайымынан немді аяйын, барымды салам ғой, — деп сынғырлай күлді Алтынқұл деген атына заты сай алтын женешем.

Еркін аға мені төрті бөлмеге жетелеп әкеп, жүз жасаған әжесін көрсетті. Қаздың балапанындай тізілген немерелерінің ортасында қаздып тік отырған ол әлі тың көрінді. Еркін баласы мені жақын тұтып, таныстырып жатса, оған аса назар аударматан: «Өй, айналып кетейін, Жасаған берген», — деп мені омырауына тартып, маңдайымнан өпті. Құдды, менің тоқсанға таяп қалған әжемдей айналып-толғанып отыр.

— Маған сендердің ешқайсыларының

# МЕН БІЛЕТІН

жаттығың жоқ, айналайын. Менің Еркінімдей, өз баламдайсыңдар ғой, — деп жұмсақ алақанымен қолымнан сипалады. Бір мезетте өзімді жас баладай сезініп, еркелегім кеп кетті.

Дастарқан басына буы бұрқыраған балғын қуырдақ келгенше, оймақтай рөмкелерге мөлдірете құйылған «ақаннан» тартып жіберген біз әңгіме көрігін қыздыра түскенбіз. Ерекең естелікке елтіп, есіп отыр.

— Жақа, өзің айтқандай, қазақ салтымен біразымыз ата-әженің қолында өстік қой, — деді ол, мені арқадан қағып. — Мұқағали бауырым да мен сияқты әже тәрбиесінде өсті. Тек қана айырмашылығы, ол кісі менің Қалиша әжем құсап есімін құбылтпай, өзінің Тиын атын өмір-бақи сақтап өтті. Сірә да, бұл басқа кемпірлерден айтарлықтай айырмашылығы жоқ, қатардағы қарапайым жандардың бірі болғанынан шығар.

Ерекең тасмүсіндей боп қозғалмастан отырған, сабырлы қалпынан бір айнымайтын Әлнұр ақсақалға мойнын бұрып:

— Әлеке, сізге талай әңгімелеп, құлағыңызды сарсыттып едім ғой, — деп сөзін сабақтай түсті. — Қарап отырсам, Мұқағали екеуімізде ұқсастық көп-ақ. Рас, оның әкесі Сүлеймен майданнан қайтпай қалды. Мұқағали кемпірдің баласы болғанын әкесін аға деп өскен, шешесі Нағиманды «Нақан» деп атап кеткен. Сол Нағиман-Нақан болса, абысыны, яғни менің шешем Дәмеш екеуі колхоздың бір отар қойын бақты.

Әлеке, сұм соғыстан аман-есен оралған менің әкем Жүмәділ екеуіңіздің бағыңыз бар екен. Жүмәділ әкем сіз сияқты соғыстан жараланып оралған соң, көп ұзамай-ақ, бұрынғы мұғалімдік кәсібінен біржола қол үзді де, мына сыртқы Қарасудағы Энгельс атындағы колхоздың қой фермасын басқарды.

— Ереке, сөзіңіз аузыңызда, өзіңіз айтқандай, тағдырласпыз ғой, менің әкем де ферма бастық болды, — деп сөз қостым мен де басымды шұлғып.

— Олай болса, өзің де білесің, Жақа, ол кездегі ферма бастықтары қазіргі бастықтардай машинамен аралап, істі алыстан басқармайды, малшылармен бірге көшіп-қонып, бірге болады, — деді Ерекең, екі кезеңді салғастыра кетіп. — Ал біздің ферма бастықтың үйі, яғни біздің үйіміз көбінесе Мұқағалидың шешесі Нағиман-Нақанның отарымен қоныстас еді. Әжем екеуіміз де қоныс аударып, Мұқағалидың үйімен қоралас Ауғанбай шалдың қоржын тамын мекендедік. Ауғанбай шал өзі қойшы болғандықтан, үйі бос тұр екен.

Осы кезде Алтынқұл женешем семіз марқаның етінен жасалған қуырдақ әкеліп:

— Ал енді, ет піскенше, мынаны талға-жау ете тұрыңыздар, — деп ортаға қойды. Әлнұр ақсақал алақан жайып, дастарқанға бата берді.

— Содан Мұқаш екеуіміз оқуға бір барып,

бір қайтып жүрдік, — деп сөзін жалғастырды Ерекең. — Сөйтіп, тыныс-тіршілігіміз аралас болды. Мұқағали екеуіміз өлең жазамыз. Олардың кейбірі мектептің «Білім ошағы» деп аталған қабырға газетінің беттерінде жарияланды. Газетті Баданбек Әлімбеков деген майданнан қайтқан жас мұғалім басқаратын. Баданбек ағай егіз қозыдай бірге жүретін біздің қабілетімізді байқап, газеттің жұмысына тартты. Мұқағалидың табан астында тақырып тапқыштығы бар, әжуа суреттердің астына шымыр шумақтар жазуға да аса қабілетті-тұғын. Баданбек ағай мені қатесіз оқып, сауатты жаза алатыным үшін іш тартқан болуы керек. Бірте-бірте ағай, нұсқау болмаса, газет шығару жұмысына тікелей араласуды сирете бастады.

— Тізгін-шылбыр өз қолымызға тиді дейсің ғой, — деді Әлнұр аға, жұмсақ жымыып.

— Ойхо-ой! Еркіндік тиген соң «Білім ошағын» біржола сын-сықақтың ошағына айналдырып жібердік қой біз, — деп арсалдай күлді Ерекең, — алайда біздің тәуелсіз

журналистік қызметіміз ұзаққа бармады. Баданбек ағамыз Алматыға оқуға кеткеннен кейін, іле-шала, ошағымыздың оты өшті де қалды. Оған не себеп десем, басымызға бәле тілеп алған өзіміз екен ғой.

— «Білім ошағын» сын-сықақтың ошағына айналдырып жібергендеріңіз мектеп басшылығына ұнамай қалды-ау, шамасы, — деп жорамалдадым мен.

— Үндеме, тілші бала, — деді Ерекең, сұқ саусағын ерніне апарып, — бізге жағрапиядан жаңадан көшіп келген Қырылдақов деген мұғалім сабақ беретін...

Алтынқұл женешем күліп жіберді. Оған біз де қосыла күлдік.

— Ай, Алтыкен, сен біліп отырсың ғой, ә? — деп қулана сөйледі Ерекең. — Сол Қырылдақовтың өзінің жүріс-тұрысы да оғаш, сөзі де одағай еді, сабағы да тартымсыз өтетін. Біздің Қарасаздың қорасалпақ тірлігіне де әлі үйрене қоймаған кезі болса керек және оның бір қасиеті — айрықша малжанды-тұғын. Көшіп келісімен мектептің завхозы Мойдынбектен құнажын сатып алған. Бір қызығы, онысы өріске шықпай, ылғи мектеп маңында жайылады. Бірде Қырылдақовтың сабағында ұйқысы кеп, есінеп отырған бір қуақы бала терезеге жалт қарап: «Ағай, көк сиырды бұзау еміп жатыр!» — деп айқай салып еді, малсақ мұғалім сабақты тастай салып, тайлақтай тапырақтап есікке қарай тұра ұмтылды. Бәріміз аңтарылып қалғанбыз. Артынша ду күлдік. Осы оқиға бірнеше рет қайталанды. Көбінесе бұзау емген сиыр бөтен болып шығады.

Содан Қырылдақовтың қылығын әжуалап мен қабырға газетіне мына бір өлеңді шығардым:

*Мөңіреді көк сиыр,*

*Еңіреді көк бұзау!*

*Қырылдақовтың мұндайда*

*Малжандығы шексіз-ау!*

*Туа біткен дағдысы*

*Тұлабойда қалады, ә?*

*Тастай салып сабақты,*

*Тұра ұмтылды далаға!*

Ерекеңнің қырылдаған дауысымен оқып берген өлеңіне бәріміз ду етіп, бір күлісіп алдық. Ерекеңнің өзі күлместен, әңгімесін жалғады.

— Еркін, мына өлеңің үшін бізді оңдырмайды, — деді Мұқағали, қауіп қылып, — Қырылдақовтың орнына Қадырбекті жаз.

Сөйтіп, өлең кейіпкері мұғалім емес, оқушы, өзімізбен бірге концертке қатынасатын қалжыңбас Қадырбек болды. Әрине, оқушыны малжанды етіп шығарғанымыз еш келіспей қалды. Қош. Газеттің осы санында Мұқағалидың «Қасыққа ілінген қара бақа» фельетоны да жарияланды. Ол фельетон өзеннен алатын сумен бірге қазанға түсіп, асханадағы кешкі тамақта оқушылардың бірінің қасығынан шыққан бақа туралы болатын.

— Ереке, газет саны «қара бомба» боп

шыққан екен де, — деп күлдім мен.

— Дәл айттың, Жақа, — деді Ерекен, сұқ саусағын шошайтып. — «Білім ошағының» жаңа саны түске дейін ғана өмір сүрді. Бірақ оны бәрі де оқып үлгерді. Қырылдаков газеттегі өзін танып қойды, әрине. «Мені мазақ қылды» деп ашық айта алмаса да, газеттің қабырғадан алынып, жойылуын талап етті. Оған интернат балаларын бакамен асырағаны әшкере болған директорымыз Үлкенбаев ағай да қарсы келмесе керек.

— Содан сіздерге қандай жаза қолданды? — деп сұрадым мен.

— Оқушылар комитетінде газетті шығарушылар алқасы қайта сайланды. Оның құрамына Мұқағали екеуміз енбей қалдық, — деп тақ-тұқ етіп рапорт бергендей нақты айтты Ерекен.

Кенет Ерекен маған жалт қарап:

— Жақа, «Дерсу Узала» дегенді естуің бар ма? — деп сұрады.


— О-о, ол орыс халқының атакты сая-

отыр екен, — деп сабақтай түсті әңгімесін Ерекен. — Дауыстары сары самаурынның дамылсыз ызынынан да бәсеңдеу шығады. Мұқаш екеуіміздің ұйқымызды бұзбайық дегені болар, сыбырмен тіл қатысады. Төрдегі ағаш төсекке екеуімізді жатқызып, Сүлейменнің сенсең ішігімен қымтап жауыпты. Іле-шала Мұқағали да оялды. Әжем мені үйге ертіп кетпек болғанда, оған абысыны: «Еркін бүгін осында-ақ қона салсын. Таң да таяу қалды ғой, екі бала оқуына бірге барар», — деп қолқа салды. Мұқағали да қуанған шырай білдірді.

Мұқағалидың Тиын әжесіне деген ықыласы арада қанша жыл өтсе де, суыған емес. Ол кісі дүние салғанша, Нақанай амам деп мойындамады, өзін Тиын кемпірдің ұлымын деп санады. Әжесіне арнап «Ақ кимешек көрінсе» деген өлең жазды.

Мен күні кеше ғана жүз жасап, ғұмыры ғасырмен жанасқан әжеме арнап «Менің әжем, міне, биыл жүзге келді, жарықтық»

# Ібітанов



хатшысы Арсеньевтің есімін әлемге әйгілі еткен шығармасының аты ғой! — дедім мен. — Оқығам. Онда Уссурий өлкесіне жасалған тұңғыш экспедиция жайлы, адам аяғы баспаған жерлерді жүріп өткен ержүрек саяхатшы мен оның жан досы, құралайды көзге атқан мерген, ізкесер аңшы Дерсу Узала жайлы аса қызықты да, бай көркем тілмен суреттелген.

— Міне, бірде сол «Дерсу Узала» деген кітабы бар екенін айтып, Мұқаш мені қаты ынтықтырып қойды, — деп бастады әңгімесін Ерекен. — Көргенше асықтым. Мұқағали үйіне ертіп барғанда, Тиын әже қатық сығымдап, құрт жасап, тоқымдай өршеге тізіп отыр екен. Құрсағымызда бөрі шулап келген. Тиын әже соны бірден ұғып, шаруасын доғара салып, тамақтандыруға кірісті.

«Дерсу Узала» шым-шытырық оқиғалы, шымыр жазылған дүние екен. Мұқағали «Мә, оқи бер», — деп өзі қозы-лактарын түгендеуге шығып кетті. Мен кітапқа бас қойып, оқиғалар желісіне қалай көгенделіп қалғанымыз өзін де аңғармай қалыппын. Терезеден інір қараңғысы күйыла бастағанда бір-ақ бас көтердім. Әйтсе де, қиялдап жатып, ұйықтап кеткенімді байқамаппын.

Ерекеннің әсерлі әңгімесі менің де балалық шақтағы күндерімді көз алдыма келтірді. Етпеттеп жатып алып, кітап оқушы едім ғой.

— Мен ояғанда, екі әжеміз шырақтың әлжуаз, ала көлеңке жарығымен шай ішіп

деп басталатын екі шумақ өлең жаздым. Соны мына Жакыпжан арқылы сәлемдемем ретінде «Лениншіл жас» газетіне ұсынғалы отырмын. Әлеке, соған қалай қарайсыз?

Әлнұр аға оған ойлы жүзбен қарап:

— Еркін-ау, сен өзін еркіндікті сүйетін еркін ойлы ақынсың ғой, — деді биязы ғана. — «Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса» дегендей, төл туындынды қай басылымға ұсынамын десең де, өз еркін. Әрине, көптен бері көзге түспей жүріп, өзіңнің төл басылымың — «Советтік шекарада» бір жарқ ете қалсаң, біз үшін де қуаныш, оқырман үшін де елеулі жаңалық. Десек те, кезінде әдебиет майталмандарының ақ батасын алған «Қойшылар» поэмасы еліміздің маңдайалды басылымы «Социалистік Қазақстанда» басылуы үлкен құбылыс болды ғой. Қазір де сонда берсең, оны басқарып отырған Ұзақ Бағаев ағанның қуана-қуана басары сөзсіз. Дегенмен, әже жайлы жүрекжарды өлең жазғаның жас оқырманы көп «Лениншіл жас» газеті үшін ұрпақтар жалғастығын көрсететін ұлағатты дүние болар еді.

— Рақмет, аға, осындай ақсақалдық сөз айтып, абыздық ойыңызды бір білдіріп қоятыныңызды жүрегім сезіп еді. Дұрыс па, Жакыпжан бауырым? Олай болса, Алтыкен, ау, Алтыкен! Алтын бәйбішем менің! — деп қамыр тамақтың қамымен ас бөлмеге шығып кеткен жарын дауыстап шақырды Ерекен. — Келші бері, мына қайынның құрметіне мақпал әнінді салып берші.

## 2. Нарынқолдың нары

Жиі-жиі болмаса да, жылына бір-екі рет Хантәңірінің баурайында, асау Байынқолдың жағасында орын тепкен Нарынқолға ат басын бұрып тұратын әдетім бар. Не үшін, не себепті, не тартып тұрады мені Нарынқолға?

Осыдан он алты жыл бұрын шыққан «Замана сарыны» атты кітабыма енген «Мәңгілік жыр-ғұмыр» деген эсседе оның жауабын былай беріппін: «Өйткені мұнда бізге ағалықтың, кейінгі ұрпаққа даналықтың үлгісін беріп келе жатқан, ерлік пен өрліктің айшықты белгісіне айналған ардагер ақсақалымыз Әлнұр аға Мейірбеков пен сонау бір жылдардағы сұхбатында айтқандай, «Ауылына кіндігінен байланған ақын» атанған Еркін ағамыз бар».

Сол бір сұхбат-эссе мынадай өкінішті жолдармен аяқталады: «Жаңа сөйлескенде оттай жанған жанары тұңғыш ойға батып, бізге қимай қарап қалғанын аңғардым. Бұл соңғы сұхбаттасуымыз болып шықты».

Асыл ағаларыммен талай мәрте сұхбаттасып, талай мәрте сыр шерттім ғой. Десе-дағы, солардың бастау-бұлағы болған ең алғашқы кездесуім естен кетпес кино кадрларындай көз алдыма қайта айналып келе береді. Алғашқы таныстық кезінде айтылған сөздер, ой ұшқындары уақыт өткен сайын толығы, мольға түсетіні тіптен жағаптандырады.

Әлнұр ағаның сезімталдығы, қолына қалам ұстағандарға жанашырлығы тұлабойыннан сезіліп тұратын. Алғашқы таныстықта-ақ оның маған айтқан «жазуға ебін бар сияқты» деген кез келген жазушылықты армандайтын жас кісіні қанаттандыратын сөзінің өзі не тұрады?! Ең бір ғажабы оның сол тұста Мұқағалидың өзін іздеп келгенін, батыр бабасы Райымбек батыр туралы дүр-дастан жазғысы кеп жүргенін айтып, шежіре-тарихқа жүйрік ағаның аузынан біраз дүниені қойын дәптеріне түсіріп алғаны туралы әңгімелегені болды. Ақиық ақынның көзі тірісінде ол дастанын еш жерде жария етпегені дүйім жұртқа жақсы белгілі. Ал 1982 жылы содан алты жыл бұрын дүниеден өткен аяулы ақынның «Райымбек! Райымбек!» поэмасы «Лениншіл жас» газетінде жарқ ете қалғанда, таңданбаған кісі қалмаған шығар.

Дәл сол тұста мен «Нарынқол қайда-сың?» деп салып ұрып, Әлнұр ағамды іздеп барып, сол баяғы әңгімемізді есіне салдым. «Иә, мен де ойлаушы едім, «Мұқағалидың сол айтқан дастаны қайда екен?» деп. Бар екен ғой, тірі екен ғой, жарықтық», — деді ол, өзінің баяғы биязы мінезінен аумап. «Аға, сіз сол әңгімені маған не үшін айттыңыз?» — деп сұрадым мен. «Біле жүрсін деп айттым», — деді ол. Мен үндемедім.

«Біле жүрсін...» Біле жүрдім ғой, әлбетте. Ешкімге айтпастан, Мұқағали ағама қатысты дүниенің бәрін-бәрін жылдар бойы тірнектеп жинап жүрдім. «Мұқағали» журналының негізін қаладым. Сол еңбегім зая кеткен жоқ. «Кең дүние, төсінді аш, мен келемін» деген жеті жүз беттік көлемді кітап болып шықты. Алайда Әлнұр аға бұл тірлігімнен еш хабарсыз еді. Хабары болмаса да, «біле жүрсін» деп, маған соны сыр ғып айтты ғой. Сонда ол болашақтағы Мұқағали тақырыбына бағыттағысы келді ме екен? Оны енді ешкім айта алмайды.

Әлнұр ағама көзі тірісінде Мұқағали менің басты өмірлік тақырыбыма айналғанын айтқан жоқ едім. Кітабым шыққанда, ол бақилық боп кеткен. Ал ағамның маған сыр ғып айтқан сол әңгімесі мен үшін таптырмас құнды дерек боп қалғанды. Оны кітабыма енген «Ақ атан шөккен жер» деген әңгімеде пайдаландым. Әлнұр ақсақал мен Мұқағалидың кездесуін былай суреттедім:

«...Әлнұр ақсақал мұның әңгімесін ұйып тындады да, басын ізеп, тамағын кенеді.

— Әй, бәсе, «сонау Алматыдан мені іздеп келуі тегін емес, өзін қатты мазалап жүрген бір нәрсе бар-ау» деп ойлап едім өзім де... Райымбек бабамыз туралы дастан жазу оңай шаруа емес, әрине. Егер мұндай үлкен дүниеге бел шешіп кірісуге даяр болсаң, менің де батам дайын, Мұқаш айналайын.

*Білемін намыстылық құдіретін,  
Көкірек көз тереңге үңілетін.*

*Бойда қуат болғанда, ойда шабыт,*

*Жан емес сын сағатта мүдіретін...*

Мен бар білгенімді жайып саламын, қарағым, сен қағазға түсіріп ал. Жазудың жөнін білетін адамсың ғой, керегін өзін іріктеп ала жатарсың...

— Ойбуу, аға, мені жазу өнеріне баулып, алғашқы қадамыма жол көрсеткен өзіңіз емес пе? Осылай алдыңызда отыруымның өзі сіздің арқаңыз ғой...

— Жарайды, мені ұстаз санасаң, онына рақмет. Шәкіртінің озғанына қай ұстаз қуанбасын! Қуанбаса, нашар ұстаз да... Жә, жұмысқа кіріселік...

Мұқағали блокнотының алғашқы бетіне ұсақ әріптермен «Майдангер журналист, ақын, жазушы Әлнұр Мейірбековтің әңгімесі. 27.VIII.70» деп жазып қойды да, «мен дайынмын» дегендей, ағасына қарады...

...Әлнұр ақсақалдың бәйбішесі дастарқан басына шақырғанша Мұқағали ағасынан біраз аңыз-әңгіме естіп, қағазға түсіріп те алды. Олардың кейбірін өзі бала күнінде Тиын әжесінің аузынан естіген де екен. Сонда да блокнотына түртіп алып отырды...

...Ақсақалдың әңгіме айтуға ықыласы артып, екеуі таң атқанша отырып қалыпты. Әтештер шақыра бастағанда ғана «көз шырымын алайық» десті...

...Түс әлетінде Мұқағали Әлнұр ақсақал мен оның бәйбішесіне алғысын жаудырып, Қарасазға жол тартты...

«Бәрін айт та, бірін айт» деген айта берсек, Нарынқол өңірінен шыққан мүйізі қарағайдай дейтіндей ақындардың, жазушылардың, журналистердің біразы Әлнұр ақсақалдың мектебінен өткені, ақ батасын алғаны — үлкен мақтаныш, үлгі етуге тұрарлық өнеге. Бірақ олардың бәрін тізіп айтуға мақаланың көлемі көтермейді. Басқасы басқа, Әлнұр ақсақалдың биыл жүз жылдығы тойланып жатқан Бердібек Соқпақбаевпен достығының өзі — бөлек әңгіме.

Қош. Естелігімнің негізгі кейіпкері Еркін ағам бола тұра, Әлнұр ақсақал туралы әңгімелеп кетуім — екеуінің аға-інілік достығының көрінісі. Жас кезде Мұқағали мен Еркін екеуі ажырағысыз болса, есейген шағында Еркін Әлнұр ағасының қасынан шықпай қалды. Тіпті Нарынқолды қиып кете алмауының басты себебі — Әлнұр ағасын қимауы. Оны маған Еркін ағамның өзі сыр ғып айтқан-ды. «Маған жұрттың бәрі: «Нарынқолдан неге кеткің келмейді? Өз бағыңды өзің байлап отырған жоқсың ба? Алматыға келгін, бағың ашылар», — дейді. Ал маған керісінше, Алматыға бара қалсам, бағым ашылмақ түгілі, сорым қайнап, барымнан айырылып, бейбақ боп қалатындаймын. Нарынқолды қимаймын, Әлнұр ағамды қимаймын», — деген ол сонда.

Алғашқы таныстықтың, алғашқы кездесудің әсерлері көз қарықтырардай қаншалықты жарқын, ыстық болса, оның жарығы, қызуы соншалықты ұзақ уақытқа созылатыны бар екен және де сол кездегі бастамалар ғажайып бір жалғасын тауып жатады. Айтайын дегенім, Еркін ағамның «Лениншіл жас» газетіне ұсынған әжесі туралы екі шумақ өлеңі туралы оқиғаның жалғасы былайша өрбіді.

Бір күні Еркін ағаның өзі Алматыға келіп, редакцияға телефон соғып, мені іздепті. Орнымда болмай қалған едім, баратын адресі белгілеп, айтып жіберіпті. Алып-ұшып барып едім, ардың-гүрдің қарсы алды.

— Қайда жүрсіндер, ей?! Мұқағали аға ол жоқ, ел жаққа кетіпті. Сен де орнында отырмайды екенсің, — деп өкпе-назын білдіріп жатыр.

— Өй, аға, редакцияның жұмысын өзіңіз де бес саусақтай білесіз ғой, — деп жұмысбастылығымды айтып, ақталып жатырмын.

— Өлеңді жақсы беріпсіндер, рақмет, — деді ол сабасына түскесін.

Арада біраз уақыт өткен ғой, қарбалас тірлікпен ұмытыңқырап қалыппын, шынымды айтсам. «Қай өлеңің айтып отыр?» деп ойланып қалсам керек:

— «Менің әжем, міне, биыл жүзге келді, жарықтық» деп басталатын екі шумақ өлең ше? Сен арқылы беріп жіберіп едім ғой, — деді ол гүр етіп.

(Жалғасы 19-бетте)



**Бексұлтан НҰРЖЕКЕ-ҰЛЫ,**

Қазақстанның халық жазушысы

Әлемге тарап кеткен қазақтардың ішінде, ежелден өз жерінде отырып-ақ шетелдік атанып кеткен қазақтардың ішінде ұлттың өнін, ұлттың мінез-құлқын мүмкіндігінше сақтап келе жатқан қазақтар екі-ақ елде бар: бірі – Қытайда, екіншісі – Моңғолияда. Басқалардың бәрі – басқа елдің адамы болып бара жатқандар. Бұл екі елдегі қазақтардың да болашағы бұддыр. Бірақ әзірше оларды тіл мен әні өрең сақтап тұр. Жаның ашыса да, ішің ашыса да шындық солай.

Қазақ нені болса да ұлдан бастайды ғой, мен де ұлдан бастайын. Менің байқауымша, Қазақстанда Мейрамбек Беспасевты өнер сүйетін қауым қалай бағаласа, Шығыс Түркістандағы қазақтар да Бақыткелді Мұқашұлын сондай бағалайтын сияқты. Мені сол қуантады. Елдің елдігі солай көрінуі керек. Барын бағалай білген халық – білімді халық. Ал білімді халық – мәдениетті халық.

Бақыткелдінің өмірбаянын, ата-бабасының, отбасының жағдайын мен жақсы білмеймін, әйтсе де әнін жүрегімді алақаныма салып отырғандай сүйсініп тындаймын. Оның даусында табиғи мейірім бар. Ал мейірім – өнердің ең негізгі қасиеті. Қайғы, мұң, сағыныш, өкініш, ынтығу, өліп-өшу, сүйсіну, ренжу – бәрі бір жүрекке сыятындай сезіледі. Бойындағы соның бәрін өзгеге жеткізетін – әуез, ән. Сол әуездің, әннің құдіретін Құдай Тағала Бақыткелдіге құя салған. Ол өз үнін әдейі құбылтыпайды. Шеберлік жасап жанталаспайды, тұлабойыннан төгіліп келе жатқан үн-сезімді тек табиғи күйінде төгеді де отырады, төгеді де отырады. Тыңдап отырып, сен де оның сезімін өз бойыңа сіңіресің де отырарсың, сіңіресің де отырарсың. Оны ол жақтың адамдары «Қытай қазақтарының Мейрамбегі» дейді екен. Онысы сүйсіну, бағалау емес пе? Қандай жарасымды баға!

«Жоғалып жазғы шақтардамын» айтқанда, Бақыткелді әнді емес, тіршіліктің түйінді бір сәтін алдына жайып салып тұрған адам сияктанады. Тыңдап отырып, сен де Бақыткелдіге айналып кеткен адам сияктанасың. Оның сезімі мен сенің сезімің жарысады да отырады. Екеуін бірігіп, бір сезімнің құшағына кіресің де кетесің. Өнердің құдіреті баурап әкетеді. Өзің – өзің емес, әлемдегі ең үлбірек сезім болып кетесің. Өйтіп баурап алу, баурай білу, баурап әкету әркімнің қолынан келе бермейді.

Мен, мысалы, қалың қазақтың ішінде жүріп, қазақы адамдарды сағынам, ол да жер бетінде жүріп, «Туған жер Алтайды» сағынады екен. Сол әнді ол анасын сағынған сәбидей елжіреп айтады. Екеуіміз де сағыныштың бір көрпесін жамылған егіз секілдіміз. Екеуіміздің екі жақта жүргеніміз болмаса, бір ата-ананың баласымыз. Осындай бауырлық сезімді сағынышқа орап, перзенттік сезіммен ән шырқап тұрған Бақыткелді – көп әншінің бірі емес, ең ерекшесі. «Шекараның ар жағы да біздің ел, бер жағы да біздің ел», – дейтін Нұрланның бір өлеңі бар еді. Бақыткелдінің «Туған жер» әнін айтуы соған сендіреді.

«Айырылдым қалай?» деген әнді айтады. Табысу, айырылысу – бұл өмірдің бітеу жарысы: бітпейді, таусылмайды, ешкім оны тоқтата алмайды. Ол екеуін бастан кешпейтін пенде жоқ. Айырылысудың өкінішін Бақыткелді өзі де бастан кешкен адамдай айтады, сені де бастан кешкен адамдай әсерде қалдырады.

Жөркен Бөдеш Шығыс Түркістаннан Қазақстанға оралған айтулы ақын еді. Біреу мені

ренжітіп қояр ма екен деп қорыққан адамша бетіне бадырая қарап, үркедей сөйлейтін өте мәдениетті адам болатын. Соның «Ауыл сағынышы» деген өлеңіне Қизат Думанұлы деген азамат әдемі ән шығарған екен, оны да Бақыткелді өзінің өнерпаз болмысы мен қазақы сағынышын бар табиғи қалпында көз алдына елестетеді. Оның әншілігі әлдебір ерекшелік емес, өмірді өз қалпында өзгеріссіз көрсету секілді. Қуанса да, мұнайса да, жаныңды жаңсақ сезімдерден тазартып отырады.

Оның «Өр Алтай» деген де әні бар. Алтай – ата-бабамыздың алтын қонысы. Солай екенін Бақыткелдінің өнінен емес, үнінен аңғарасың. Оның үніндегі қазақы үн тек қазақылыққа жетелейді. Сондықтан бізге Бақыткелдідей әнші де қымбат, оның азаматтығы да қымбат.

аспанмен астасып кеткендей асқақ естіледі.

Менің курстасым болған Төлеубек Жақыпбекұлының «Жас қалам» әнін де Сәнийә аса бір сезімталдықпен орындайды. «Ләйліден айырылған Мәжнундей, Дәл қазір менде жоқ асыл-ес», – дейді әуенмен бірге өлеңге де өксік үнін қосып. Төлеубек марқұмның жастай үзілген үмітін Сәнийәнің әуезді үні жүрегінде шымырлата жеткізеді. Тағы бір менің замандасым Зеберше Оспанова марқұмның «Сүйгенім менің қалада» атты әнін де Сәнийә әйелдік сезіммен айтып, автордың сағынышын бар табиғи қалпына сай жеткізеді. Ойлап отырсам, Бақыткелді мен Сәнийә да, басқалар да ар жақтағы, бер жақтағы әндерді араластыра айтулары арқылы Шығыс Түркістан мен Қазақстанның шекарасын біріктіріп тастаған секілденеді.

# ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ

«Гүл өссе, жердің көркі, қыз өссе, елдің көркі» дейді қазақ. Шығыс Түркістанда өзінің үнімен, әнімен құбыла шапқан бір қыз бар, ол – Сәнийә Өнерханқызы. Ол – бүкіл қазақтың әншісі, қазақ өнерінің биік бәйтерегінің бірі. Ол әнді аныратып та салады, мөлдиретіп те салады, шырқап та салады, құбылтып та салады, өнердің нағыз майталманы. Оның қайсы әні ең жақсы орындайтын әні екенін кесіп айта алмайсың. Айтсаң өзінді де, елді де алдап отырған адам сияктанып қаласың. Өйткені оның әндері бірінен-бірі өтеді.

«Арғынмын, атым Әсет арындаған, Арындап ән сала ма дарымғаған», – дейді ғой Әсет ақын. Сол айтпақшы, Сәнийә – дарыған әнші. Оның әншілігінде «өттеген-ай» дегізетін мүдіріс жоқ. Сынғыр қаққан сазды үні құлағыңның да құрышын қандырады, жүрегіннің де мейірін қандырады. Тек осындай өнерлі қыз тіл мен көзден аман болса екен деп тілейсің.

Сәнийә «Саялы өзен» атты әнді айтқанда, ата-бабаның алтын қонысы да, алтын қонысты аялаған ата-баба да көз алдына елестеп, атақонысыңда көшіп-қонып жатады. Ал «Қойлы ауыл сағынышын» айтқанда өзін кезіп кеткен, біліп өскен қазақы өмір көз алдынан кетпей, көкірегіңді бір шер тербетеді де тұрады: оның не қуаныш екенін, не мұң екенін ажырата алмай әуре боласың, үнінен тараған тарам-тарам сезім кеуденде көкпар тартып жатқандай әлекке салады. «Оу, Көкей-кесті күй, не дейсің?!» деп, «Еңлік-Кебекте» би бабамыз қайтерін білмей аласұрмаушы ма еді? Ана әнді тыңдап отырып, сен де сөйтесің, аласұрасың. Бір белгісіз бұғаудан босағың келеді, бір белгісіз бұғау бүйіріңнен қысады. Әнді айтып отырған Сәнийә емес, бүкіл қазақы тіршілік жоқтау айтып жатқандай жаныңды қинайды. Өмірдің өтуі, тіршіліктің өзгеруі – бәрі өмірдің өз заңы болса да, жоғалтқаныңды жоқтасып, өзгергенді іздесен, өзіннің де өзгеріп кеткеніне өкінесің. Әннің, әншінің құдіреті қай-қайдағыны қозғайды, қай-қайдағыны еске салады. Әй, Сәнийәдей әнші сирек-ау! Ол «Қоңыр әуен, қоңыр күй» деген әнді жай ғана айтпайды. Жаныңды қиналатады. Кім екеніңді, кім болып бара жатқаныңды – бәрін алдына жайып салады. Үні Ұмай енеміздің, Домалақ енеміздің әрі мейірімді, әрі жігерлі, әрі зілді, әрі әжелік ескертуі секілді. Сәнийәнің дауысы қай әнге де еркін жетеді, үнінің кендігі қанша шырқаса да жетіп-артылып жатады. Оның «Дәурен-ай» деген әні – қазақ сазгерлерінің сан мәрте ән арнаған тақырыбы. Былайша айтқанда, таптаурын болған тақырып. Бірақ ән мақамы жанаша. Шырқап басталмайды, баяу басталып, шырқап көтеріледі, қайта төмендеп, қайтадан жоғарылайды. Қысқасы, өмірдің өзінше сан құбылады. Сол сан құбылған әуезді Сәнийәнің дауысы да сан құбылтып шырқайды. «Қу дүние жеткізбес ескен желдей, Алданыш боп, айналып ақ сағымға», – деп аяқталады. Бұл әннің әуезін Айбын Ақанайұлы, өлеңін Ерзат Тұрсынұлы деген азаматтар жазған екен. Өте бір үйлесім тапқан өнерпаздар тобы деп бағаладым. Бұл ән – Сәнийәнің аса бір үлкен белесі. Сәнийәнің айтуындағы Сегіз серінің «Аққұм» әні де айрықша ықпалмен шырқалады. «Адамның өзін көрген абзалы екен», – деп мейірленеді. «Ақшоқы» атты халық әнін айтқанда, Сәнийәнің дауысы Ақшоқыдан асып,

Сәнийә соңғы кезде «Инжу-маржан» атты жана бір әнді айтып жүр, Әсеттің «Инжу-маржанын» ұмыттырғысы келмейтіндей әрекет. «Бұрынғы әндерде бұрынғы өміріміз бар, оны ұмытуға болмайды. Ұмытсақ, сендер де ұмытыласыңдар!» – деп қабағын шытып тұрғандай көрінеді. Өткен мен болашақты біз жалғастырмасак, басқа біреу біз үшін жалғастырмайды. Ал жалғастыру деген тек бей-жай өмір сүру емес, өткенді өшіріп алмай, болашаққа аманаттау. Сол борышты атқару жолында Сәнийәнің өнері бізге – үлгі алатын шамшырақ. Сәнийә – жан-жақты өнерпаз, домбырамен де, домбырасыз да, кобызбен де қосылып шырқай береді. Оның дауысын ешбір аспап сүйемелдемейді, өзінің өр мінезі сүйемелдейді.

Шығыс Түркістанда мені ерекше таңдандыратын бір әнші бар, ол – Нұрғабал Құрманғазыұлы. Оның бір ғана әнінен өзге әнін естіген емеспін. Өмірбаянын да, өмір жасын да, кәсібін де білмеймін. Бірақ Есенқұл Жақыпбеков ініміздің «Сұлу тағдыр» атты өлеңіне шығарған Еркін Ақашұлының әнін ол айтқанда, мені айрықша бір алапат сезім билейтін. Ән емес, тау суының тасқынын тындағандай боламын. Сірә, Есенқұлды жақсы көрген сезіміме ән қосылып кететін болу керек. «Сұлу тағдыр, жоқсың ба әлде барсың ба?» – дейді Нұрғабал. Екпіндеген дауысы дүлей тіршілікті жарып шыққандай арындайды. Адаққан, шындықты таба алмай шатасқан адамның ащы дауысы. «Қасқыр болып ұлыдым да, Арыстан боп өкірдім. Сөйтіп жүріп, сүйкімді кетірдім», – дейді ағынан жарылып. Сенен – тындаушыдан шындықтың шешімін өлең де сұрайды, әуен де сұрайды. Екеуінде ешқандай айырма жоқ. Өлең мен сөз екі бүйірінен екеулеп қысады. Өзі таба алмаған, түсіне алмаған тіршіліктің құпиясын сенен сұрайды. Ән де таба алмаған, өлең де таба алмаған сұлу тағдырды сен де таба алмай дал боласың. Апырмай, Нұрғабал осы әнді дем алмай салатын сияқты. Мүдірмейді, таптап кететін топансудай төпеп айтады, ойландырады, кірпігінді қағуға мұрша бермейді. Өмір өтіп бара жатыр, мен де өтіп бара жатырмын. «Сұлу тағдыр» бар ма, жоқ па, соны маған қолма-қол айт, тез жауабыңды бер» деп жағана жармасып тұрғандай көрінеді. Осындай да озбыр мінезді, адаққа адамның жан ышқынысы өзінді де екпінмен домалатып әкеткен сияктанады. Сен де «Сұлу тағдырдың» иә болатынын, иә болмайтынын анық болжай алмай емеурейсің. Осындай өнерпаз, айрықша үні, қайталанбас дауысы бар Нұрғабалдың неге басқа ән айтпай жүргеніне өте-мөте таң қаламын. Әлде мен білмейтін бір құпия бар ма екен?

Ар жақ пен бер жақтағы қазақ әндерін насихаттауда Дійнә (орысша «Дина» деп жазылады) Азатқызының әншілігі айрықша бағалы. Ән айтып тұрғандағы қылықтарына қарағанда, ақжарқын, кенпейіл, көңілді жүретін адам болуы керек. Қазаққа ұнайтын ашық, сылқым дауысы бар. Әр әннің табиғатына сай үні де үйлесіп отырады. Мәселен, ол «Сағыныш» деген әнді сағынып айтады. Оның сағыныш сезімін сен де сезіп отырарсың. Өйткені ол беріліп, әннің болмысын сезініп айтады. Әнді дауыспен ғана емес, жүрек үнімен де үйлестіріп айтады. Сондықтан оны тындай түскің келеді.

Біздің жақта кең тарап кеткен Үкітай Ай-жігітұлының «Найзағай көңіл» әнін Азатқызы да найзағайша жарқылдап шырқайды. Оның осы бір қылығынан «Қай қазақтың да жақсы әні – менің жақсы көретін әнім» деген ақ ниетті аңғаруға болады. Дійнә әнді домбырамен де, жетігенмен де, адырамен де өзі сүйемелдеп айта береді. Ол жағынан бесаспап. Домбырамен Естайдың «Сандуғашын» шырқағанда, ай, айызыңды қандырады-ау! «Міне, әнші деген әнді осылай шырқауы керек!» деп сүйсінесің. Оспанованың «Сүйгенім менің қалада» атты әнін біздің жақта да жақсы айтатындар көп, оны Дійнә өз мәнерімен тіпті тамылжыта айтады. Ахмет Жұбановтың «Қарлығашын» да сондай бір сылқым үнмен сүйсініп айтады. Сүйсініп тындайсың. Шәмшінің «Сыған серенадасын»

тыңдасан, сығандардың таныс қылықтары көз алдына келе қалады. Абайдың «Көзімнің қарасы» әнін де, Есенқұлдың «Алдай-ау» әнін де өзіне тән Дійнәлік мәнермен тұлабойынды шымырлатып шырқайды. Жан-жақтылығына, әр әннің ерекшелігін өз үніне үйлестіре білетініне тек сүйсінесің. Ілекеңнің «Еділ мен Жайығын» айрықша шалқытады. Жалпы, Дійнә қай әнді айтса да, иін қандырып айтады, оған дауысы да, қабілеті де еркін жетеді. «Өлең деген немене өнерпазға» дегенді қазақ осындай қыздарына айтса керек.

Мырзатай Бексұлтанұлының ән салуы – ол да әншілік өнердің өзгеше ағымы. Ол сыбызғыдай сызылта ән салғанда, тұлабойынды тәтті сезімге толтырып жібергендей күйге түсіреді. Тырп ете алмай, тамсанып тындайсың. Оның бүкіл болмысын «Құсни сәулемді» айтқанда танысың. Әннің бітімі де буынына түсердей тым ерекше. Сөзі мен үні бірін-бірі бауырына тартып тұрғандай үйлесімді. «Құсни сәулемді» біздің жақта санлақ әншіміз Рамазан да салады. Бұл тамаша әнді өмірге әкелген Ерболат Қызықенұлы мен өлеңін жазған Алмас Ахметбекұлы деген азаматтар екен. «Басынан Бесбастаудың бұлақ қағып, Келуші ең, Құсни сәулем, су алғалы», – деп шырқайды. Мырзатайға сан мың халықтың ықыласын бұрып тұрған басты әннің бірі – осы ән. Әннің өзі де, сөзі де, орындаушысы да келісім тапқан соң, өнердің бағы жанады, әрине! Сегіз серінің «Аққұмын» да Мырзатай бар мән-мағынасына келтіріп орындайды. Үніне риза болып, бар пейіліңмен басыңды шұлғысын да отырарсың. Ән, шіркін, қанат біткендей самғайды. Сүйсініп тындаған ән сүйегіңді де балқытқандай әсерленесің. «Аққұм» – қазақ халқына қымбат әннің бірі. Токсан жылдан астам «Қыз Жібек» операсында Бекежанның ариясы болып келе жатқан ән.

Айтқан әндерінің тақырыбына қарағанда, Мырзатай Іле өзенінің бір саласы Қас өзеннің бойында дүниеге келген көрінеді. Ол ара – ежелгі Үйсін мемлекетінің мекені. Қазақтан қалмақтар алып, одан Қытайға өткен жағап өлке. Шыңғыс хан заманында «татар» атанған күллі қазақ тайпалары тұрақ еткен қасиетті жер. Сол замандағы жазбалардан бізге жеткен Құлжа өзені, Нараты шаты – бәрі осы маңайда, Мәңгі Бұрханның онтүстік шығысында. Тарихи жерлерді әнге қосу да тарихты сыйлау.

Оның бір әні «Табиғат жылап тұр бүгін» деп аталады. Мұңды ән екені атынан-ақ аңғарылып тұр. Адам жылағанда, табиғат неге жылағанын?! 1916 жылдың зарлы үні болып бізге жеткен «Самал тау» әнін де Мырзатай өткенді еске түсіріп әндетеді. Оның ән қоры өте бай, жан-жақты, сан-салалы, әр әнге жаны мен жүрегін тосады, оның әні сондықтан өзгеше баурайды. Ол, мысалы, «Қас өзенін» айтқанда, анасына еркелеп отырған сәби сияктанып кетеді. Анаң сияктанып кеткен ауылыңды сен де сағына отырып тындайсың, әншінің дауысы сені солай жетелейді. Әншейін «Элэйлім» деп қош айта салған қазақтың әнін ол шырқағанда, астарынан халқымыздың ата-бабадан үзілмей келе жатқан жайдары үнін естігендей боласың. Халқының үнін өрнектеген әнші – нағыз әнші.

«Сен мені еркелеттің» деп ән салады Зіләш Мүтәліпқызы. «Сен мені еркелеттің

айдын көл жағасында, ...достардың арасында», — дейді отағасына дән риза болған сезімтал әнші. Қазақ мұндай ән де, ондай әнді айтатын әйел де сирек. Сондықтан бұл әнге де, әншіге де еріксіз жалт қарайсың. «Ақ жүрек табыстырған» отағасына: «Мен сенің құшағыңда келеді жүре бергім», — дейді. Мырзатайдың үйіндегі келін бір сұхбатында: «Әйелдің бақыты — отбасы», — дейді. Сол қызықты Зіләш әнімен бейнелепті. Қандай жарасымды, қандай өнегелі өнер?! Қазақ осындай ұлттық ерекшелікті үйренуі керек. Ұлттық ерекшелік деген — осы.

Еркелеткені аз болғандай, Зіләш «Сүйкімдісін» деп те ән салады. Сырлы, сазды, жұмсақ үнімен жан-жүрегіңді тербете салады. Марқұм Кәкей Жанжұндының өлеңіне жазылған Зіләштің әкесі Мүтәліптің «Әке» атты әні бар

секілді халық әндерін көп әннің ішінен тандап қана орындайды. Оның әнін тыңдаған соң көпке дейін үні құлағыңнан кетпей жүреді. Сондай сиқыры бар.

Ержан Мадиярұлының әншілігін де, сазгерлігін де оқшау биікке көтеріп тұрған ән — «Дариға-ай». Бұл әннің өлеңін ақын Серікзат Дүйсенғазы жазыпты.

«Еліктей мүсін,  
Жанымды түсін!  
Сағындым қандай,  
Амалым қалмай,  
Ән жаздым саған,  
Дариға-ай», —  
дейді әннің қайырмасы. Бұл әнді Ержанның өзі айтады және айтқанда да, ешкім өйтіп айта алмайтындай қылып айтады. Даусымен де, жанымен де, жүрегімен де балқып тұрып

әнге пейілі бекер түспеген, әрине. Талғампаз әнші әннің төресін тани білген. «Жүрек қайтіп шыдайды» дейтін өз әнін Мәртбек мәртебесін асыра орындайды. Мұңлы, ойлы әнді мұңлы, ойлы дауыспен айтады. Шәрбат Құсманқызының «Бөтен қыз» дейтін әнін де, халық әні «Үкілі-ай кербезді» де, «Сазды» да сазына келтіре салады.

Өз әндерін өзі айтатын сазгерлер осы күні азайып бара жатқанда, Мәртбек тәрізді өнерпаздар қазақтың ежелгі дәстүрін үлгі етуімен ерекшеленеді. Оның «Махаббат жыры», «Мен сені жақсы көремін» секілді әдемі әндері өз орындауында өте әдемі естіледі. «Айналайын, ерке қыз, мен сені жақсы көремін», — деп өз сезімін әуенмен жеткізеді. «Көл шетіндегі қыз» әнін өзі де, өзгелер де сүйсіне айтып жүр. Мәртбектің әншілігі де, сазгерлігі де болашақта үлкен биіктен көрінеді деп сенемін.

Аманкүл Ғабиденқызының «Арман-ай» әнін 3 (үш) миллионнан аса адам тыңдапты. Бұл — биік нәтиже. Тыңдарманды әннің бұлайша баурап алуы, біріншіден, әннің мән-мағынасында болса, екіншіден, әннің болмысын бұзбай, жоғалтпай жеткізуінде.

«Жаңылдырған жалған-ай,  
Алдап кеткен арман-ай.  
Шақырсаң да барман-ай,  
Қалған бір көңіл қалған-ай!» — деген

жар өкісігін Аманкүл өз үнімен табиғи түрде жеткізеді. Бұл ән тыңдарманды сол ерекшелігімен ерекше баурап алады. Себебі махаббат мұңын татпаған адам өмірде кемде-кем.

«Манмангер» әнін Аманкүл Ақан серінікі деп айтады. Бізде де солай. Бірақ бұл ән Сегіз серінікі. Ақанның бөйге аты да, бетке ұстар аты да Құлагер болған, басқа аты ешбір деректе жоқ және Ақан Көкшеден кетіп, басқа жерге бармаған. Сондықтан ол: «Ахау, туған елім, балаң едім. Өзіңе осынау әнге сала келдім» деуі мүмкін емес. Ал Сегіз сері орыстың жиырмашақты әскерін өлтіріп кетті деген жаламен нағашылары Байбақтың ішіне қашып, бірнеше жыл Еділ бойындағы Төптер деген жерді паналап, содан қайта оралғандағы айтқан атақты әнінің осындай-осындай өз тарихы бар.

«Бағым-ау, сені сағындым» атты әнді Аманкүл жеке де, қос ән етіп те айтады. Сырлы да, сұлу ән. Интернетте Аманкүлдің әні көп емес, сондықтан оның әншілігі жайында кең көсіліп айта алмаймын. Алайда қазақ өнерін дамытуға, насихаттауға оның үлкен үлес қосып жүргеніне тек шексіз сүйсінемін.

«Келші, бағым!» деген Болатбек Оразбайдың өлеңіне ән шығарған, ол әнді сағынышты үнмен орындаған Ахметжан Рабжанның әншілігі де өз ерекшелігімен ұнамды. Ішкі сезіммен, өзіне ғана сырын ашып тұрған адамша айтқанда, үнінен мейірім төгіліп тұрғандай әсер қалдырады. Әуеннің де, сөздің де мән-мағынасын жұмсақ үнімен жан дүниені әдемі жеткізеді. Ән бітсе де, әннің әсерінен әлден уақытқа дейін арыла алмайсың. Үзіліп кетердей нәзік үннің әсері жаныңды ұзақ тербетеді. Оның «Айнама» атты әнін қытай елінде жеті миллионнан астам адам тыңдапты. «Кенжесі едің ауылдың», «Киелі махаббат», «Ауылым» тәрізді әндері айрықша бір сағынышқа, ансауға толы ынтамен айтылады. «Туған жер» әнін тыңдаған адам аз. «Майда қоңыр», «Қайран өмір», «Ақ маржан» секілді сүйкімді әндерін шығарған, оны орындаған Ахметжанға ризашылықтан басқа не айтасың! Ол айтқан «Ақ көйлек» әні аппақ көңілдің шуағы іспетті. Үні тұнық. Әншілігі мен сазгерлігі бір-біріне сай.

Саламат Болатұлы деген бауырымыздың өнері ерекше ілтипатқа лайық. Ән шығарғыштық өнер әкесінде де бар көрінеді, өйткені зайыбы ауруханада жатқанда оған арнап «Құштарым» атты сағынышқа, мейірге толы ән шығарыпты. Ол әнді Саламат аса айрықша сезіммен орындайды. Әке мен баланың қанына тартқаны қандай ғажап! Табиғи өнердің тамырластығына қалай риза болмасың?! «Тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады» дейді ғой қазақ. Саламаттың әншілігі мен сазгерлігі ғана емес, оның қандай адам екенін де айрықша көрсететін ән — «Өмір-ай». Интернеттегі жазбаларға қарағанда, әннің өзі де, сөзі де — бәрі Саламаттыкі. Бұл ән — оның үлкен белесі, оны бір жарым миллионға жуық адам тыңдапты.

«Бір жасығылып, бір тұрып,  
Өтіп жатқан өмір-ай!  
Бірде жылап, бір күліп,  
Бақ пен сорабың егізі-ай!» — дейді Саламат. Көптің көкейіндегіні айтады. Көптің көкейіндегіні тап басқан адам талант емей, немене?!

Біз «Найзағай көңіл» дейтін әнді айтсақ, Саламат «Найзағай сезім» атты ән шығарыпты. «Шыңғыс хан да найзағайды тылсым күш санайды» деген сөз бар. Соған қарағанда, жалпы қазақ үшін найзағайдың орны бөлек болса керек. Саламаттың айтатын әні де, шығарған әні де біршама. «Ай, жаным», «Ерке қыз», «Сағынып жүрмін», «Алғашқы махаббат», «Қалқатайым», «Іңкәрім менің», «Сен қайда жүрсің?!» т.б. әндерін өзі де, өзгелер де айтады. Халықтың «Абайкөк» әнін Саламат ежелгі сал-серілерше шықарды. «Әке», «Ана» атты әндерін де ерекше ықыласпен айтады, Ілені сағынып та ән салады, сол қылықтарымен ол бізбен бірге жүрген адамдай әсер қалдырады. Қазақтың бірге болғанына, бірге жүргеніне не жетсін!

Бірі ана елде қалып, бірі мына елге кетіп, бөлініп-бөлініп жүрген қазақтың қай сырын, қай жырын жеріне жеткізіп айтарсың?! Әнші қыздардың ішінде Бақытнұр Ілиясқызы айрықша қылығымен ерекшеленеді: ол тек домбырамен айтады, ешкімге еліктемейді, ешкімге ұқсамайды, бүкіл әннің болмысын домбыраға бағындырады. Оның әндері өте мол, жан-жақты, сан-салалы, алуан тақырыпты, халық әндерін де құйқылжытады. Қазіргі сазгерлердің әнін де аныратады; ән айтпаса, отыра алмайтын адам сияқты, «Айт!» деп жаны тыным таптырмай тұратындай әнші. Оның өзге әншілерден ең басты ерекшелігі — тек домбырамен айтатыны. Кез келген елдің кез келген әнін домбырамен айтса, не тартса, ол, сөз жоқ, қазақыланады. Себебі қазақтың қазанында қайнайды. «Ей, қалқа», «Гүл-гүл, Жамал-ай», «Керімсал-ай», «Алайкөк» («Абайкөк»), «Ой, дүние», «Біреулер» (терме), «Бозбала», «Ой, көк», «Қара жорға», «Бекзатым-ай», «Шилі өзен», «Дей салдым-ай», «Бүлдірген», «Көзіннің мөлдірін-ай», «Ахау, керім», «Екеуің-ай», «Жас келін», «Өттен-ай», тағы басқа халық әндерін орындайтынын еске алсақ, оның ән қоры тым көп екені өз-өзінен дәлелденеді. Соншама әнді өз ерекшелігін сақтап отырып айту көрінген әншінің қолынан келе бермейді. Бақытнұрдың бейнеткер, еңбеккер әнші екені осыдан да байқалады. Ол халық әндерінің қатарында айтатын «Қоғалы-ай» әнін біздің Кербұлақ пен Жаркент өңіріндегі өнерпаздары Пішән Жәлмендұлының әні деп шықарайды. «Анса, жаным!» әнін шығарған — марқұм Болат Сыбанов, «Үгәй-әй» әні — Жамбыл Жабаевтыкі, аты аттас әндер біршама болғандықтан, көп адам содан шатасады. «Жалғыз арша» әнін көп адам Біржандікі дей салады, алайда Дәнеш аға оны Әсеттікі дейді. Бақытнұр Манарбектің «Сайра, бұлбұлым», Жаксыкелдінің «Жезкігің», Сегіз серінің «Аққұмын», Біржанның «Ләйлім шырағын», Дәнеш ағаның «Арайлымын», Ақан серінің «Балқадшасын», Нұрғиса ағамыздың «Құстар әнін», Әбүйірбек Тінілінің «Фариза қызын» айту арқылы қазақ елінің шекарасын шетсіз-шексіз кеңейтіп жібергендей көрінеді.

Ауыл десе ішкен асын жерге қоятын қазақ әлі де жер бетінде көп. Ал Бақытнұр «Сағынып келем ауылымды» атты әнді бүкіл қазақтың әнұранындай етіп орындайды. Оны тыңдағанда, сағынышың басыла ма, өрши ме, өзін де білмей қаласың.

Дәнеш ағаның Мұқағали өлеңіне шығарған «Аққулар, хош болыңдарың» орындаумен әйгіленген Әбдібақыт Сұлтанбекұлы халық әндері «Ойна да күл», «Қыздар-ай», Естайдың «Бір мысқалын» мән-мағынасын ашып орындайды. «Ақ келіншек», «Сәлем берейін», «Сағынам» әндерін айтуы тыңдаушыны қатты риза қылады. М.Мұсақанұлының «Арман-ай» атты шырмауы әнін ата-бабамыздан бері үзілмей келе жатқан кең дауыспен «Ахау!» деп бастап, асқактатса салған Дәуренбек Арқенов бауырымыз «нағыз әнші» демеі, қалай шыдайың?! Әнді өйтіп нағыз қазақ қана шықарайды.

Айта берсем, тізе берсем, қытай қазақтарының әншісі де көп, сазгері де көп. Көбейе берсін! Бәрін қамты алмағаным үшін кешірім сұраймын!

Әншілік әлемінде өз үнінің ерекшелігімен елге танылып жүрген Анар Сембек, Дәурен Нұрғожа, Мүніра Азатқызы, Қажымұрат Шешенқұл, Отанбек Еңсеханұлы, Тынысбек Қайырбекұлы, Гүлмира Жекенқызы, Нұрсұман батыр Саятқызы жайында жарытпай да жарты сөз айта алмадым, өкінішті! Бірақ солардың бәрін сүйсініп тыңдап, сүйсініп өмір сүріп жүрмін. Шет елде, шет жерде жүрсе де, өз елінің өнерін өрге көтеріп жүрген бауырларым аман болсын!

# ӘНШІЛЕРІ



екен. Зіләш оны сан қатарлы сезіммен толқи отырып, тыңдаушыны танданта отырып айтады. Кәкей Моңғолияда тұратын еді, әуе апатынан көз жұмыпты. Онымен үш-төрт мәрте әңгімелесіп едім. Елгезек, қазақ десе жүрегің ала жүгіретін азамат еді. Оның өлеңіне жазылған «Анаға хат» деген тағы бір ән бар. Оны біздің Айжан Тәженова аса биік деңгейде орындайды. Әнін жазған — Мақсым Менкенов деген азамат. «Келем, ана, көктемде, Жаңбыр нұрын төккенде. Алтай алқа таққанда, Бұлақ сылдыр қаққанда», — дейді Кәкей. Сондай азаматтың сөзін арқау еткен «Әке» әні де балалық сезімді бекіте әлдилейді. Бала болып балқып тыңдайсың.

«Көк өзен» әні — Зіләштің көкейескен әні. «Қызы едім Уәлидің, атым — Майра», «Қозыбақтың қызы едім, атым — Ұмсын», — деп шыққан қазақ қыздарын біз ешқашан ұмыта алмаймыз, солармен үндесе «Көк өзен» әнін шығарған қазақ қызы: «Қызы едім Майтабанның, атым — Аппақ, Өлеңді он жасымынан алғам жаттап... Көкөзенде ауылым, Күнде думан-сауығым. Па, шіркін! Мен не дейін? Қалма кейін! Толықсып Бозжорғамен жөнелейін», — деп шықпапты. Әні де ғажап, сөзі де ғажап. Тек, әттең, халық жадында өзге әндері қалмапты. Әйткенмен, Құдайға шүкір, бұл әнді ар жақтағы қазақ та, біз жақтағы қазақ та сүйсіне айтып жүр, соған қосқан Зіләштің үні өте-мөте үлкен. Ол Әсеттің «Мақпал» әнін де әйелге тән мәнермен әдемі орындайды. Мақпал үнімен «Мақпалды» тамылжыта айтқанда, сені де мақпал сезімге бөлеп тастайды.

Таңжарық Жолдыұлының «Қос жеңге» әні Зіләштің шырмауында тіптен жүрегіңді шымырлатады. Таңжарық кешкен түрме азабын, қорлау түрлерін ешбір қазақ ақыны бастан кешкен емес. Сондай асыл азаматтың әнін, толғауын жатқа айтқан Зіләш өзі де азаматқа татитын адам екенін аңғартады. Өткенді сыйлау сөзбен емес, осындай үлгілі іспен жүзеге асуы абзал ғой. Байқауымша, Зіләш әндерді тандап, талғап айтады. Жанымен айтады. «Ақмарал сұлу еркем-ай», «Акерке»

айтады. Ән болғанда да қандай ән, шіркін! «Аһ!» дегенде, аузынан ақтарылып түсе қалғандай. Төгіліп тұр. Өлең де, өлеңнің сөзі де емес, бәрін әуеннің өзі-ақ айтып тұр. Адам шығарған емес, табиғаттың өзі туғыза салған дүние секілді. Тыңдап сүйсінесің, ойлап сезінесің, сирек болатын бақытты күйге бөленесің. Ержанның әні осылай әлдилейді.

Бұл әнді біздің «МузАРТ» тобы да айтады. Бабына келтіріп, бұлар да Ержанның өзінен кем айтпайды. Бірақ неге екенін, бұл әннің Ержандыкі екенін де, өлеңін де Серікзаттан басқа біреу жазғанын да айтпайды. Әнге балқып отырғанда, оны да біреудің шығарғанын, өлеңін де біреу жазғанын есіне де алмайсың. Бірақ қазақ әні қайдан шықса да, кім шығарса да, қазақтың ғана жүрегіне жол табады. Ержанның өз әнін өзі айтуы — кешегі Сегіз сері, Біржан, Ақандардан қалған қасиетті дәстүр. Осы бір ғана «Дариға-ай» әні арқылы Ержанның әншілігі де, сазгерлігі де самғау биікте шалқып тұр. «Шалқи берсін!» деп тілеймін. «Аңсадым сені» деген әнінде: «Басына Бесбастаудың келдім, жаным», — дейді ғой, іздеп, ансап жүре берсін өнерпаз бауырым!

Соңғы кезде жұрт ықыласын қатты аударған бір ән пайда болды, аты — «Сен мені еске алдың ба?» «Өнерде шекара жоқ» деген рас, бұл әнді біз де айтамыз, Қытайдағы қазақтар да айтады. Жасы менімен қарайлас, Мұқағали ағамыздың өлеңіне жазған «Сағындым» («Құмған алған») әні қазақ әндерінің ішіндегі бір үздігі болып келген Мұратхан Егінбаевтың «Сен мені еске алдың ба?» атты бұл әнін өз әншіміз Асқар Мұқиятұлы жеке де, қос ән етіп те шықпап жүрсе, Мәртбек Бақытұлы бауырымыз да осы әнге ықыласын аударып, Жанар деген әнші екеуі айтқанда, кеуденен жүрегіңді суырып ала жаздайды. «Еске алған қандай жақсы, еске алар адам болса», — дейді көкейіне қона кететін сөзді айтып. Адамды арбап алатын ән, ұмыт бола бастаған ойларыңды, өшіп бара жатқан сезімдеріңді қайта оятып, қайта серпілтетін ән. Өзі де әнші, өзі де сазгер Мәртбектің бұл



Айтбай ТӘСИЛОВ

Малшы Жазықбайдың қыстағынан бес күшіктің шәуілі ат шаптырым жерге естіле бастағанына бірер ай өткен. Ішіндегі басы үлкен, аяғы жуан бақуаттысын отағасы екі құлағы мен құйрық ұшы ғана қара, басқа жағы түгелдей қардай аппақтығына қарай Аккүшік атады. Бесеу итаяқтан ішкен жуындыны місе тұтпай, жақындап келіп жантай кеткен аналарының бауырына жабыса түсіп, таласа-тармаса соруға кіріседі. Бесеудің екеуі әлжуаз. Талас кезінде емшектен қағылады. Ал өз сыбағасынан айырылмайтын Аккүшік, тамақ тойдырудан әрдайым алда. Соны байқаған анасы Ақтөс оны желкесінен тістеп аулақтау апарып тастап: «Осында тұра-тұр...» дегенін жеңіл ырылмен білдірді. Мұндай алалауға есі кіріп қалған Аккүшік «ренжіді». Реніштің жетелеуімен, жарты шақырымдағы шойын жол бойына барып, ары-бері тасырлап өтіп жатқан пойыздарға қарап шоқиып отырған. Жол үстімен қызыл жолақты сары комзолды, сөмке асынған кісі келе жатты. Аккүшік ілезде жақын тұрған бұтаға бой тасалап, кісіні бақылауға кірісті. Оқта-текте тоқтап, рельстердің о жақ, бұ жағын қарағыштап, кейде аз уақытқа аялдап, босаған бұрандаларды бекіткендей сыңай танытып, жүрісін жалғастырып, мұның алдынан өтіп, суы таяздау кішкене өзен үстіндегі қос бағыттын рельстері жатқан шағын көпірге жеткенде, біресе астына түсіп, біресе үстіне шығып, әлденелерді тарсылдата ұрып, сүт пісірімдей уақыт жүріп алды. Содан кейін өзен бойындағы көк майсаға отыра кетіп, сөмкесінен оны-мұнысын шығарып, түскі асын ішуге кірісті. «Жақсы адамды бала мен ит сезеді». Аккүшік мына екі аяқтыдан өзіне қауіп бола қоймайтынын сезіп, тығылған бұтасынан шығып, жақындап барып шоқиды. Кісі де мұны байқап: «Келе ғой...» деп еді, Аккүшік жетіп баруға қымсынып, орнынан қозғала қоймады. Кісі тұрып жатып: «Өле жегенше, бөле жейік!» — деп қолындағы нан қиындыларының арасына қыстырылған екі түйір шұжық кесіндісінің бірін алдына тастай салып, қайтадан орнына барып жайғасты. Асын іше отырып, бұған көз тастап қойып: «Айтқан сөзді ұғатын есті күшік тәрзідің», — деп мақтап қойды. Қомағай Аккүшік бұл кезде бұрын жемеген дәмді шұжықтың қызығына бата, басын шұлғи, құйрығын бұлғай кісіге ризашылығын білдіре шайнап, жұтып жатты. Кісі көп отырмай, заттарын жиыстырып, сөмкесін асынған соң, әлі шоқиған Аккүшіктің жанына келіп, тізесін бүге басынан сипап, құлағынан тартып еркелетіп, азу сүйектерін басып көріп: «О-о-о... Сенен тістеген жерінен айырылмайтын, қасқырмен тайталаса алатын, мықты қазық төбет шығатын түрі бар...» дегеніне Аккүшік құйрығын тағы бұлғактатта қозғалақтап қойды. Кісі қайтадан жол үстіне шығып, келген жағына қарай бет алып бара жатты. Аккүшік артынан ермек болып қозғала беріп еді, өзінің ізінің иісімен тауып келген Ақтөсті көріп,

солай қарай бұрылды. Бізальы Ақтөс ә дегенде «өкпешілді» бірер рет тістелеп жазаламақ еді, алдына түсе сала қыстаққа қарай томпаңдай безіп бара жатқан соң «іштен шыққан шұбар жылан» емес пе, ол райынан қайтты.

Аккүшік ертемен оялды. Басқалары күздің суық таңында бір-біріне тығыла бұйығып ұйқыда жатқанда, бұл малқораларды аралауға шықты. Қысқы соғымға семіргіліп жатқан аттың жанынан өтіп, жаңадан бұзаулаған сиырдың жанына жеткенде кідіріп еді, ол көзін алартып, бұзауын қорғаштай жақындай түскен соң шәңк етіп бір рет үрді де, ары қарай бордақыланып жатқан төрт-бес ісекті төңіреккей тоқтады. Қи мен ісектердің иісін ажырата алмай сәл тұрды. Олар таналакеуімдегі елең-аланда күшіктің бұл келуін түсінбей, жатқан жерлерінен атып-атып тұрып, шағын түнікелі қора бұрышына жабыса түсіп, бозарған көздерімен секемдене қарай қалысты. Күшіктің жан алардай сикы көрінбеген соң, тұрған қалыптарында қайтадан күйістерін жалғастыруға көшті. Жазықбайдың бес жүздей жекеменшік қойы қамалған қораға да енді. Қойларды өріске бастап, кешқұрым қораға еріте оралдыратын қоңыраулы көк серке мұны байқап, сүзбек болып ұмтылғанда, есік тұсындағы кірген қуысынан дер кезінде қашып үлгерді. Жан-жағы биік дуалмен қоршалған бір гектардай аумақтың қой қора жақ шетінде екі бөлмелі жалшыға арналған там бар. Ал орта тұсындағы шифермен жабылып, әктелген төрт бұрыштысында Жазықбай отбасымен тұрады. Үй иелері оянса керек, дәліздің шамы жағулы. Терезеден үстел үстінде шай ішіп отырған отағасы мен әйелі көрінді. Аккүшік тысқы есікке жақындағанда, сөйлеп жатқан әйел даусын естіді:

— Соғымды қысқа салым сояйық. Қаладағы балаларды шақырып, бір-бір жіліктен беріп жіберсек дұрыс болар еді. Қалғаны мына «разъездегілерден» артыла қоймас... Үйде ет таусылды. Ана ісегіңнің бірін сой. Қараңқалғыр тамаққа тоймайтын күшіктерді таныстарыңа таратып беріп, көзін құртсайшы... Шәуілі де жанға тиіп бітті.

— Таратып бергені несі... Бұлардың «пародистый» екенін білесің бе?

— «Пародистыйың» не?

— Сирек кездесетін, асыл тұқымды қазақы төбеттер. Егер шетел асыра алсақ, біреуі мың доллардан кем соқпас еді. Үйдегі шаруаларды тындырған соң қалаға «итбазарға» алып барып, төртеуін жүз доллардан саудалаймын. Өзіміздің малды да қасқырлардан қоритын ит керек. Ана Ақтөс қартайды. Түні бойы ұйықтайды да жатады. Аккүшікті алып қаламыз, — деп Жазықбай итке байланысты жай-жапсарды жіліктен тастады.

Аккүшік ұясына оралды. Үй иесінің өздеріне байланысты «жоспарларынан» хабарсыз төртеу ояна сала бірін-бірі қуалай, аударылып-төңкеріліп ойнауға кіріскен екен. Бұл да оларға қосылып кетті. Жексенбі күні таң ата Жазықбай төрт күшікті «Нивасына» салып, шойын жолдың арғы бетіндегі тасжолға түсіп, жоқ болды. Қайтіп Аккүшік «бауырларын» көрмеді. Тағы бір ай өткенде Жазықбай Аккүшікті тырп етпестей етіп байлап, құлағын кесіп құнтитып, құйрығын кесіп шүнтитып тастады. Дыбысты жақсы естуі және қасқырмен арпалыста шұбатылған құйрық кедергі келтірмеу үшін екен. Жазықбайдың қатыкездігінен «көңілі суынған» Аккүшік мына жарық дүниеде одан да басқа екінші екі аяқты бар екенін жиі есіне түсіретін болды. Соны іздеп жол бойына барып, ұзақ шоқиып отырып жүрді. Қызыл жолақты сары

комзолды кісі қайтып көрінбеді. Амалы таусылған Аккүшік қыс түскенде жолды бойлай кісінің кеткен жағына қарай жүріп көрді. Бір шақырымдай жүргенде алдынан шағын ауыл көрінді. Жолдың шығыс жағында бес, батыс жағында алты үй. Шығыс жағындағы жол жиегінде, шағын қызыл қыштан соғылған ескі ғимаратты байқады. Бұл «43-разъездің» офисі — «Қызыл там» еді. Жақындап, әлдебір қажеттілікке құм салына үйілген қаптарды паналап, ешкімге көрінбеуге тырысып, шыққан-кіргендерді бақылап, жарты сағаттай жатты. Жолаушы пойызы келіп тоқтады. Жүрісі таныс кісі арагидік вагондардың доңғалақтарын тоқылдата ұрып, тексеріп жанынан өте берді. Бұл тығылған жерінен көтеріліп, соңынан ерді. Соңғы вагонға жеткенде, артына бұрылып Аккүшікті көріп, аң-таң болып

еш нәрсе шығара алмады. Ит тістеген жерінен айырылмады. Осы кезде шуды естіп үйлерінен шыққан ересектер, иттен бураны ажыратып, жабылып жүріп аулақтау жерге апарып шөгеріп, тұра алмастай етіп, байлап тастады.

Қыс түсе Әбдібек зейнетке шықты. Қол қусырып отыра алмайтын жанды «Енді не істеймін?» деген ой мазалай берді. «Қызыл там» жаққа қарағыштап, кейде барып, ол жерде мұны іздеп жатқан ешкім жоқ екенін аңғарып, көзі жасаурап кері қайтатын. Содан Әбдібек омыртқасымен ойласуға, қабырғасымен кеңесуге көшті. Онысы қағаз қалам ұстап, «бизнес жоспар» жасауға ұласты. Қыс соңына таман, түскі шай үстінде жоспарын Тұрғанкүлге жайып тастады:

«Алматыда үй қымбат. Әлемнің мен деген қалаларымен тайталасады. Жәнібектің қала шетінен «ипотекаға»

# Сырттан

тұрып қалды. Бұл шалақ құйрығын бұлғандата: «Танымдың ба?.. Мен ғой шұжығынды бөлісе жеген», дегендей сыңай танытты. Есіне түсті білем: «Ә, сен екенсің... Кел бері!» — дегенінде, лып етіп жанына барып тұра қалды. Өткен жолғыдай басынан сипады. Кісі — осы «разъездегі» жол қауіпсіздігіне жауапты жұмысшы Әбдібек еді. «Жүре ғой», — деп Аккүшікті ертіп, «қызыл тамға» қарай бет алды. «Сен сәл күте тұр», — деп кіріп кеткен оныңкезекшілік уағы бітсе керек, сары комзолсыз қайта шығып, өз үйіне қарай бастай берді. Үйіне жеткен соң есігін ашып, Аккүшікке: «Оң аяғыңмен кір», — деп ескертті. Қайсы аяғымен кіргені белгісіз, кіре сұмандап аула ішін адақтап кетпей, қақпа тұсында шоқия қалды. Бұл «сыпайылығы» Әбдібекке ұнады. Әйелі көрінді. Артынан есейіп қалған немересі шығып: «О, атам ит әкелді!» — деп қуана айқайлап еді, үй ішінен тағы бала мен қыз жүгіріп шығып Аккүшікті ортаға алып, мәз-майрам болыса кетті.

— Аты қалай? — деді әйелі Тұрғанкүл.

— Сырттан келді ғой... Сырттан атайық.

Осы мезеттен бастап Аккүшік Сырттанға айналып, «жақсы екі аяқтының» үйіндегі өмірі басталды. Байланбай бос жүрді. «Сыпайы» Сырттан жұртты мазалап, жөнсіз үрмейді. Кейде тысқа шығып ойнайтын үш жасар Жәния мен бес жасар Нұржанды қадағалап, қақпа тұсында шоқиып отырғаны болмаса, көшеге де көп шықпайды.

Жаз ортасында топ түйе, ішінде бурасы бар, «разъезге» келді. Көше басында өзіне шәуілдей үріп, аяғына орала берген кішкене күшікті таптап өте шыққан бура, бері келе жатты. Сырттан әдетінше қақпа алдында отырған. «Қызыл там» жақта ойнап жүрген Жәния бураны байқап қалып, үрейлене үйге қарай қаша берді. Аузынан көбік шаша, шайқала желуге көшкен бура, мойнын соза Жәнияны қуып келеді. Сәл кідіріс болса, аяғымен таптап жіберері анық. Атыла ұмтылған Сырттан, қызға таяп қалған бураның мойнының тамақ тұсынан жармасты. Қуатты бура басын Сырттанмен қоса көтеріп, иттен құтылмаққа жоғары-төмен, оңға-солға шайқай сілкілегенімен

алған екі бөлмелі пәтері отыз миллион теңгеден асып түседі екен. Ол ақшаны банкке төлеп құтылғанша отыз жыл өтіп, зейнетке шығатын жасқа да жетеді. Со неменің көзімнің тірісінде, қарыздың қамытын мойнына іліп жүргенін қаламаймын. Оның да «қарыз» деген пәле есіне түскен сайын, еңсесі жаншылар... — деп, отбасылы екінші ұлының жайын алыстан қозғады.

— Сонда не істемекшісің?

— Мына түстіктегі «Бөріойнақ» жотасының қойнауында Кеңес кезінде «Мәдениет» кеңшарына қараған қойшының қонысы қараусыз жатыр. Осы біздің үйден көрінеді. Шамамен алты-жеті шақырым... Барып көрдім. Әлдебір пысықтар «кашардын» үштен бірін қиратып, қышын алып кетіпті. Үш бөлмелі үйдің есік-терезелерін әкеткенімен, қабырғасы орнында, төбесіндегі шифрлары жайында. Қысқасы, сол қонысты айналасындағы жайылым жерімен жекешелендіріп, қой бағумен айналыссақ, Жәнібектің ипотекасын тездетіп жауып тастар едік.

— Қонысты жөндеуге, қой алуға қаражатты қайдан алмақшысың? Оған көп ақша керек қой... Жәнібектікінен құтылам деп жүріп, өзің қарызға белшеннен багып, соңында тұтылып жүрме... — деп, Тұрғанкүл отағасының ойын онша құптай қоймағанын сездірді.

— Банктен несие аламыз... Бәрі алып жатыр. «Қатерге бас тікпеген, шампан ішпейді». Бас тігіп көреміз. Қой дегеннің төлімен өсімі жақсы болады. Мәселен, есік алдындағы биылғы төлімен қырық екіге жеткен қойларымыз екі жыл бұрын базардан сатып әкелгенімде он еді. Үш жүз қой алсақ, жем-шөбі болса, бір-екі жылда екі есе көбейеді. Бір жылдық төлінен жүзін базарға шығарсақ, орташа есеппен бір ісек елу мың десек, «пожалыста» бес миллион қалтаңда. Қой санын мыңға жеткізсек, жыл сайын үйіне қап-қап ақша кіріп, баланың да. өзіміздің де банктегі қарызымызды жауып тастаймыз.

— Аты жаман екен. Бөріойнақ! Жыл сайын қасқырлар осы «разъездегі» малды үйлерге тыным бермей жатқанда, ол пәлелерін аты айтып тұрғандай өздері түтіккен жердегі қоныста жалғыз отыратын бізді жүндей түтпей ме?..

— Сырттандай азулы итіміз бар...

Косауыз бар... Карсыласып көреміз.

— Саған салса, бәрі оп-онай...

— Оңай жерде мал болушы ма еді! Ұрынып көрелік бәйбіше. Мен бәрін елеп-екшедім. Жаман болмайтын тәріздіміз. Бес-алты жыл айналдырып, жетпістің төбесі көріне бастағанда тыныштық іздерміз. Мүмкін, жөн десе, мұғалімдіктерінен бүйірлері томпаймай жүрген Қали мен келін ары қарай жалғастырар...

Шалының алған бетінен қайтуы қиын екенін білетін Тұрғанкүл: «Өзің біл» деумен шектелді. Бұдан кейін Әбдібек қой бағу жөніндегі ниетін сол аймақты тұратын нағашы және қайын жұртымен ақылдасып, көмек сұрады. Олар қыстақтағы үй мен қашардың жөндеу жұмыстарын мойындарына алатындарын білдірді. Өзі Қалимен қосылып әкімдіктерді, банктерді, базарларды

шақырымға дейін жортуға қауқарлы. Сондай кездерде сәтін салып жемтігі де кезіге кетеді. Қыстақтан көрінетін жақын тауларда апандары бар қасқырларға, енді арып-ашып, алыс жортуылдарға шығудың қажеті болмай, «асханасы» дәл бүйірлерінен табылайын деп тұр. Он бес жылдан бері малсыз, жансыз қанырап бос қалған қыстаққа қоралы қойдың оралғанына бір қуанса, алдымен осы қасқырлар қуанатын болды. Өлексе жемейтін Қасекең, қойдың жас етін аңсағанда, тісін қайрап, шыдамсыздана сәтін күтіп, осы қыстаққа көз тігері анық. Олар: «Жемтігімнің иесі бар, рұқсатсыз алғаным ұят болар-ау...» деп сызыла қалмайды. Немесе: «Қойшы мырза, мына суықта қарнымыз ашып, ішегіміз шұрқырады... Бір қойыңызды садақа ете салыңызшы!» — деп, алақан жайып қиылмайды да. «Берсең қолыңнан, бер-

мен зәлімдігіне бақан бойламайтын» олар, еңістегі жырада тығылып жатып, таңалакеуімде, отар өріске бет алғанда бас салуды ойластырды. Әбдібек күндегідей қашар есігін ашып жібергесін бейқам, қорғансыз қойлар өріске ентелей өріп бара жатты. Сырттан соңынан ерді. Әбдібек атын ерттеп, мініп шығуға үйге оралды. Осы кезде жырадан атыла шыққан ұялас, бес қасқырдан тұратын топ лап қойды. Алдында келе жатқан серке, қонырауын даңғырата серпіле кейін қашты. Оған ілесе дүркірей қашқан қисары қойлардың құйрықтарын жұла қылқытып, кейбірінің шабынан тарта жарып үлгерген қасқырлар, Сырттан жетем дегенше, қас пен көздің арасында бес-алтауын жайратып тастады. Сырттан жақындап қалғанда жалт беріп, бір қойды екеулеп өңгеріп, адырға қарай безіп ала жөнелді. Табандата қуған Сырттан соңында бара жатқан бірін секіре бел тұсынан тістей омақастыра құлатты. Бел омыртқасы үзіліп кетті ме, қасқыр жамбасын көтере алмай, артқы аяқтары сүйретіліп, қозғалуы мұн болды. Сонда да бетпе-бет бір-біріне қарағанда, айбат шегіп, тісін ақситты. Ызалы Сырттанның аузына қос құлағының арасы ілінді. Бар пәрменімен жұлқи тартып қалғанда, бас сүйегі тұмсығына дейін аршылып, қасқыр үн шығармай, бүйіріне жантая берді. Бұл кезде ұяласына қайрылмай қашқан төртеу, «олжасын» өңгерген қалпында белден асып кетті.

Қыс ортасына таман жоқ болып кеткен арлан қасқыр пайда болып, жылы-жұмсақ қой еті қауіпті ұмыттырды ма, қашар дуалынан асып түсіп, қойларға тап берді. Аппақ қардай ақ Сырттанның өзіне жақындап қалғанын, қарта бастап, кейбір сезім тетіктері істен шыға бастаған арлан аңғармай қалды. Соны пайдаланған Сырттан дыбыссыз ұмтылып, өзінің «қозыры» кеңірдек тұсынан тістей жығып, ары-бері бұлқынған қасқырды тырп еткізбей жабысты да қалды. Бірер минуттан кейін, ауа жетпей тұншыққан қасқыр жан тапсырды.

«Иттік уақыт» тез өтеді. Олардың бір жыл өмірі біздің үш жылға татиды дегенді еске алсақ, Сырттан барлық жағынан толысқан шағына келді. Күшік кезінен өз таңдауын жасап, жаны қалап, «жақсы екі аяқты» санаған Әбдібектің басты мақсаты қойларды аман сақтап, көбейту екенін Сырттан сезді. Әбдібектің қаражат табуға бағытталған күрделі, күрмеулі ісін санасы ұғына қоймаса да, ол істің жүзеге асуына шама-шарқынша адал қызмет атқарып, иесімен бірлесе күндіз-түні қатерлі сәттерді басынан кешіріп, өмірін өткізіп жатты. «Андысқан жау, алмай қоймайды». Жау көп. Бірін жойса, екіншісі бас көтереді. Ылғи жеңіс қайдан бола берсін... Күндердің күнінде сәтсіздік те күттіре бермей, жетіп келеді. Сондай кезең таяп қалған еді. Ақпанның аяғында күні бойы өрісте болған отарды кеш түсе қыстаққа беттетіп келе жатқанда, ат үстіндегі Әбдібектің құлап түсердей мазасы кетті. Бірер күннен бері тұмауратқанын елемей жүрген. «Үйге барып дәрі, шай ішіп, өзіме келген соң отардың алдынан шығармын» деген оймен қойларды Сырттанға қалдырып, өзі оза бөкен желіске салып, үйіне беталған. Тұрғанкүл шекесін басып көріп: «Денең от болып жанып тұр», — деп температурасын өлшегенде, онысы қырықтың үстінде тұр екен. Шай мен аспирин ішті. Осы арада екі сағаттай уақыт өтіп қас қарайып қалғанда, бірден қатты суық жел азынап, қарлы боран соғып, ат құлағы көрінбейтін ақтүтек басталды. Жағдайы түзеле қоймаған Әбдібек малын іздеп үйден шықпақ болып еді, Тұрғанкүл: «...малы құрысын, жаныңды ояла!» деп

есік алдында көлденеңінен қасарсып тұрып алды. Тұрғанкүл ұялы телефонын қайта-қайта түрткіледі. Әзер дегенде келініне шықты. Қалиды мектебі бір айға қалаға білімін жетілдіруге жіберіпті. «Разъездегі» көршілері Жұманның әйелімен байланысып, мән-жайды жеткізді. Мыңболғыр Жұман өзінің «Беларус» тракторына Әбдібекпен достық пейілдегі Еркінді мінгізіп шыққанымен, адасып кетіп, үш сағат дегенде әзер жетті. Ақылдаса келе қойларды таң ата іздеуге келісті. Таң сөз бере жағдайы іздеп жеңілдеп қалған Әбдібекте ере шықты. Боран басылып қалыпты. Іздеп келеді. Қар басқан меңіреу дала. Мелшиген төбе, қыраттар. Көз жетер жерде қарайған еш нәрсе көрінбейді. Түнгі боранның соғу бағытын елей, осылай ықтаған болар деген жорамалмен, қыстақтан алты шақырымдай ұзағанда, сайда үйілген отар көрінді. Қасқырлар өздеріне шапқанда, «стрестің» көкесін көрген қойлар алдымен көздері шекесіне шыға трактордағы бұларға қарап қалды да, үркіудің орнына «құтқарындар» дегендей елпендей басып, шұбыра жақындап келе жатты. Отардың қыстақ жағында жатқан өлі қасқырды Еркін аңғарды. Әсте ұяластарынан шеттеу шыққанын пайдаланған Сырттанның ісі. Екінші шетінде, қасқырды тамағының бауыздар тұсынан тістеген қалпында қатып қалған өлі Сырттанды көргенде, Әбдібектің көзінен еріксіз жас шығып кетті. «Сырттаным-ай!» — деп күбірлей еңкейіп, итінің басынан сипап, сәл шоқиып отырып қалды. Қар бетіндегі іздерге қарағанда, қасқырлар қойларға бұлар келерден көп болса жарты сағат бұрын шапқан. Сырттан екінші қасқырды тамағынан алып жатқанда, басқа бірі артынан келіп шабынан тарта айырып, ішек-қарнын ақтарып жіберіпті. Қасқырлар төрт қойды тамақтап үлгеріп, әлденеден, мүмкін трактор тарылынан секемденді ме, асығыс екі қойды өңгере қыр асқаны іздерінен байқалды. Әбдібек Еркінге мылтығын окшонтайымен беріп жатып: «Қойларды қыстаққа айдай бер... Атқа мініп, алдыңнан шыққан соң Жұманмен қайтып кетерсің», деді. Өлген қойлар мен қасқырларды трактор артындағы қос дөңгелекті шағын сүйретпеге салды. Содан кейін тонын шешіп, оған Сырттанды орап, Жұманмен екеулеп кабинаға енгізді. Түс ауа Сырттанның көрпешеге оралған денесін Тұрғанкүл екеуі сүйрелеп жүріп, қос тасты төбешіктің ұшар басына алып шықты. «Жақсы иті өлгенде иесі аузына бір қасық сары май салады» дегенді де ұмытпай, ұзақ әуреленіп жүріп көмді.

Көктемге салым отарын бірер күнге Қалиға қалдырып, қалаға бармақ болды. Пойызға мінер кезде Еркін жолыға кетіп, жөн сұрасты.

— Анадағы өлген итінің басына естелік тас қояйын деп ем... Соған тапсырыс беруге бара жатырмын. Немеремді ажалдан қақты... Ит те болса, кейбір сатымпаз, әумесер наданнан артық еді... Қаншама жақсылығы болды... — деп шынын айтты.

— Ойпырм-ай, ә... Біз естелікті жүрегінде сақтайтын халық емеспіз бе?! Бұрын-соңды өлген итінің басына тас қойған қазақты естімеппін.

— Онда біріншісі мен болармын, — деп, вагонға көтеріле берді.

...Аспан ашық күндері «43-разъезден» көз салғанда, «Бөріойнақ» жотасының қойнауындағы төбешік басынан күнге шағылыса ағарандап көрінетін шағын естелік тас, ақ мраморға иттің бас бейнесі қашалынып, астына: «Сырттан 2005—2007 жж.» деп жазылыпты.

### Әңгіме)



жағалап жүріп, сәуірдің ортасында өзі жоспарлаған үш жүз қойдың иесі болып шыға келді. Киіз, көрпе-жастық, ыдыс-аяқ, азықтық заттарды Қали автокөлігіне артып, анасын немерелерімен қоса мінгізіп, жаңа қоныстағы үйге жеткізді. Сырттан да сондарынан ере барды. Қыстаудағы көктемгі көрініс бәріне ұнады. Төңірек нұрға бөленіп, төрге төсеген құрақ көрпедей құлпырып тұр. Өлі мал таптап үлгермеген үй тұсына дейін қызғалдақ қаптап кетіпті.

Желпи соққан баяу самал, қыстақ желкесіндегі шөккен түйедей екі тас жайғасқан төбешіктен Сырттанға иіс жеткізді. Сол жақтан бұларды тапжылмай байқап, бақылап тұрған көз барын сезді. Төбешікке қарай абаламай, үнсіз жүгіре жөнелді. Тастарға да жетті. Екі тастың арасында жатып, бұларды бақылағанның иісі, қасқырдыкі екенін ажыратты. Тез төбешік басына көтерілгенде, төмендегі сай етегіндегі бүрген арасына сіңіп бара жатқан арлан қасқыр сұлбасын байқап үлгерді. Бұл жақтың сай-саласын жетік білетін қасқырдың соңына түсу өнімсіз шаруа болатынын сезген Сырттан үйге оралды. Енді арланынан хабардар болған қасқырлар қойлы қыстақты жайына қалдырмайды. Иә, олар ешкімге есесін жібере қоймайтын тұз тағылары... Әлемнің көптеген елдерінде жұртқыш аңдар әртүрлі себептермен жойылып кетіп жатқанда, бұлар ғасырлап адамзатпен бірге өмір сүруін жалғастырып келеді. Қайсарлық та, ептілік те, тектілік те, зәлімдік те, көнбістік те, кекшілдік те бойларынан табылады. Бүк түсіп апанында жатқанға ас қайда... «Қасқырды аяғы асырайды». Бір түнде жүз, ал қар басып қалғанның өзін де қырық-жетпіс

месен жолыңнан» деп айламен, әдіспен, қатыгездікпен астасқан қайсарлықпен, қасқырлығына салып, тек күшпен тартып алуға бейім екені мәлім және ол мақсатына жету үшін өлімге де бас тігеді.

Түс ауа күрең төбелге мініп, қойларын айдаған Әбдібек көрінді. Теміржолшылықта мінсіз, жұмысын тиянақты атқарып, ғұмырын өткізген жанға ата кәсіп — қойшылық та тосыққай қоймас деп топшылап, шаруасын ары қарай дөңгелетіп әкететініне сенімді. Сенімі алдамады. Көп ұзамай үш жүз қойдың екі жүз шамасындайы буаз болып, қой қоздату басталды. Егіз туғандары қаншама... Ойға алынған «бизнес жоспардың» орындалуының бастапқы силуэті Әбдібекке жақындан қол бұлғай бастады. Қасқырлар да қарап жатпады. Олардың да өз «жоспарлары» бар... Қойдың бір шетінде мылтық асынған ат үстіндегі Әбдібек, екінші шетінде Сырттан жүрсе де, ебін тауып екі қозыны іліп кетті. Қозыға тісі мұқалған кәрі-құрған қасқыр мен бөлтіріктер құмар. Алып кетуге жеңіл, еті тіске жұмсақ дейтін болса керек. Қасқырлар қойға шапқанда бірерін ғана місе тұтпай, ауызға ілінген жерін, мәселен, құйрығын опыра жұлып жеп, кеңірдегінен қиып, тосқауыл болмаса, қырып салып, сұлатып кете береді. Қажет пе, қажет емес пе қарамайды. Мейлінше көбірек жайпау — басты мақсат. Геномынан солай берілген. Үшінші қозыны ала қашқан жас қасқырды Сырттан байқап қалып, соңына түсті. Тәжірибесіз қасқырды төбеден асырмай қуып жетіп, опай-топай алыса-жұлыса алқымынан алып, Әбдібек шауып жеткенше өлтіріп тастады. Ұяластарды аштық мәжбүрлеп, Әбдібектің отарын айналдыруын жалғастыра түсті. «Қулығы

**Бүбішхан ТИКЕБАЙ,**

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Мәдениет саласының үздігі

Жетісудың қызымын жерім «Сүмбе».  
Таң атқанда табынам Айға-Күнге.  
Туған жер, өзіңе арнап жазам өлең,  
Шырт ұйқыдан оянып жарым түнде.

Төбіренем, өзің жайлы ойымды өріп,  
Туған жер, жомарттығың елге көрік.  
Жетісудай жері бар, мына елдің,  
Арманы жоқ дер едім, сені көріп.

Кім өтпеді өмірдің өткелінен,  
Жылда күліп кездесем көктеміммен.  
Жамбыл—Жәкем маржан жыр  
төгіп кеткен,  
Гүл өскен кең даламыз көрікті екен.

Жер жаннаты — Жетісу көрікті өлкем,  
Ақыны, әншісі бар ала бөтен.  
Батыр, жырау, шешеннің — бәрі осында,  
Ассалаумағалайкум, атамекен!

\*\*\*

Ақ таңның арайынан нұрды құшқан,  
Көктемде аққу қонып, үйрек ұшқан.  
Аққанда Жетісудың жеті өзені,  
Туған жер бір түлейді күншығыстан.

Қыздарын ақын етіп тұр Жетісу,  
Далаға дәнін сеуіп гүл Жетісу.  
Мал мен жан өмір сүріп келе жатыр,  
Батырларын шыңдаған бұл Жетісу.

Айта берсе таусылмас қырдың әні,  
Жетісудың төрінен жыр құлады.  
Жамбылдың, Сүйінбайдың жырларынан,  
Әлі де айтылып жүр бұлбұл әні.

Алатаудың басынан Сұңқар ұшты,  
Жұмбақ тасы қарсы алар қыран құсты.  
Көкше таудың төріне құс қонақтап,  
Сексен көлді жағалап сусын ішті.

Қазақтың жетіп жатыр кең даласы,  
Өнерлі емес деңізі, қай баласы.  
Жеріне ұқсап көрікті көркем келер,  
Өзі жүрген аймақтың айналасы.

Рақмет, туған жер көрікті өлке,  
Тәж киіп, алтын алқа тақтың ерте.  
Ел-жұртың аман болсын арқа сүйер,  
Жер ләззатын сіміре бер, Құдай берсе!

\*\*\*

Бұл елдің берік қорған, тірегі кім?  
Менің бабам елін-жұртың, қорғап қалған,  
Қарақұл Татанұлы түлегімін!  
Мәңгілік есте қалар бұл бір есім,  
Қазақтың наші ететін өмір көшің.  
Ұрпағы ұмытпастан есте қалсын,  
Қарақұл Татанұлы деген есім.  
Құт болсын қазағымның мекеніне,  
Ұрпағы айта жүрер өз елінде  
Жүрекке бақ орнатып ел сыйлаған,  
Ерлік дастан тұрсыншы өз мекенінде!

**Қарақұлдар...**

Ассалаумағалайкум, батыр ата!  
Тарихта қалған ізін болмас қата.  
Тағдырдың тар жолында шайқалп өткен,  
Өр кеуде, еңселі ел, алған бата.

Ел үшін шайқасады, батыр туған,  
Ер жүрек атойлатып жауды қуған.  
Арыстандай ақырып қол бастайды,  
Қарулы екпінмен белді буған.

Қарақұл, Қарақұл, Қарақұл, деп,  
Мың әскер атойлатып кетті дауға.

Қарақшы ел тонаушы жау келген соң,  
Қарсы тұрып, тойтарыс берді жауға.

Соққанда заман ақыр, желі мына,  
Күн-түні алмастырып демі тына.  
Ұрпақты қорғап қалар күн туған соң,  
Амалсыз атқа мінген белді буа!?

Көк бөрінің қаны бар тамырында,  
Жолбарыстың күші бар жүрегінде.  
Айдаһардың лебі бар өзегінде,  
Балуан шолақ күші бар білегінде.

Әлмерек атасының құдіреті қолдаған,  
Райымбек батырдың ерлігіне таңғалам.  
Өткен өмір жалғасы, өркениет салған ән,  
Мұқағали ақынның өлеңіне жалғаған.

Бабамның тұлпарының ізі қалған,  
Өтіпті не бір жауыз, айдаһар жан.  
Өтіпті бізден бұрын, өрт шалған жер,  
Тарихта қатпар-қатпар жол бұралаң.

Қарақұлдар,  
Құшағыңда өсірген ұл бар, қыз бар,  
Табиғатта көктем бар, жаз бар, күз бар.  
Қара дала жатады буырқанып,  
Туған жер, көрікті аймақ, құзар шыңдар.

# Жетісу – алтын мекенім!

Мен болам, намысты қыз, сенен туған!  
Кіндігімді таудағы шөптен буған,  
Жөргемді жаңбырдың суы жуып,  
Кендір жіппен анашым белін буған!

Кендірмен құлаш-құлаш, арқан ескен.  
Жүк артып, түйе байлап, еркін көшкен.  
Даланы дүбірлетіп малын айдап...  
Кең жайлау, жазық дала емін өскен.

Туған-жер сен аман бол, ғасыр бойы?!  
Адамның ақыл-нақыл, көркем ойы.  
Сен арқылы жетеді ғасырларға,  
Қымбатты асыл сөзі, сәулетті ойы.

Сол дала бәрімізге, ырыс бүгін,  
Жайқалған жас кілемдей жайнап тұрғын.  
Аман болсын, ырыс-құтым, қазыналы,  
Сен жайлы, өскен өлкем, жырлап өтем!

Тарихтың тар жолында даңқы асқан,  
Қарақұл Татанұлы болған дастан.  
Жоңғардың қанын судай ағыздырып,  
Ұрпаққа тастап кеткен мол қазынаң.

Жер-ана белгілі ғой сенің жайың,  
Ғасыр бойы келесің өсіп дәйім,  
Ұмытпайды бабаңның бұл ерлігін?!  
Қарақұл аруағыңнан айналайын!

**Қарадала**

Асау толқын теңізбенен арбастым,  
Көкжалдардың тізгініне жармастым.  
Биік шыңның өрмеледім басына,  
Ақыл болды алдымдағы қолбасшым.

Бой көтерді бабамның өр кеудесі,  
Сүйінші, елім-жерім мекен осы.  
Кең көсіліп жата бер, жерім міне,  
Қазақтың қара дала бай өлкесі.

Қарақұл әкем аты батыр туған,  
Алтын таңның арайына бетін жуған.  
Зәмзәм суы басталар алып шыңнан,  
Сарқырама кетті ағып, толқын қуған.

Қазақстан — Гүлістан гүлге оранған.  
Егінді алқап, кең дала, самал соққан.  
Туған жерді түлеткен жасыл аймақ,  
Малың жатыр маңырап, жайма шуақ.

Жусанды, изені мен адыраспан,  
Адасқан ел, сол шөппен елін тапқан.  
Шайқурай, май қарағай, шөбі шүйгін,  
Бал тамған ақ қайыңның сағасынан.

Бұл жердің шөбі де ем, қурайы да,  
Жерде жатпас бекерге тал қайың да.  
Өзім өскен өлкені мадақтасам...  
Шөптері де, дәрі боп тұр таңдайымда.

Туған жер, өскен өлкем сен барыңда,

Жалғасар күндер күліп таңдарыма.  
Қазірше соғып тұрса сол жүрегім,  
Тірлікте жеткізеді арманыма!

Қосағаш — көлбастауы атамекен,  
Бидайық арпалықты мекен еткен.  
Ақтам мен «Сұлушоқы» көрікті әсем,  
Сұлуна мен Қанапия өскен өлкем.

Сонда өтті жастық шақтың көктемдері...  
Сенен түлеп ұштым да көкке өрледім.  
Аяулы атамекен Қарадала,  
Елім деп соққан жүрек мен бір балаң.

Қайта түлеп жаңғырған сол далаңа,  
Еңбек етіп келеді, не бір жайсаң.  
Өсе бер, өркендей бер күннен күнге,  
Отаным, туған елім, ата-бабам.

Алатау сен бір биік тұрған шыңнан,  
Суыңды ағыза бер жасап думан.  
Көркейтін даладағы егініңді,  
Жата бер мекеніңде, тасып толған.

Қарадала көрікті, өлкем менің,  
Жырымды гүлге орап көркемдедім.  
Қарақұл Татанұлы салған жолмен...  
Ұрпағың келе жатыр өсіп сенің.

Бір заманда осыдан 300 жыл бұрын.  
Ойран төбе — жауға ойран салған жер,  
Әке-шеше зар еңіреп қалған жер.  
Көлі бітіп шөлі қысып аңызак,  
Сағат жүрмей күн ұзақ.  
Құрылыпты көп тұзақ,  
Тағзым етпей өтпейдер!

Ұшқан құс пен жүгірген аң анталап,  
Қарға құзғын, өлексеге тойған жер.  
Құс базары болған жер,  
Дұға қылмай мына жерге келмеңдер.  
Ата-баба аруларын көмген жер,  
Бала-шаға бесігінде өлген жер,  
Жас арудың тамырынан ыршып қан,  
Сәбилері жөргегінде тұншыққан,  
Отау тігіп от жаққанда сол жастар,  
Шаңырағы ортасына түскен жер.

Қазақ, қалмақ арыстандай айқасып,  
Аузы қанға толған жер.  
Сонда қалды беті жабық, қазған көр.  
Бұл тарихта «Ойран төбе» атанып,  
Мәңгі бақи ел есінде қалған жер.  
Естен кетпес жауынгер  
Ұмытпаңдар ұрпақтарым,  
Қасиетті туған ел,



Қара жер, асты батпақ, үсті кілем,  
Сол жерге ізін тастар, жақсы кілең.  
Сол жерге атойлатқан шаңын қағып,  
Той тойлап өткен қазақ, соны білем.

Қарадала көк шалғын асқар белім,  
Енді келді кезегің өскен жерім.  
Гүлдене бер, жыл сайын сайын далам,  
Мен де бір, ерке қызың болған едім.

Ыстық су бар, қызыл мия емдік шөбі,  
Дем алып шет елден де, келді көбі.  
Жерімнің қасіретін көрмесе де,  
Қасиетін ұлтына берер, енді?!

**Ойран төбе**

2005 жылғы тамыздың 12-13 күні  
Шәлкөде жайлауында  
Райымбек баба рухына арналып,  
300 жылдық той өтті...

Ақ боз атпен шауып келем,  
Жеткен жерім Торайғырдың жазығы.  
Естіледі сұлу қыздың наз үні,  
Артта қалды сылдыраған бұлақтар,  
Тау мен тастың көркін көріп сыр ақтар.  
Сырға толы, жырға толы өмірде,  
Жас көктемде бой түзейді құрақтар.

Көз алдымда Ойран төбе жазығы,  
Талай батыр тасқа қайрап найзасын.  
Жарқылдаған оқ пен оттың ортасы,  
Өліктердің қатып қалған қаңқасы.  
Қалмақтар мен шабуылдап айқасқан.  
Ерлер өткен, омырауын оққа тосып  
шайқасқан,  
Түн ұйықтамай, кірпігі бір айқаспай,  
Райымбек — қол бастаған батыр ер,  
Сол кездегі, өр кеуделі қолбасшы.

Ойран төбе — қан майданның ордасы,  
Жауынгерлер қан мен жуған беттерін.  
Жаральар қан кеітті боп өткен күн,

Сендер соғыс көрмеңдер!

**Сүмбе менің**

Сүмбе менің,  
Көк аспан, таулы қырат, жүрген жерім.  
Осы жолмен жайлауға, елім көшіп,  
Осы жолмен мал айдап үйренгенмін.

Сүмбе менің,  
Тау бөктері, гүл теріп өскен елім.  
Қырқада қойлар қоздап, жүнін қырқып,  
Қанапия, Үсенбай төккен терін.

Сүмбе менің,  
Суын ішіп, шөбін шапқан,  
Күзеуде егін орып, бидай артқан,  
Ауылымның кең пейілді адамдары,  
Алдымнан қымыз сыйлап, шөлді басқан.

Сүмбе менің,  
Білімнің ақ ордасы адам еткен,  
Әліппенің бетін ашып, мейір төккен,  
Ұстаздарым —  
Айдархан, Нұрғали, Педжан ағай,  
Өмірді білімнен өркендеткен.

Сүмбе менің,  
Байғозы, Қасымқан мен Бексырға ағай,  
Біліммен сусындатты бізді талай.  
Тарихтың аударатын түбін қазып,  
Өмірден өтті ағалар бір қайрылмай.

Сүмбе менің,  
Қайран бауыр туыстар көз көргенім,  
Тарихта қалды іздерің жүріп өткен.  
Бұл Сүмбе қасиетті атамекен...  
Мен қалай аттап кетем ата тектен.

Сүмбе менің,  
Қарақұл Албандардың мекені бұл,  
Ата-бабам сап кеткен ескерткіш тұр.  
Ізі қалған ізгінің өткен жолда, тәуіп етіп,  
Аталарға кеп тұрған қызық ғой бұл!



## ӨҢ МЕН ТҮСТІҢ АРАСЫ

Көз іле алмадым...  
Айқаспай қойды кірпігім.  
Өзімді алдадым...  
Таппады жаным бір тыным.  
Өң менен түстің өрнегін тоқып өлермен,  
Шырғалаң ойдың жамай алмадым  
жыртығын.

Мазасыз ойлар,  
Санама сызып сырғағын.  
Қияли жырлар,  
Ұйқымды тағы ұрладың.  
Шашырап миым бөлініп атом бөлшекке,  
Қуыс кеудеде ілініп қана тұр жаным.

Шырыққан жүйке...  
Жанардың жағып шақпағын.  
Көтере алмадым,  
Сыр беріп түннің батпанын.  
Ұмтылып шығып түнектен мынау тезірек,  
Ұмсынып күнге, аңсадым таңның атқанын!..

## ШАБЫТ

Сен қайтесің, көңіліңді мұң басқанда,  
Өз-өзіңмен оңаша сырласқанда?  
Мұқағали Мақатаев

Мен қайтемін, қамығып жабыққанда?..  
Түн көйлектің түймесін ағытқанда.  
Зілмауыр ойдан көрпе жамылып ап,  
Отырамын жанарды жағып таңға.

Көңілімнің күмбезін мұң басқанда,  
Оңаша өз-өзіммен сырласқанда,  
Мұңлық түннен сүйретіп сүлдерімді,  
Талықсып кеп көрісем зарлық таңға.

Сансыз сұрақ миымды шырғағанда,  
Түн түнегі ұйқымды ұрлағанда.  
Қиялдың құшағында тербетілем,  
Жалғыз өзім қалғандай бұл ғаламда.

Дәл келердей кей кезде сандырағым,  
Мүжгіп ойды, таңымды таңға ұрамын.  
Көзге түртсе көргісіз қара түнде,  
Жасырынып жүргендей аңдығаным.

Шабытымның шұғасын шыр шығармай,  
Ұмтыламын жинауға тыншыға алмай.  
Алақаннан үмітті ұшырамын,  
Үдесінен арманның бір шыға алмай.

Желаяқ жыр жанымды жегідей жеп,  
Қалың ойға тағы да жегілем деп.  
Жынды адамдай біресе сақ-сақ күліп,  
Мұңды адамдай біресе егілем кеп.

Шарабынан шабыттың ұрттай ішіп,  
Әлемінде қиялдың құстай ұшып.  
Дүниені кезіп кеп төсегіме,  
Сілем қатып құлаймын мұрттай ұшып.

## ДҮР ӨЛЕҢ

Ғайыптан,  
От көрдім.  
Жанардан жарқыл туғызған.  
Көркемдігіндей көктемнің,  
Санадан мұңды қуғызған.  
Сел көрдім,  
Көңілдің лайын жуғызған.  
Жел көрдім,  
Толқыннан толқын туғызған.  
Дір еттім...  
Бір екпін,  
Шымырлап жанды баураған,  
Дүлей дауылдай жасулаған.  
Суырып түнектен,  
Лақтырды әлемге,

Ләйлә  
БАҚДӘУЛЕТҚЫЗЫ  
Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
түлегі,  
Қазақстан  
Жазушылар  
одағының мүшесі.

# ТҮНЕК ОЙДЫҢ ТҰМАНЫНДА ТҮНШЫҒЫП



Қалың өрт қаулаған.  
Сұрапыл ішінен,  
Рухыма жолықтым,  
Өзімнен аумаған.  
Есімді жиғанда зіл басқан,  
Айналам тып-тыныш,  
Ештеңе болмаған.  
Сәт қайда сырласқан?  
Меңірейіп тұрды аспан,  
Жұлдыздар жаумаған.  
Шыр еткен,  
Дүниені дүр еткен,  
Өзімнің жүрегім екен ғой,  
От болып лаулаған.  
Апырай!..  
Бұл тұмса өнердің,  
Айтшы, өлең!  
Парқыңды білетін,  
Төрең кім?  
Жанардым,  
Көнердім!  
Саралар салмағын өремнің,  
Мендегі беймаза тылсым күш,  
Құдіреті екен ғой өлеңнің!

## ПӘК СЕЗІМ

Шарпығандай махаббаттың от демі,  
Шақырғандай жастығымының көк белі.  
Алып ұшты неге менің жүрегім?  
Оралғандай он сегіздің көктемі.

Тұра қашып мидағы ойдан сан қилы,  
Көңілімнің шағаласы шалқиды.  
Көкірегіме орнап алған жұмақтан,  
Қызғалдақтың жұпар иісі аңқиды.

Дала мөлдір шықтан моншақ таққандай,  
Күн де шығып келе жатты ақ маңдай.  
Жан дүнием әсем әнге айналып,  
Бүкіл әлем бірге ән сап жатқандай.

О, махаббат, құдірет пе ең, желік пе ең,  
Айырдың ба, жігерім мен еріктен?  
Кешпеген ем бұрын соңды мұндай күй,  
Оны жиі ойлай берем неліктен?

Күлкісі де, сөзі де оның тым тәтті,  
Жанарынан көрем ылғи бір бақты.  
Мезгілінен кеш жолыққан кейіпкер,  
Мөлдір, тұнық махаббат боп тіл қатты.

Жанды қайтем, тазалығын сақтаған,  
Арды қайтем, қалай, қайтіп ақталам?  
Түнек ойдың тұманында түншығып,  
Сұрақтардың табанында тапталам.

Көзді байлап жетелейді бір тылсым,  
Бақытыма ай мұңайып, күн күлсін.  
Бұл жолыққан ең алғашқы пәк сезім,  
Мүмкін, соңғы махаббатым кім білсін!..

## ТҮЙСІК

Көктегі қыздың қылығы қандай?  
Жүзіне әсем мұңды іліп.  
Қарайды сұлу таңырқағандай,  
Сықыры батпан құндылық.

Шайырдың жыры шамырқанады,  
Ұмсынса жетпей дым құрып.  
Қояды сосын жабырқап алып,  
Сұрағын бітпес мың қырық...

Жалаңаш тәннің жарасы дақ қалмай  
жазылар, жазылар бір күн,  
Жалаңаш жанның дауасын іздейсің  
жаныңды шүберекке түйіп.

Сен мұңайғанда...  
Буаз аспанның омырауынан бұлттардың көз  
жасы толассыз құйып,  
Ағыл да тегіл жылайсың ғұмырыңның кейбір  
кездерін кете алмай қиып.  
Иілген басың, ұмсынған қолың ғарыштан  
хабар алардай,  
Солық етер жүрек, жансебіл рухың қайта  
оралып, есіңді жиып.  
Сен мұңайғанда...  
Мен мұңайғанда...

## КҮЗ КЕЛГЕЛІ

Күз келгелі, өлең болды ермегім,  
Жыртық жырдың тоқудамын өрмегім.  
Шырмауық мұң шылауыма жабысқан,  
Жұмыр басты пендемің.

Күз келгелі, өксігендей өлеңім,  
Қалың ойға жиі бата беремін.  
Күздің салқын жаңбырының астында,  
Селді кешіп келемін.

Күз келгелі, күреңітті маңайым,  
Айқара ашып көңілімнің сарайын,  
Толайым күз, толғандыра бермеші,  
Бір сілкініп алайын...

Беймаза ой тағат таппай жер-көктен,  
Жылауық жыр, жанарымды селдеткен.  
Уақыт-ай, кейде сыйлап қуаныш,  
Кейде адамды мұңды еткен.

Сен кеткен күз, суық еді тым-ақ, тым...  
Кірпігімнен мұңлы тамшы құлаттым.  
Қалың тұман арасында ғайып боп,  
Елес болып мұнарттың.

Сен кеткен күз, ызғарлы еді ашулы,  
Тауға соғып, тасқа да ұрып басымды.  
Іздесем де көре алмадым бейнеңді,  
Қою тұман елесіңді жасырды.

Солай, солай күндер өтті бірталай,  
Өзің жайлы жазылады жыр талай.  
Күрең мұңның шығымды көтертпей,  
Еңсемді езіп тұрғаны-ай.

Бітпей-тұғын, сірә, неткен төзім бұл?..  
Жанды жеген беймаза ой, сезім-жыр.  
Қиқар шабыт жігерімді жанымай,  
Жасытсаң да өзің біл...

## АҚЫН ЖАНЫ

Ақынның нұр ойнаған әлпетіне,  
Зер салдым, әлдекімді салды есіме.  
Бірде аңғал баладай сәби кейіп,  
Бірде абыз, оранған сәлдесіне.

Бірде асау теңіздей ақтарылып,  
Толқындай жарқабақты жатқан ұрып.  
Қиялдың сара бағын аралайды,  
Қос қанатты арғымақ атқа мініп.

Бірде күздің жаңбыры төпелеген,  
Бірде жаз, кемпірқосақ жетелеген.  
Алақұйын мінезді ақындарды,  
Өмірде шын бақытты етеді өлең!

Ол — көктем, жыр төгілген бүршігінен,  
Ол — найзағай, жасқайтын күркірімен.  
Ол — қоңыр күз, жанарын бұлтқа шылап,  
Аспанның тамшылайтын кірпігінен.

Жырынан шетсіз-шексіз сыр ұқтырып,  
Мұңая да алатын күліп тұрып.  
Ол — ақын, ар алдында тайсалмастан,  
Ақиқатын айтатын тіліп тұрып.

Бақыт деген — ақынның ғұмырында,  
Ол бақытты, толса да жыры мұңға.  
Өлең-ғұмыр, өлең-кие ақын үшін,  
Қағидасыз сиятын бір ұғымға.

Ақындардың қара да көзіне сен,  
Жанын оқы тап-таза, сөзіне сен!  
Артық айтқан болмасын егер де мен,  
Ақын деген — Өмірдің өзі десем...!

Біреуге, сірә, көрінер нұрлы,  
Миығындағы бәңгі мұң,  
Ақындар мүмкін көрінер жыңды,  
Іздейтін одан тағдырын.

Көктегі қызбен кезіге алатын,  
Ақындық түйсік тым биік.  
Жердегі жайды сезіне алатын,  
Тылсымның жаны тұңғыық.

Көлегейлеген қағып бұлттарды,  
Сілікінер бір күн сілкінер.  
Ұғынар ол да жанын ұққанды,  
Разылықпенен бір күлер.

Көктегі қыздың қылығы балдай,  
Болса да түрлі шамшырақ.  
Түндерде көздің шырымын алмай,  
Тұрады нұры тамшылып.

Қылдырықтай боп қиылып қана,  
Көрінер еді сәмбі бел.  
Толықсып, толқып, толық шыққанда,  
Толғатқан ойға жан кірер.

Мүжіліп, бәлкім, ойлардан сосын,  
Ішінен тынып жоғалар.  
Күндерде бір күн шыр етіп тосын,  
Жарқ етіп ару оралар.

## ЖАНСЕБІЛ

Сен мұңайғанда...  
Нәп-нәзік еріндеріңнен қыр гүлдері төгіліп  
нәп еткендей,  
Балауса, балғын реңің дір етіп сағым көшкіні  
жүріп өткендей.  
Беймаза күйде сүп-сүйрік саусақтарыңды  
ақша маңдайға тіреп,  
Бейсана мұңның мұнары кең байтақ дүниені  
күңіреткендей.

Сен мұңайғанда...  
Жаныңның сығып бақ-сорын қан тамып  
тұрар-ау қаламыңнан,  
Қасиет пен қасіреттің тұнық тамшысы  
төгіліп кетердей жанарыңнан.  
Есіл дертіңе еліткен, беймәлім құдірет  
күздырың жүргізіп,  
Ізгіліктің нұры төгілер қиямға бастап  
апарар қадамыңнан.

Сен мұңайғанда...  
Гүл қауызына өлердей ғашық көбелектей-ақ  
ес түссіз сүйіп,  
Ебіл де дебіл жылайсың нұр дегенің шоқ  
болып қанатың күйіп.

**Габдул-Сәбит ЮСУПОВ,**

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,  
Кемел Тоқаев атындағы детектив жанры  
байқауларының жүлдегері

**ӘЛҚИССА НЕМЕСЕ  
ОДАҚТЫҢ ОҢ ҚАДАМЫ**

Осыдан дәл екі жыл бұрын, еліміздің жазушылар қауымы Одақтың Пленумында белгілі жазушы, журналист, ұлт жанашыры, қоғам қайраткері Мереке Құлкеновті бірауыздан Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының төрағасы етіп сайлады. Осы аз ғана уақыт аралығында басқару және ұйымдастыру ісінде зор тәжірибесі бар Мереке Әбдешұлы одақ жұмысына жаңа тыныс, соны леп әкелді десек, еш қателеспейміз. Атап айтқанда, Қазақстан Мәдениет және ақпарат министрлігімен стратегиялық әріптестік орнату жөнінде келісімге қол қойылып, Жазушылар одағы үш жаңа жобаны іске асыруға кірісті. Аталған жобалардың мақсаты, бағыты мен міндеті, атқарылып жатқан қыруар шаруа туралы айтылып та, жазылып та жатыр. Оларға тоқталып, қайталаудың қажеті жоқ деп ойлаймын. Сондықтан негізгі мақсатым — аталмыш одақтың жанынан құрылған, елімізде детектив жанрына тұңғыш қалам тартқан майдангер жазушы, Кеңес Одағының батыры Кемел Тоқаев салған сара жолды әрі қарай дамыту, өркендету мақсатында, Жазушылар одағы жанынан құрылған Детектив жанры кеңесінің жұмысына қысқаша тоқталып, оқырманды хабардар ету. Республикамыздың әр аймағындағы детектив жанрына қалам тартып жүрген жиырмаға жуық жазушы осы кеңестің мүшелері. Кеңесті танымал детектив жазушысы, Қазақстан Ұлттық қауіпсіздік комитетінің доғарыстағы (отставкадағы) полковнигі Темірболат Ахметов басқарады. Әлеуметтік желіде арнайы ашылған өзіміздің чатымыз да бар. Аймақтардағы детектив жанры кеңесінің мүшелерімен хабарласып, шығармашылық жаналықтарымен бөлісіп отырамыз. Биыл екі рет Жазушылар одағында бас қосып, кеңесіп, ақылдасып, тәжірибе бөлістік. Ағымдағы жылдың 23 шілдесі күні мұхиттың арғы жағы — Америкадан келген детектив жазушысы, бауырымыз Азат Баттақовпен кездесу өткіздік. Әрине, бұл бас қосуда АҚШ-та тұратын қазақ қаламгерлері, олардың шығармашылық жағдайы туралы сұрақтар қойып, тиісті жауабын алдық. Детектив жанры тақырыбында ой бөлісіп, тәжірибе алмастық. «Қуыс үйден құр шықпа» демекші, Азат бауырыма өзімнің «Таңдамалылар» атты детектив жанрындағы кітабыма қолтаңба қойып, сыйға тарттым. Ең бастысы, Азат Баттақовты осы сапарда Қазақстан Жазушылар одағына мүшелікке қабылданып, зор қуаныш, мол олжамен аттанды.

Өзім де сол күні Одақтан үлкен олжа иелендім. Ол ақтөбелік танымал жазушы-журналист Зияш Телеуованың «Бас» атты детектив роман-триллерінің қолыма тиюі еді. Романның аннотациясының өзінен-ақ оның қызықты, шырғаланы да мол, тартымды дүние екенін аңғардым. Өз басым кейінгі жылдары детектив жанрына қалам тартып жүргеннен білетінім, осы күрделі жанрға рецензия жазған жазушы немесе оқырманның еңбегін оқымаппын, кездестірген де емеспін. Сондықтан «Бас» романына рецензия жазуға бел будым. Ол үшін, алдымен, детектив авторымен онлайн түрде шағын сұхбат жүргізуге бекіндім...

**ТУМА ТАЛАНТ ИЕСІ...**

— Зияш ханым, осы жанрда өнімді еңбек етіп келе жатқан қаламгер екенсіз. Детектив жанрында жазушыға не себеп болды және өзіңіздің мамандығыңызға қатысы бар ма?

— Мамандығым — мұғалім. Оралдағы А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институтына түсіп тұрғанымда, облыстық газетке тілшілік қызметке шақырылдым. Ол кезде әйел затынан журналистер аз және романтика іздеген жаспын ғой, редактордың қолқа салуын қабыл алып, оқуды сырттай оқуға мәжбүр болдым. Сонымен өмір бойы аудандық, облыстық, республикалық және құқықтық басылымдарда еңбек еттім. Ара-арасында аудармашы болып жұмыс жасадым. Осы шығармашылық саладағы еңбек детектив жанрына қалам тартуда пайдасы тиді. Ал саналы ғұмырын құқық қорғау саласына жұмсап, подполковник дәрежесінде зейнет демалысына шыққан өмірлік серігім

Өмірғали Телеуовтың Ішкі істер министрлігінің оперативтік лауазымдарында қызмет етуі әдебиеттің детектив жанрын еркін меңгеруіме септігін тигізді.

— Алғаш жазған детектив еңбегіңіз балалар тақырыбына арналған екен. Ол ой не себептен, қалай туындады?

— Бірде жұмыстан соң кітап дүкеніне кірсем, бір топ баланың мұқабасы көз тартатын кітапқа толы сөрелерге қызыға қарап: «Біздің жазушылар осындай кітаптарды неге жазбайды екен? Мыналар орысша, біз түсінбейміз ғой», — дегендерін құлағым шалды. Сол жерде маған, шынымен, біз неге жазбаймыз, шетел жазушыларының миы біздікінен артық емес шығар деген ой келді. Сол ойдың жетегімен жергілікті «Эврика» газетінің криминалисттік бетін оқып отырып, алаяқтардың бір қарияның пәтерін тартып алу үшін бопсалағандары туралы мақаланы оқыдым. Міне, соның желісімен, балаларға арналған алғашқы «АБКА-тобы ашқан қылмыс» атты кітабымды жазып бітіріп, оны арқалап Алматыға аттандым. Басылымдарды жағалай жүріп, қолдағы еңбегімді ұсынсам, барлығы қаржыға тірелді екен. Көшеде қаңғалақтап келе жатып, мандайшасына «Жеті Жарғы» деп жазылған ғимаратқа көзім түсіп, ішке кірдім. Директоры әйел адам екен. Ұлты ұйғыр-ау деймін, әйтеуір қазақ емес. Бірақ қазақшаға судай. Мені мұқият тыңдап, флешкімді алып қалды. Ол келесі күні «сіздің кітабыңызды басып береміз» дегенде, қуанышым қойныма сыймай, жылап жібердім. Кітап екі мың данамен шығып, тез тарап кетті...

— Иә, Зияш ханым, сіздің ең бірінші кітабыңыз балаларға арналғанымен, жалпы оқырмандарға арнаған детективтеріңіз солардың салмағын басып кеткен тәрізді.

— Дұрыс айтасыз, менің балаларға арнаған кітаптарым, қазірше айтқанда «хит» болды десем, асыра айтқаным емес. Сұраныс көп болды. Артынша, 2013 жылы «Жазушы» баспасынан мемлекеттік тапсырыспен шыққан екі романым — «Банкрудің өлімі» мен «Махаббаттың ажалы» таразы басып кетті ме, балаларға көңіл бөле алмай қалдым. Алайда кішкентай оқырмандарымды біржолата ұмытқан жоқпын, «Құлаған үйдің құпиясы» деген шытырман оқиғаға толы кітабым «Фоллиант» баспасынан 2019 жылы 5000 данамен шықты. Шынында, нарық заманында бұл кітаптың бестселлер дәрежесінде көп тиражбен шығуы балалар үшін де, мен үшін де сәттілік еді. 2023 жылы «Балалар әдебиеті» баспасынан «Көл жағалауындағы көмбе» атты кітабым жарық көрді.

— Екі бағытта жазу сізге қиын емес пе?

— Әрине, қиын. Бірақ кішкене оқырмандарымның детективке деген қызығушылығы мен сұранысы мені бейтарап қалдырмайды. Қазір де бір кітап жазып жатырмын.

— Осы кезге дейін шығарған кітаптарыңыздың ішінде өзіңізге ең қатты ұнайтыны бар ма, болса қай кітап?

— Қазақта «Іштен шыққан шұбар жылан» деген сөз бар ғой, ешқайсысын бөле-жармаймын. Дегенмен, «Дәуір» баспасынан 2021 жылы шыққан «Тірі өлік» деп аталатын кітабымның басқалардан шоқтығы биік сияқты. Ол кітап 2023 жылдың қортындысында белгілі журналист, талантты жазушы Мағира Қожаметованың жылы лебізіне ие болды. Ол баға маған ғана емес, әдебиетке сыйлап, сыналап еніп келе жатқан жаңа, детектив жанрына берілген оң баға десем, артық айтқандық болмас...

— Зияш, әлгіңде аударма саласы туралы айтып қалдыңыз...

— Иә, аударманы шығару үшін емес, өзім үйрену үшін аударатынымын. Дегенмен, аударманың шығармашылық адамына пайдасы орасан. Агата Кристидің «Жеті цифрлат құпиясы» кітабын аудардым, шынымен айтсам, ол кітап орысшаға жеңіл-желпі аударылған, өзіме ұнамады. Бұл кітап та «Фоллиант» баспасынан шықты. Алайда кітап жастардың тілімен сөйлеген, сол ғасырдың «алтын жастарына» арналған екен. Қазіргі біздегі бай балаларының өміріне өте ұқсас, сол үшін қызықтым. Бірақ оқырмандар жақсы қабылдады. Одан соң «Ночная тьма» атты романын аудардым. Ол архивімде. Жорж Сименоннің «Комиссар Мегрэннің ұрысын» аударсам, менен бұрын аударылып қойыпты. Негізі, аударманың жарыққа шығуы немесе шықпауы маңызды емес, аударма жанры жазушыға көп нәрсе үйретеді.

— Сіз заманауи жазушы ретінде әдебиетімізге тың ізденіс, соны жаналық әкелу арқылы ерекше көрінетін сияқтысыз...

— Біздің әдебиетте детектив жазудың өзі жаналық болса, мен сериалды кітаптар шығарудың үлгісін жасадым. Менің кейіпкерлерім келесі оқиғаларда жалғасып отырады. Мұны біздің әдебиеттегі үлкен жаналық деуге болатын шығар.

— Қалай ойлайсыз, біраз кітап шығарысыз, еңбегіңіз бағаланып келе ме?

— Меніңше, жазушының еңбегі ішіндегісін сыртқа шығарып, соған көңілі толып рақаттанып отырғанда, бір өтеледі. Кітабы оқырманын тапқанда екінші рет өтеледі. Ал өзегіңді жарып шыққан дүниені өтемақы сұрағандай, омырауыңа тағатын орден мен медаль дөмету пендешілік қой. Менде де сол пендешілік бар шығар. Біреулер алып жатады.

кімізді аспанға атып жүргенімізде, өтпелі кезеңнің өлермен тұсынан алдырмай-жүлдирмай, аттап өте алмай қалған осы тұсты өз кейіпкерінің тағдырымен ұштастырған Зияш жазушының шығармасынан үзінді арқылы көз алдымызға елестетейік: «Күнделікті күнкөрісінен айырылған қала халқы босып жүр. Екі қолға бір күрек таппай қиналғандар көшеге сыймайды. Сол кездегі жастар тоғанға жиналған су сияқты еді. Қайда ағарын, қайда бас бұрарын білмей, буырқанды. Ұрыс жоқ, соғыс жоқ, ел аман, жұрт тыныш уақытта «балапан басына, тұрымтай тұсына» заманы осы болды (9 - бет).

Иә, «жау жағандан алғанда, бөрі етекпен тартады» демекші, бар аймақ көтерем болған ат құсап тұралап, завод-фабрикалар мен ірі кәсіпорындардың, жайнап тұрған колхоз-совхоздардың ту-талақайы шығып, бар

# ДЕТЕКТИВ — КҮРДЕЛІ, КІРПИЯЗ ЖАНР

Көз болған соң көресің. Бірақ соған оншалықты қызықпаймын. Қызыл-жасыл дүние кімнен болса да қалып жатқан соң ба екен. Жалпы, дымым жоқ деп ауызды қу шөппен сұртуге болмас. Бұйырғанын алып жатырмыз...

— Зияш ханым, қызықты да тартымды сұхбатыңызға көп рахмет. Қасиетті қаламыңыз одан әрі ұшталып, рухани еңбектеріңіз оқырмандарды қуанта берсін...

— Ғабеке, сізге де алтын уақытыңызды бөліп сұхбат жүргізгеніңіз және менің роман-триллеріме рецензия жазбақ ойыңыз үшін үлкен алғысымды білдіремін.

**ДЕТЕКТИВ — КҮРДЕЛІ,  
КІРПИЯЗ ЖАНР**

Жақында Қазақстан Жазушылар одағында өткен бір жиын соңында үлкен бір олжа — «Бас» атты роман-триллер қолыма түсті. Авторы — ақтөбелік елге танымал жазушы Зияш Телеуова. Өзім де қолыма қасиетті қалам ұстаған жазушы болғандықтан, әріптесімнің қол жеткізген жетістіктерінен мағлұматым мол еді. Мәселен, көп жылдан бері «Еуразия шығармашылық гильдиясы» қоғамының мүшесі ретінде «Ашық Еуразия» байқауларына қатысып, бірнеше рет әлемдік сертификатқа ие болған ол 2023 жылы республикалық «Айбоз» қаламгерлер байқауының «Үздік проза» номинациясында жүлдегер атанып, Қазақстан Жазушылар одағының сертификатын иеленсе, 2024 жылы ПМ-нің «Серт» байқауында да (детектив жанры) үздіктер қатарынан көрінді. Зияш ханым көркем шығарма ғана емес, журналистика саласындағы еңбегі еленіп, Кеңестер кезінде «КСРО Баспасөз қызметінің үздігі» төс белгісіне ие болған. Еліміз егемендік алған тұста «Қазақстан Республикасының Құрметті журналісі», «ҚР Мәдениет саласының үздігі» атағын иеленген. Сонымен қатар Зияш ханымның елімізде кенже қалып отырған сериялы детектив кітаптарын шығару үрдісінің «алғашқы қарлығашы» атануы — біздер, әріптестері үшін ғана емес, оқырман қауым үшін де үлкен қуаныш...

Әлқисса, енді Зияш Телеуованың «Бас» роман-триллеріне рецензия — сараптамаға көшейін. Триллердің қысқаша фабуласы: *Роман тоқсаныншы жылдардың басында шағын шаһардағы жантүршігерлік қылмыстың желісіне құрылған. Оқиға тергеуші мен кесіп-ген бастың диалогы және қойын дәптердегі жазба арқылы баяндалады. Тағдыр талқысына ұшыраған екі жас — Ғалым мен Мәлдірдің асыл сезімдері өлім мен өмір ортасына қағылған мықты сынадай шынайылығымен ерекшеленеді. Енді тереңірек талдауға көшейік...*

**КЕККЕ ОРАНҒАН ӨРТ...**

«Тәуелсіз мемлекет болдық» деп, бөр-



Зияш ТЕЛЕУОВА

байлық билік басындағы пысықайлар мен «дөкей көкелердің» меншігіне айналып шыға келді. «Аспаннан шұға жауса да, құл байғұсқа ұлтарактық киіз бұйырмайды» деген рас екен. Осы игіліктің барлығын өз қолдарымен жасаған қарапайым халыққа түк бұйырмай, «сақал сипап» қалды. Осы өліара шақта мектепті енді ғана бітірген бозбала Ғалым Байсаловтың әке-шешесімен қоса баспанасынан айрылып қалуы кітапта былай суреттеледі: *«Жұмыстан келсем, көрішілерім: «Сенің үйіңе әкімшіліктен бір топ адам келді. Үйің сүргіге (сносқа) жатады екен», — деп жеткізді. Осы арадағы кейіпкердің жанайқай толғанысы: «Әке-шешем өз қолдарымен тұрғызған жалғыз баспанамнан айырылып қалам деген ой үш ұйықтасам, түсіме кірмеген нәрсе. Менің жасым он сегізге толмағандықтан, марқұм ата-анам үйді менің атыма рәсімдеп үлгермеген, өсиет хат та қалдырмаған екен. Қос өкпемді қолыма алып әкімшілікке жеттім. «Үйдің иесі жоқ, өзі ескі, сносқа жатады» тұрғын үй мәселесі жөніндегі арнайы комиссияның шешімі солай», — деп маңайлатпады (12-бет).*

Міне, «даудың басы — Дайрабайдың көк сиыры» дегендей, өмірге енді ғана қалам басқан жастың бары да нары — баспанасынан айрылуы өмірден түнілуінің басты себебі. «Басқа түссе, баспақшылы» деп оған да көңбіс болып, жас-жастың тілегі бір дегендей, жұмыс орнынан жүрегіне серік тауып, алғашқы махаббатқа мас болып, қайғы-қасіретін ұмыта бастағанда, тағдырдың екінші соққысына ұшырап, зорлықпен сүйгенінен айрылады. Осы араны оқысаң, төбе құйқан шымырлайды. Мұндай бірінен соң бірі төпелеген зорлық-зомбылыққа Ғалымның жүйкесі шыдас бермей, қара шаңырағының орнына

көзге күйік болып, таудай етіп тұрғызылған екі қабат коттеджді ашудан өртеп жібереді. Осы қылмысы үшін мойнына он жыл мерзім жүктеп алады.

Иә, «дөкейдің арты диірмен тартады» демекші, ата-анадан қалған бар байлығы — қара шаңырағынан айырылып, адасқан қаздай далала қалған Ғалым не істерін, кімнен араша сұрағын білмей, жауға қағып, аласұрады. Автор жас жігіттің осы қабырға қайыстырар қасіретін былай жеткізеді: «Ата-анам, мұғалімдер айтқан мейірімді адамдар қайда?! Біз өмір сүріп отырған қоғамда әділдік, шындық деген құндылықтар жоқ екен. Қорғансыз жетімнің сөзін ешкім естір де, ескерер де емес... Үйіме оралсам, құдайым-ау, үйімнің орнында үйінді топырақ. Өмірге келгеніме өкіндім... Менің бүкіл болашақ өмірім сол үйінді астында қалғандай, қаңалақтап қалдым (23-бет)...

## ТЕРГЕУШІНІҢ ЖАНТАЛАСЫ...

Детектив жанрына ә дегеннен роман жазумен келіп, оқырмандарын елең еткізген қаламы қарымды журналист-жазушы Зияш Телеуованың әдебиетімізде кенжелеп қалған жанрға аз уақытта қомақты үлес қосуы, әрине, арнайы зерттеп-зерделеуді қажет етеді. Бұл тұрғыда автордың «Алқа» баспасынан шыққан роман-триллерінің кейбір ерекшелігіне тоқталып өткім келеді. Жалпы, біздің әдебиетіміз кейіпкерлерге бай. Сан килы мамандық иелері жазушылар қаламынан тыс қалған емес. Солай десек те, көбіне қоғамның көленкелі жақтарында жүретін, қылмыспен бетпе-бет келетін погон таққандардың күнделікті қызметін, тыныс-тіршілігін суреттейтін, мінез-құлқын сомдайтын туындылар сау-сақпен санарлықтай екені рас. Осындай кем-кетігімізді толтыра келген «Бас» романының жарыққа шығуы — осы жанрдағы үлкен жетістік, автордың өзіндік ізденісінің жемісі болғанына куә болып отырмыз десек, артық айтқандық болмас.

Куәгер іздеп, жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрген тергеушінің бар ынта-шын-тасы «бастың иесі кім, оны осылай айуандықпен өлтірген жауыз кім?» деген сауалдың төңірегінде өрбиді. Сондай толғаныспен жүріп, айналасында болып жатқан күнделікті тіршілікке, қызметтегі қарбаласқа өзіндік ұстанымымен баға беріп отырады.

Тергеуші қолындағы де-факті — басты сүйрелеп, қайда қоярын білмей (әлдекімдердің қолдағы жалғыз дәлелді ұрлап әкетуінен қорқып) жүргенде, аудандық милиция бөлімінің ұжымы жоғары жақтан келетін мәртебелі қонақтарды күтіп алу дайындығына кірісіп кетеді. Осы жүгіріс, сүргелен шебер суреттеледі. Онда сарказм да, күйініс сезім де бар. Оқырман детективті оқып отырып, өмірдің айна-қатесіз шынайы көріністеріне, шікірейген шенеуніктердің жоғары лауазымдыларды қарсы алудағы көзбояушылық іс-әрекеттеріне куә болып, миығынан күліп отырады. Себебі — шығарма шындықтың айнасы. Жазушының сол сәтті жеріне жеткізіп суреттеп беруінен бір реттік қонақ үшін тазарып шыға келетін мекемелердің ауласы мен шенеуніктердің жалпақтаған жағымпаздық әрекеттеріне куә боласыз...

Жалпы, детектив деген не? Бұл сұрағымызға Зияш ханымның аталмыш романын оқи отырып, жауап алғандай боламыз. Осы тұрғыдан оның кітабының қан-тамырында өмір болмыстарын шынайы суреттеу детальдері артып жығылады. Бізге керегі де осы емес пе?! Куәгерлердің кесілген басты тануға келгендегі пенделік үрейге берілуі өте нанымды баяндалуымен, қаламгердің қылмыспен күресу, оларды аша білуі — ішкі істер органдарының тыныс-тіршілігін жақсы білетіндігімен таңғалдырады.

Сонымен қатар бір елең еткізеді, тергеуші кесілген бастың өмірбаянын жиып-теріп, оның образын жасап шығарады. Ол қылмысты ашып қана қоймай, өзінің кейіпкеріне айналған кесілген бастың жазықсыз жапа шеккен жан екенін дәлелдеп шығады. Соның нәтижесінде өмірі трагедиямен аяқталған жас жігіттің әділетсіздікке жем болған қарапайым көп жастың бір екеніне көзіңіз жетеді.

Жалпы, Зияш диалог арқылы кейіпкерлер образын сомдаудың хас шебері. Соның айғағындай мына бір диалогына көз жүгіртіңіз: «Әйелі есік ашып, аңқып тұрған арақ иісінен жиіркеніп, мұрнын басты.

— Түу... сонша ішкенің не?

— Көшедегі ит-құспен ішкен жоқпын ғой.  
— Кіммен ішсеңде бәрібір емес пе? Тойып алыпсың...

Жоқ...жоға... шырағым, аса мәртебелі қонақтармен іштім. Ондай қонақтармен табақтас болу, рөмке соғыстыру әркімнің маңдайына жазылмаған екен. Солай десті аналар...

Әйелі күлді:  
— Айтпа, сен ғұламасың ғой..  
— Сен менің ақымақ басымды айтып тұрмысың. Ақымақ болмасам, пысықайлар салып жатқан екі этажды коттежді салып бермеймін бе, тақияна шетелдік машина тар келе ме?

— О... басталды, мен сенен соны сұрадым ба?

— Сен де ақымақсың.  
— Ұйықташы енді.

— Жоқ, ұйықтамаймын! Мен өз басымды айтып тұрған жоқпын. Ана кесілген бас туралы айтып тұрмын...

— Менің сейфімде бас, койнымда бомба — флешке. Қалай ұйықтаймын? Сен болсаң ұйықтар ма едің?..

— Ой, Алла-ай, қайдағы бас, қайдағы бомба? Сонша есіңнен таңғанша ішіп нең бар еді...

— Оңбағандар, қарақшылар, ақша үшін әке-шешесін, Отанын сататын опасыздар. Басқа обал, жап-жас жігіт...

Ол күбірлеп барып қор ете түсті...

Тергеуші мен әйелі екеуінің арасындағы осы диалогтен ерлі-зайыптылардың қулық-сұмдықтан аулақ, қарапайым жандар екенін бірден аңғарамыз. Сондай-ақ отставкадағы генералмен арадағы диалогке назар аударайық:

«Райс сәл қобалжып, кібіртіктей сөйледі:

— Сіз сияқты мен де екі қасырдың жемісін де, женілісін де көрдім. Мен де көбі неге олай, неге бұлай деген сауалдарға жауап іздеп, қиналып. Мысалы, қазір жол оқиғасы бұрынғы кездердегіден екі есе, үш есе өсті. Бұл жоқшылықтан болып жатыр ма? Жол-көлік оқиғасына себепкерлер қымбат көліктің ролінде отырғандар. Тоқшылықтың топаланы.

— Ал мен бұл сауалыңыздың жауабын тауып берем, — деп көрі тарлан жөткірді.

— Ол — өзімшілдік! Екі жүргізуші жолға таласып, бір-біріне жол бермейді. Сосын өзімшілдік екеуінің де түбіне жетеді. Кімді соттайсыз? Кім кінәлі? Өзімшілдік! Соны соттайсыз! Соттаныз! Мысалы тұрмыстық қылмыс. Ері мен әйелі төбелесіп, ері әйелін өлтіріп алады немесе әйелі ерін өлтіріп қояды. Қазір мұндайлар көп. Тағы да кім кінәлі? Ері әйелін тындамайды, әйелі ерін тындамайды. Ақыры ұрыстың аяғы төбелеске ұласады. Төбелестің аяғы өлімге ұласады. Кім кінәлі? Өзімшілдік! Өркөкіректік! Ал сіздер болсаңыздар, тергеу жүргізіп, куәгер іздеп, жауап алып, сараптамаға салып әуре боласыздар. Ақыры тірі қалған кінәлі болып шығады. Кінә тәрбиеде ме, тәрбиеде. Ресейдің Қазан қаласында мектептің бұрынғы шәкірті жазықсыз оқушыларды атып, жайратып тастаған жоқ па?! Бұрын оны осы мектепте оқып жүрген кезде, мұғалімдер шеттетіпті-міс. Ау, сол мұғалімдерді өзі тауып алып, содан өшін алмай ма, жазықсыз жандарда несі бар? Себебі оның өн бойын өзімшілдік уы жайлап алған. Айтпақшы, қазіргілерді бюрократ дейді, бюрократ емес, олар өзімшіл. Өзінен басқаны ойламайды. Көрмейді. Естімейді...»

Иә, кезінде «көкжал» атанған атакты генерал Райс пен тергеушінің диалогы оқырманға «кейінгі ұрпаққа сендер жеткізіндер» деп, өсиет етіп айтқандай сезіледі...

Міне, сөз зергері — Зияш ханымның жүрегінен шыққан жанайқайы осы. Бүгінгі қоғамның хал-ахуалы. Соны киелі сөз өнері арқылы жеріне жеткізе суреттей білу қабілеті сіздің де жүрегіңізді шым еткізіп, жанарыңызға ыстық жас үйіреді. Жан дүниенізді зар илетеді.

Мен сыншы да, әдеби зерттеуші де емеспін. Бірақ детектив жанрына көптен қалам тартып жүрген жазушы ретінде замандасым, әріптесім Зияштың шығармасына өз хал-қадірімше шолу жасадым. Қазіргі таңда кірпияз да күрделі детектив жанры төрт аяғынан тең басып кетті деуге ерте шығар. Дегенімен, ауыз толтырып айтарлық, сусынды қандыра оқуға тұрарлық дүниелердің бар екенін мойындап, қажетті жерінде қолдап отырғанымыз жөн-ақ.

## ● АЙБОЗ

# МЕН БІЛЕТІН ІБІТАНОВ

(Басы 10-11-беттерде)

— Аға-ау, ол өлеңнің жарыққа шығуына менің қатысым шамалы, бірақ сәлеміңізді Сейдағана айтам ғой, — деп күлдім мен.

— Қалай ойлайсың, жақсы өлең бе? — деп сұрады ол маған сынай қарап.

— Өтірік айтқым келмейді, аға, мен сыншы емеспін ғой. Мұқағали ағадан сұрамадыңыз ба? — дедім мүдіріңкіреп.

— Сен оның «Ақ кимешек көрінсе» деген өлеңін жатқа айта аласың ба? — деп өзіме қарсы сұрақ қойды ол.

— Бірер жолдарын болмаса, өлеңді толық есіме түсіре алмаспын, — дедім желкемді қасып. Еркін аға менің қиналған түрімді көріп, өзі айтып берді.

...Ақ кимешек көрінсе, сені көрем,

Ақ кимешек жоғалса...

Нені көрем? — деп жыр жолдарын аяқтай келе:

— Асылы, Мұқаннның жырларында әжелердің, аналардың, қарттардың қасиетін қастерлейтін тұстары жетіп жатыр, — деді ол ойлы жүзбен, — менің ойымша, қыран секілді тұғыры тұңғыық ақын қарттардың сом тұлғаларын қитұрқы-құбылмалы, жасанды-жәдігөй құбылыстарға қарсы қою үшін қару, қалқанға балаған сияқты...

Ойға шомып кеткен Еркін аға кенет дүр сілкінді.

— Бір күні Мұқаш аяқ астынан Нарынқолға, біздің үйге жетіп келді, — деді ол күлімсіреп. — Қолында «Лениншіл жас» газеті бар. Алдымен, әжеме сәлем беріп: «Апа, балаң саған арнап өлең шығарды», — деп бетінен сүйді де, артынша мені құшақтай алып, маңдайымнан иіскеп: «Құтты болсын өлеңің, арыстаным!» — деді. Дардай болып қалдым. Алтынқұлдың де қолынан сипап: «Қуаныштымын», — деп разылығын білдіріп жатыр.

— Бәрекедді, аға! Мынауыңыз керемет қой! Мұқағали ағамыз өлеңіңізге мықты бағасын беріпті ғой, — дедім мен қуанып. Сөйтсе-дағы, «ағаларымның өлеңдерін жаттап жүруім керек екен, білмей қалғаным тіпті ұят» деп, іштей қысылып барамын.

— Жоқ, Жақа, — деді Еркін аға. Жаңа ғана жайрандап отырған ағамның қабағы түксііп шыға келген, — біле білсең, Мұқағалидай талғампаз ақынға менің жазғанымның айрықша ұнағаны — оны таңғалдырып тастағандығымнан емес. Ол көңілде жүрген бір түйткілге таяу барып, кездейсоқ болса да, өзімен үндес сезімге бір сәт жарағаныма елжіреп, еміренгені болар, бәлкім. Міне, мен осындай ойдамын. Әйтпесе, мәймөкелейтін несі бар, Мұқағалидың «Ақ кимешегінің» қасында менің өлеңім қатар тұра алмайды.

— Білмедім, аға, — дедім мен, ой тереңіне батып.

— Ендеше, сөз түсінетін қазақсың ғой, мына өлеңді тыңда, — деп ағам буырқанған жыр жолдарын оқи жөнелді.

Жыр қаламын қолыма ерте алғанмын,

Ел аяғы бармаған жер шалғанмын.

Жалғандықты жат көрді, шіркін, көңіл,

Ол рас қой, аз жаздым, кем толғандым.

Тым ертерек жыр болып соқты демім,  
Ерте сездім өлеңнің отты лебін.

Тықылдатып есігін қаққан жоқпын,

Мен өлеңнің қақпасын тепкіледім.

Жасқанбадым, төріне кіріп бардым,  
Жауаңдамас жанымнан сыр ұққанмын.

Жұрт тайсалған биікке қарғып шығып,  
Сол биіктен түсе алмай, тұрып қалдым.

— Аға, сіздің «Тянь-Шаньның диюю» атанған жас пері кезіңізде жазған «Қойшылар» поэмасынан кейін біраз уақыт бойы жазбай, жаңа дүние бермей кеткеніңізді енді түсінгендей болдым, — дедім мен.

— Түсінгендей болсаң, сол айналайын, — деді аңқылдақ ағам.

\*\*\*

Нарынқолға тағы да жол түсті. Бұл жолы қасиетті Қарасаз ауылына соқпай өте алмадым. Оның себебі жоқ та емес. Осыдан екі жылдай бұрын Еркін Ібітанов атындағы мәдениет үйінің алдында Еркін ақын ұрпақтарының мұрындық болуымен ақынның бюст-мүсіні қойылған-ды.

Міне, сол бюст-мүсінің алдында тұрып, тірі кісінің жүзіне қарағандай, барлай қарадым. Еркін ағаның өз аузынан естіген мына бір өлеңі есіме түсе кетті де, «әулие екен ғой» деп ойладым.

Қанат бітіп, қаз болып ұшқаныңда,

Алыста,

Қыыр шетте, тысқарыда...

Қарасаз деп аталатын бір мекен бар,

Ілінбеген картаның пұшағына.

Пұшағына картаның ілінбеген,

Жөн-жосығы беймәлім ілінбеген,

Айқыш-ұйқыш қайшылы қара сулар,

Кеудесін осып түсіп тілімдеген.

Шалажансар талықсып жатқан жерге,  
Салақ сөзге тіл бітті...

Тірліді өлең!..

Содан соң Қарасаздың — Қара жұрттың  
Атағы аспан шарлап дүрілдеген...

Амал қанша, картаға ілінбеген...

— Жыр дәнін Қарасазға шаштың ба?

— деп,

— Тегіне теңестім бе? Астым ба? — деп,

Осынау ел-жұртымының көз алдына

Мұқағали орнады тас тұлға боп...

Өз қанымен суарып алмас жырды,

Өлседағы өмірін жалғастырды.

Жалқы тұрған перзентін жағалап кеп,

Албан Асан атасы малдас құрды...

...Осынау қара бұлтта мағына көп,

Қара тікен қадалған санама кеп...

Мен қорқамын Қарасаз — Қара

жұртта,

Тек қана ескерткіштер қала ма деп?!

Бір жас қаламгермен болған диалог та есіме түсті.

— Аға, Мұқағали Мақатаевқа «Қазақ поэзиясының Хантәңірі» деген атаққа бергісіз атты кім қойған?

— «Хантәңірі, қайдасың?» деген дүр-дастанның авторы Еркін Ібітанов атаң ғой. Оның өзі жас кезінде «Тянь-Шаньның диюю» деген атаққа ие болған. Бар болғаны жиырма жасында «Қойшылар» атты дастан шығарып, атағы күллі Одаққа дүрілдеген.

— Солай ма? Білмеппін.

— Ендеше, біле жүр, оқы, жатта. Еркін Ібітанов «Хантәңірі, қайдасың?» өлең-романымен Мұқағали Мақатаевқа қана емес, өзіне де өлмес ескерткіш орнатып кетті.

**Сабырбек ОЛЖАБАЙ**

Үшінші мегаполис Шымкент қаласындағы жаңа оқу жылы зор өрлеу үстінде басталды. Дәстүрлі тамыз конференциясына оқу-ағарту министрі Ғани Бейсенбаевтың өзі келіп қатысуы ұстаздар қауымына зор серпін берді. Алқалы жиынға министрлік өкілдері, қала әкімдігі мен құқық қорғау органдарының басшылары, аудан әкімдері, жоғары оқу орындарының оқытушылары, ардагер ұстаздар мен мектеп директорлары, сондай-ақ зиялы қауым өкілдері қатысты. Қала әкімі Ғабит Сыздықбеков те осы қатарда отырды. «Білім көкжиегі: адал азамат, кәсіби маман» тақырыбында өткен жиында көптеген көкейкесті мәселелер айтылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұлттың жаңа болмысы білімді, еңбеккер, жауапкершілігі жоғары, ең бастысы адал азаматтар арқылы қалыптасады» деп атап айтқан болатын. Бүгінгі білім саласы алдында осындай жан-жақты, ұлттық және азаматтық құндылықтарды бойына сіңірген тұлғаларды тәрбиелеу міндеті тұр. Осы міндетті орындау жолында ұстаздар тек қана сабақтарын өтіп қана қоймастан, әрбірі адамгершіліктің шамшырағы, рухани кемелдіктің темірқазығы болулары керек. Мемлекеттің басты байлығы – адам. Ал сол адам бүгін мектепке барған балалардан өсіп шығады. Ендеше әр бала – ұлттың үміті. Ал әр ұстаз сол үміттің бағбаны. Бағбан ешуақытта қалғымауы тиіс. Ол қалғыса тәрбие бетімен кетеді. Сондықтан бала жанының бағбаны атанған әр мұғалімге зор жауапкершілік жүктеледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауларында оқу-тәрбие жұмысын бірінші орынға қою керектігін ұдайы айтып келеді. Мемлекет басшысы ұстаздар еңбегін лайықты бағалау үшін «Педагог мәртебесі туралы» заңға қол қойды. Республика ұстаздарының биылғы басқосуына да өзі қатысып, жоғарыдағы заңға кейбір өзгерістер мен түзетулер енгізу туралы айтып өтті. Осының барлығы да ұстаздарға көрсетілген үлкен сенім әрі құрмет. Қазіргі таңда елімізде жаңа мектептер мен балабақшалары көптеп салынып жатыр. Сонымен қатар білім беру инфрақұрылымы кеңейіп келеді. Ұстаздардың мәртебесін арттырып, оларға көптеген жайлы жағдайлар жасалынып жатқан кезде, мұғалімдер мен тәрбиешілер осы қамқорлықтарға жауап ретінде өз жұмыстарын ширатулары керек. Бүгінде мемлекет тарапынан жастардың халықаралық деңгейде білім алып, әлемдік аренада биік нәтижелерге жетулеріне қолдау бар. Оқу-ағарту министрі кәсіби-техникалық білімді одан әрі дамыту, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандар даярлау, білім мекемелерінің техникалық базасын нығайту керектігіне де тоқталды. Қазір университеттер мен колледждерде жаңа мамандықтар даярлана бастады. Әрбір оқу орындарына дуальді оқыту жүйесі енгізілді. Осының барлығы да білім сапасын

арттырумен қатар, саланы жетілдіру бағытында жүзеге асуда.

Осы орайда Шымкент қаласында да бірқатар ауқымды жұмыстар атқарылған. Ең өзекті міндет – білім сапасын арттыру, қабілетті балаларды ынталандыру болса, бұл бағытта шешімін тапқан жұмыстар жеткілікті. Мектепке дейінгі мекемелер бұл ретте негізгі тірек болулары керек. Өйткені балалар білімге осы мекемелерде бейімделеді. Сондықтан балалар бақшасы екен деп қана қарамай, бұл мекемелердің оқу-тәрбие жұмыстарына да мықтап көңіл бөлінуі тиіс. Бүгінде балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту жоспары 89 пайызға орындалған. Жыл соңына

атқарылған жұмыстарға көңіл тоғаяды. Шымкент қаласында бір ұстаз «Қазақстанның Еңбек Ері» атанған. Мұның өзі педагогтерге көрсетілген құрметтің бір көрінісі. Ал үш ұстаз «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атанды. «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған ұстаздар да үшеу. Басқа да марапаттарға ие мұғалімдерді санап тауыса алмайсыз. Шығармашылықпен жұмыс жасайтын олардың шәкірттері бүгінде ел тұтқасы дәрежесіне дейін жетті.

Алып қаланың білім ұяларында 32 мыңнан астам мұғалім жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім беріп жүр. Олардың біліктілік деңгейін 75 пайызға

басты міндет ретінде белгіленген. Оқушылардың жетістіктерін мониторингілеу – бұл бір жақты ғана бағалау емес, мұны білім сапасын жетілдіру деп бағалау керек. Оң нәтижелерге сүйене отырып, функционалдық сауаттылықты дамыту да маңызды. Осы ретте «Сапалы білім» жобасы жүзеге асырылады. Биыл мемлекеттік аттестациядан 223 білім беру ұжымы өтеді. Олар «Талап» жобасымен тәжірибе алмасып, сапаны арттыруға мүмкіндік алады. Осы конкурс арқылы басшылар мен педагогтер кәсіби тұрғыдан дамуға бағыт алады.

Елімізде ерекше күтімді және білімді қажет ететін балаларды қолдау ұмыт

# ШЫМКЕНТТІҢ БІЛІМ

дейін бұл көрсеткішті 96 пайызға көтеру жоспарланған.

Соңғы бес жылда қалада 105 балабақша ашылған. Ал биылдың өзінде 12 мектепке дейінгі мекеме пайдалануға берілген. Ерекшелік айта кетер бір қуанышты жағдай – Шымкент қаласы республикада алғашқы болып балабақшаларын ваучерлік қаржыландырудың пилоттық жобасын жүзеге асырған. Соның нәтижесінде 65 858 ваучер беріліп, 1041 балабақшасына келмейтін бала анықталған. Олар тізімнен шығарылған. Осы бастама 700 миллион тенгеден астам қаржының үнемделуіне мүмкіндік берген. Енді 2027 жылдан бастап балабақшаларын лицензиялау міндетті болмақ. Сондықтан оған жан-жақты дайындық басталып та кеткен.

Тағы бір басым бағыт – оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Балалар мектепте де, сыртта да қауіпсіз болуы керек. Қауіпсіздік бұл үлкен ұғым. Мәселен, доп ойнап жүріп те балалар жазатайым жарақат алуы мүмкін. Қақпалар құлап кетпесін. Жүгіріп жүріп құлап қалуы да ықтимал. Әлеуметтік желілер ықпалына еріп, түрлі бөлеге ұшырамасын. Міне, бүгінде балалар қауіпсіздігі дегенде осындай мәселелер алдан шығады. Осының барлығы да мұқият ескерілуі тиіс.

Бүгінде балалар тәрбиесіне мұғалімдер ғана жауапты деген ұғыммен келісуге болмайды. Ата-аналарға үлкен міндеттер жүктеледі. Олардың сауаттылығын, ата-ана ретіндегі міндеттерін түсіндіру, тәрбие туралы пікір алмасу үшін қалада 112 консультациялық пункт құрылған болатын. Енді оларға тағы да 15 пункт қосылмақ. Бұларға қосымша, министрліктің бастамасымен іске қосылған «Беске дейін үйрен» мобильді қосымшасы ата-аналарға баланың денсаулығы, тәрбиесі, тіпті тамақтануына қатысты маңызды ақпарат алуға мүмкіндік ашты. «Мектепке дейінгі ұйымның педагог көшбасшысы» жобасы дайын. Мұның да тәрбие мен оқу процесінде атқаратын рөлі зор болмақ.

Үшінші мегаполис-қаланың мектептері табалдырығын биыл 28 мыңға жуық балақай аттады. Олар және басқа да оқушылар қажетті оқулықтармен 100 пайыз қамтамасыз етілген.

Білім сапасын арттыру қай кезеңде де басты міндет болып қала береді. Бұл бағытта білікті мамандар даярлау, жұмысты тиімді де байыпты басқару, оқу процесінде жаңа әдіс-тәсілдер мен көрнекі құрал-жабдықтарды тиімді пайдалану керек. Мықты мұғалім – мектептің жүрегі. Сондықтан мықты мұғалімдерге қамқорлықтар жасап отыру да естен шықпауы тиіс. Осы ретте «Педагог мәртебесі туралы» заң шеңберінде



дейін көтеру жоспарланып отыр. Мұны қалай жүзеге асыруға болады? Бұл үшін «Ұстаз» электронды платформасы іске қосылған. Осы платформа арқылы ұстаздар біліктіліктерін одан әрі арттыруға мүмкіндік алады, өзара тәжірибе алмасады.

Озық ойлы, терең тәжірибелі, ілкімді ізденісі бар ұстаздарды басшылық қызметтерге жоғарылатып отыру да естен шықпайды. Бұл үшін республикалық «1000 көшбасшы» жобасына қатысып, лайықтыларды іріктеп отыру керек. Осы жобаға 43 үміткер іріктеліп, солардың ішінде 28-і басшылық қызметке тағайындалған. Биыл тағы да 24 директордың орынбасары конкурс арқылы таңдалады.

Ұстаздар жол көрсетіп, шәкірттер шыңға шығып жатса, бұл да еңбектің жанғаны. Бұл жөнінде де ауыз толтырып айтуға болатын жетістіктер жеткілікті. Республикалық «Үздік педагог» атағына қаланың 24 ұстазы ие болған. 2024 жылы жүзден астам «Алтын белгі» иелері педагог мамандығын таңдаған. Ал биыл тағы да жүзден аса түлек ұстаздарына қарап бой түземек. Демек, педагог мамандығына деген қызығушылық артып келеді.

Қала оқушылары халықаралық және республикалық пәндік олимпиадаларда топ жарып келеді. Олар былтыр 7 алтын, 22 күміс, 48 қола медаль жеңіп алған. 200-ден астам шәкірт жүлделі орындарға ие болыпты. Әрине, оқушы жетістігі – мұғалім мақтанышы, ата-ана қуанышы!

Қалада орта білім беру мазмұны кезең-кезеңімен жетілдіріліп келеді. Айталық, PISA халықаралық зерттеулердің қорытындылары негізінде мектеп оқушыларының жетістіктерін арттыру

қалмауы керек. Бұл ретте қалада алты психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес пен алты түзету кабинеті біріктірілген. Бірыңғай басқару жүйесін қалыптастыру үшін пилоттық жоба енгізіліп отыр. Осының нәтижесінде оқуға тартылмаған балалар жоқ. Бұдан бөлек, оқушылардың мінез-құлқындағы ауытқушылықтар ерте анықталып, дер кезінде психологиялық түзету жұмыстарын жүргізу үшін «Психологиялық қолдау орталығы» ашылған.

Кәсіпкерлер мен мамандардың құқықтарын қорғау – аса маңызды борыштардың бірі. Сондықтан Қорғаншылық және қамқоршылық орталығы ашылып, ол жемісті жұмыс істеп келеді. Әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларда тәрбиеленуші балаларға және үлгерімі төмен оқушыларға көмек көрсету мақсатында «Цифрлық мұғалім» жобасы жұмыс істеп келеді. Осы жоба аясында 24 мектептің 8–11 сынып оқушылары физика, математика, биология, химия және Қазақстан тарихы пәндері бойынша білімдерін цифрлық платформалар арқылы жетілдіру мүмкіндігіне ие болады.

Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қамқорлықтардың бір көрінісін бастауыш сынып оқушыларын бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етуден көруге болады. Бұл елімізде 2022 жылдан бері жүзеге асып келеді. 1–4 сынып оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жергілікті атқарушы органның шешімімен жүзеге асырылып келеді. Сонымен қатар бүгінде балалардың денсаулығын нығайтып, ата-аналардың әлеуметтік жағдайларын қолдау да нәтижелі жүргізіліп келеді. Тек биылдың

өзінде «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы аясында мемлекеттік мектептердегі 56 430 балаға көмек көрсетілген.

Қалада қосымша білім беруге арналған мемлекеттік тапсырыс білім, спорт және шығармашылық бағыттары Миндал платформасы арқылы жүзеге асырылады. Мұндағы артықшылық жеке сәйкестендіру нөмері арқылы тіркелу мүмкіндігі, бос орындар мен кезектің ашықтығы және Face ID жүйесімен қатысуды растай аласыз.

Еңбек нарығына лайық мамандар даярлау бағытында қалада бірнеше колледж жұмыс істеп келеді. Оларды бітір-

клюзия жөніндегі тұңғыш Дүниежүзілік конгресс биыл Қазақстанда өтпек. Бұл туралы шешім қабылданып қойылған.

Мұғалімдердің біліктіліктерін арттыру, кәсіби өсуіне жол ашу қашан да кезек күттірмес міндет. Осы тұрғыда мемлекет тарапынан үлкен қамқорлықтар көрсетіліп келеді. Айталық, ұстаздардың біліктіліктерін арттыру курстары екі есеге дейін артқан. Аттестаттау жүйесінің әділ қорытындылары арқасында педагогтердің сапалық құрамы 74 пайызға дейін өскен. Қазақстанның PISA көрсеткіштері халықаралық деңгейде оң бағаланып, отандық мониторинг жүйесі алғаш рет халықаралық сертификат



# ШАМШЫРАҒЫ

гендер жұмыссыз қалмайды. Тамыз мәслихатында баяндама жасаған Шымкент қалалық білім басқармасының басшысы Гүлназ Сүлейменова бұдан басқа да бірқатар жетістіктерге жеке-жеке тоқталды.

Шымкент қаласы білім беру қызметкерлерінің тамыз мәслихатына арнайы келген оқу-ағарту министрі Ғани Бейсенбаев педагогтерді жаңа оқу жылымен құттықтап, олардың алдында тұрған міндеттерді саралады. Ол сөзін ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың «Білім беру — жай ғана кәсіп емес, бұл — ұрпақ алдындағы борыш пен ел алдындағы міндет» деген ғибараты ұлағатымен бастады. Бұл ретте ұстаздардың ел болашағы үшін қосып келе жатқан еңбектері ерекше екенін атап өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың білім беру саласына ерекше қолдау көрсетіп отырғанына тоқталды. Президент тапсырмасы бойынша атқарылған ауқымды жұмыстардың біразын мысалмен келтірді.

Министрдің сөзіне қарағанда, мектепке дейінгі білім берумен 2–6 жас аралығындағы балаларды қамту жоспары 93 пайызға орындалған. «Беске дейін үлгер», «Тілге бойлау» қанатты жобалары аясында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын арттыруға мүмкіндіктер ашылған. Айта кетерлігі, жоғарыдағы жобалар биылғы бірінші қыркүйектен бастап барлық мектептерге енгізілді. Министр өз сөзінде Мемлекет басшысының білім беру саласы қызметкерлеріне үлкен қолдау көрсетіп келе жатқанын нақты мысалдармен жеткізді. Айталық, мұғалімдердің айлық жалақысы соңғы төрт жылда екі есеге артқан. 1300 ескі мектептің орнына жаңадан салынып, 4000 мектеп жаңартылған. 1 миллионнан аса оқушыға арналған 1200-ге жуық білім ғимараты соғылған. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы, «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» жобасы, заманауи «Келешек» мектептерінің құрылыстары жаңа үлгіде қайта құрылымдалған. Міне, осындай ауқымды жұмыстар нәтижесінде, үш ауысымды мектептердің саны 4, апатты жағдайдағы мектептердің саны 2 есеге азайыпты.

Сонымен қатар инклюзивті білім беру және психологиялық-педагогикалық қолдауға жағдай жасау 90 пайызға артқан. Осының есебінен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған кабинеттер саны екі есеге артқан. Ал арнайы білім беру ұйымдарының желісі 230-ге жеткен. Осы ретте Шымкент қаласының инклюзивті білім беру үшін жағдай жасау көрсеткіштері көңіл қуантатынын атап көрсетті. Мұнда мектепке дейінгі білім беру ұйымдары үшін 96 пайыз, орта білім беру ұйымдары үшін 95 пайыз жағдай жасалған. Тағы бір атап өтерлік жайт, ин-

алған. Цифрландыру саласында мектептердің 96 пайызы жоғары жылдамдықты интернетпен қамтылған. Қазір Sfatink спутниктік жүйесін енгізу жоспарланған. Бүгінде барлық оқулық 100 пайыз цифрлық форматқа көшірілген.

Қосымша білім беру ұйымдарының саны соңғы үш жылда екі есеге дейін өскен. Қазір 2 142 осындай ұйым бар. Биылдан бастап Шымкентті қоса алғанда алты қалада ваучерлік қаржыландырудың пилоттық жобасы іске қосылған. Министр келесі жылдан бастап осы жүйе еліміздің барлық облыстарында, қалаларында енгізілетінін атап өтті.

Жас дарындар қашанда ел мақтанышы. Олар өздері оқитын мектептердің данқын аспандатып жүр. Былтыр олар үлкен жетістіктерге қол жеткізді.



Атап айтар болсақ, 34 халықаралық олимпиадаға қатысқан оқушылар 1002 медаль жеңіп алды. Солардың 193-і алтын, 348-і күміс, 461-і қола. Ал Шымкент қаласынан 46 оқушы олимпиадаға қатысып, 22-сі жеңімпаз атанған.

Оқу-ағарту министрі жаңа оқу жылында жаңа міндеттер жүктелетінін де атап көрсетті. Айталық, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы меншік нысанына қарамастан барлық мектептерге енгізіледі. Осы бағдарлама аясында ата-аналар комитеттерінің жұмысы жаңа форматта ұйымдастырылмақ. Биылдан бастап «Мектеп — ата-ана — қоғам» ынтымақтастығы жұмыс істей бастайды. Балалар мен жасөспірімдер қозғалыстары жанданады. Мектептердің ішкі безен-

дірілуінде бірыңғай дизайн енгізіледі.

Бүгінде әлемнің барлық елдерінде жасанды интеллектпен жұмыс істеу дәстүрге айналды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та әрбір алқалы басқосуларда замана талабына сай жұмыс істеу керек екенін, жасанды интеллектті балаларға жаппай үйрету керектігін айтып келеді. Ендігі жерде арнайы этикалық стандарттар қабылданады. AI-Kifар платформасы қолданысқа берілмек. Барлық педагогтер үш деңгейлік курстан өтеді. Ал 1–11 сынып оқушылары Day of AI курстарына қатысады. «Келешек мектептері» жобасы аясында оқыту сапасын арттыру, басқарудың жаңа моделін енгізу және әр оқушыға бағытталған білім беру жүйесін қалыптастыру жоспарланып отыр. Ұстаздар қауымы қашанда алда жүруі тиіс. Осы ретте «Ұстаз» цифрлық платформасы шеңберінде педагогтердің кәсіби біліктіліктерін көтеру қа-

тиіс. Мектепте зорлық-зомбылық пен буллингке жол беруге мүлде болмайды.

Биыл мектептер мен колледждерде «Досбол ІКЕ» бағдарламасы енгізіліп, балаларды әлімжеттік пен буллингтен қорғау жұмыстары күшейтіледі. Жетім балаларға тәлімгерлік институты құрылып, жаңа туған нәрестені қараусыз қалдыруға қатысты заңнамаларға түзетулер енгізілді. Соның нәтижесінде барлық облыстар мен қалаларда психологиялық қолдау орталықтары ашылып, жұмыс істеп тұр. Түрлі әлеуметтік желілер арқылы өзіне-өзі қол салу оқиғалары да жиі кеткені жасырын емес. Ендігі жерде бұған жол беруге болмайды.

Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков те мемлекет тарапынан білім саласына үлкен қолдаулар көрсетіліп келе жатқанын нақты мысалдармен көрсете келіп, мегаполис шаһарда атқарылған жұмыстарға жан-жақты тоқталды. Мәселен, соңғы үш жылда қалада 39 жаңа мектеп салынып, пайдалануға берілген. Апатты және үш ауысымды мектептердің мәселесін шешу үшін қалада тағы да 37 білім ошағының құрылысы жүріп жатыр. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында, қалада 12 жаңа білім ұясының пайдалануға берілгенін зор табыс ретінде атап өтті.

Білім беру инфрақұрылымдарын дамытуға да ерекше назар аударылып келе жатқанын нақты мысалдармен атаған қала әкімі соңғы жылдары үш балабақшасы мен екі колледж күрделі жөндеуден өткенін көпшілік назарына ұсынды. Соңғы жылдары заманауи талаптарға сай 500 орындық екі Оқушылар сарайы ашылған. Балаларға арналған шығармашылық орталықтары өз жұмыстарын жемісті жалғастырып келеді. Президент тапсырмасымен жүзеге асқан аталған жобалар өскелең ұрпақтың сапалы білім алуларына және жан-жақты дамуларына жол ашып келеді.

Әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларында тәрбиеленуші оқушыларды жан-жақты қолдау да маңызды қадам. Осы ретте 2020 жылдан бері тұрмысы төмен отбасыларындағы балаларға мектеп формасы мен қажетті құрал-жабдықтар, қалам, дәптерлерін сатып әперу жалғасып келеді. Ал балабақшаларында тәрбиеленушілер тегін тәрбиеленіп жатыр. Жоғары оқу орындарында еңбек нарығына қажет мамандықтардың саны да жыл сайын артып келеді. Соңғы екі жылда 285 студент қала әкімдігінің қолдауымен тегін білім алу мүмкіндіктеріне ие болған.

Қорыта келгенде, Шымкенттің білім шамшырағы жарқырай бермек. Бұл үшін мемлекеттік қолдаулар бар. Білікті ұстаздар бар. Алдағы кезде де үшінші мегаполис қаланың білім саласы сапалы білім мен саналы тәрбие беру жолында аянбай тер төге бермек.

## «АКТЕРМІН МЕН, МЫҢ ӨЛІП, МЫҢ ТІРІЛГЕН»



Алматы қаласындағы Тұран университетінде Қазақстанның Еңбек Ері, КСРО және Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Асанәлі Әшімұлының «Актермін мен, мың өліп, мың тірілген» атты кітабының таныстырылымы өтті.

Тұсаукесер шарасына Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының төрағасы, жазушы Мереке Құлкенов, Алматы қаласы әкімінің кеңесшісі, әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының кандидаты Мамай Ахетов, Тұран университетінің ректоры, профессор Рахман Алшанов, ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ақшатап Бактыгереева, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, ф.ғ.д., ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Кенжехан Матыжанов, Алматы қаласы Мәдениет басқармасының бөлім басшысы Арман Халбеков, саясаттанушы Әміржан Қосанов, театр және кино актері Азамат Сатыбалды және өзге де зиялы қауым өкілдері, оқытушылар мен студенттер қатысты.

Жинақта қайраткердің өмір жайлы, ғұмыр жолында кездескен жандар мен түрлі жайттар туралы ойлары топтастырылған. Кеш тізгінін ұстаған белгілі жазушы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері,

Қазақстан Президенті сыйлығының лауреаты Қали Сәрсенбай: «Асанәлі ағаның актерлігінен, қайраткерлігінен бөлек, қаламгерлігі де көпке мәлім. Алдарыңызда тұрған бұл кітап — Асанәлі ағаның бесінші кітабы. Ағамыздың өнер жолын, өмір жолын қамтыған еңбектердің басын қосқанда бұған дейін тоғыз томдық жинақ жарық көрді», — дей келіп, өнер иесінің жазармандық қыры жайлы сөз толғады.

Жиын барысында сөз алған Мереке Құлкенов: «Асекеңнің бұған дейін де бірнеше кітабы жарық көрді. «Мен актермін, мың өліп, мың тірілген» деген жай сөз емес. Осы бір ауыз сөзбен бүгінгі таныстырылымы өтіп жатқан кітаптың бүкіл табиғаты ашылып тұр. Асекең: «Менің жазғандарым көркем әдебиетке жатпайды», — деп айтқанымен, күнделікте — әдебиеттің көптеген жанрының бірі. Өйткені күнделікте сол күнгі оқиға суреттеліп, сол күнгі адамның қандай күй кешкені, жан дүниесі бейнеленеді. Толстойдың, Достоевскийдің, біздің Бельгердің күнделіктері секілді Асекеңнің күнделіктерінің де көтерер жүгі салмақты», — деп, жана жинақтағы ой оралымдарының өміршен екенін жеткізді.

Тұсаукесер кешке жиналған өзге қаламгерлер мен өнер өкілдері де Асанәлі Әшімұлының кино, сахна өнерлерімен қатар сөз өнеріндегі сара болмысы, ұстаздық келбеті турасында кеңінен айтып, жаңа кітаптың оқырманы көп болатынына сенім білдірді.



## Рахат Қосбармақтың жыр кеші өтті

Баянауылда ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Рахат Қосбармақтың «Баянауыл дейтін ел көрдім» атты жыр кеші өтті.

Кешке еліміздің түкпір-түкпірінен ақынның оқырмандары, қаламгерлер қауымы арнайы қатысты. Кешті талантты ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Еламан Қабдыләшім жүргізді.

Кеш барысында Баянауыл ауданы әкімінің орынбасары Қинаятолла Талипов Павлодар облысының әкімі Асайын Байхановтың жүрекжарды құттықтауын жеткізді. Халық өнерін қастерлеп, ақын сөзін ардақтаған елдің ізгі дәстүріне сай, ақынның иығына шапан жауып, қазақы құрмет көрсетілді. Жыр кешінде сөз алған Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының төрағасы Мереке Құлкенов:

— Біз көп жағдайда әр өңір өз ақынын өз еншісіне ғана жазып, бауырына тартып, иеленіп алуға бейілміз. Бірақ шын ақынның жыры — бір ауылдың ғана емес, бүкіл қазақтың, ұлттың ортақ мұрасы.

Ақындардың ел ішіне сапар шегіп, циклді өлеңдер жазуы — әдебиетте бұрыннан бар дәстүр екені белгілі. Бұл үрдісті бүгінгі буын жалғастырып, қайта жаңғыртса, әдебиетіміздің көкжиегі кеңейе түсер еді. Ақын туған елінің қай қиырына барса да, халықпен қауышып, жыр кештерін өткізіп тұруы керек. Өйткені поэзия халықпен бірге ғана өмір сүреді. Бүгінгі кеш — сол рухани сабақтастықтың айғағы. Мұндай басқосулар болашақта дәстүрге айналуы тиіс, — деді. Мереке Құлкенов. Шығармашылық кешке Маңғыстау облысынан арнайы келіп қатысқан облыс әкімінің орынбасары Тілек Көшмағанбетов Маңғыстау облысының әкімі атынан жүрекжарды құттықтауын жеткізіп, жыр дүлдүліне деген ерекше ілтипат танытқан Баянауыл жұртшылығына алғыс білдірді. Ол өз сөзінде поэзияны қастер тұтқан елдің рухы биік, жүрегі кең болатынын атап өтіп, ақынның шығармашылығы қос өңір арасындағы рухани байланысқа дәнекер болып отырғанын айтып өтті. Кеш барысында ақын өлеңдері оқылып, әндер шырқалды.

Мұхарбек ЖӘКЕЙҰЛЫ

### ҚОҒАМ

Мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қолдау — мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екендігі белгілі. Техникалық құралдармен қамту, әлеуметтік инфрақұрылымды бейімдеу, жаңа оңалту орталықтарын ашу және арнайы қызметтерді кеңейту мақсатында республикамыздың, облыстары мен қалаларында, аудандарында атқарылып жатқан ауқымды істер аз емес.

1988 жылы мүгедектер қозғалысының бастамашыл тобы Алматы қаласы Медеу ауданы мүгедектерінің ерікті қоғамдық бірлестігін құрды. Ал 1989 жылы 22 қарашада Әділет департаментінде ресми түрде тіркелді.

Бүгінде «Медеу ауданы мүгедектерінің ерікті қоғамы» Медеу ауданында тұратын 800-ден астам мүмкіндігі шектеулі жандардың мүддесін қорғайды.

Қоғамның мақсаты — Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген экономикалық, саяси және өзге де құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыруда мүгедектердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігін қамтамасыз ету.

## ҚАМҚОРЛЫҚ ПЕН ҚОЛДАУ БАР ЖЕРДЕ



— Бүгінде еліміздегі ерекше қажеттілігі бар азаматтарға қолдау көрсету, қоғамдағы инклюзияны дамыту және мүмкіндігі шектеулі адамдарға құрметпен қарау — кешенді және көпқырлы саясаттың бір бөлігіне айналды. Аталған мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру барысында «Медеу ауданы мүгедектерінің ерікті қоғамы» мүмкіндігі шектеулі жандарға қамқорлық көрсетуде көпшіліктің көңілінен шығып отыр, — дейді қоғам басшысы Любовь Климко.

Сөз бен істің арасында қайшылықтың жоқ екені төмендегі жасалып жатқан іс-шаралардан байқалғандай болды. Жуырда Медеу аудандық мүгедектер ерікті қоғамы ата-анасы мүгедек, аз қамтылған отбасы балалары үшін «Мектепке жол» акциясын ұйымдастырып, оның аясында жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарына көмек көрсетілді. Балалар оқуға қажетті

оқу құралдары мен керек заттарға ие болды, бұл олардың оқуын қуанышпен және сеніммен бастап, алаңсыз білім алуына мүмкіндік береді.

Басты мақсат — бірінші сынып оқушылары мен олардың отбасыларына қолдау көрсету, балалардың мектеп өміріне сәтті бейімделуіне көмектесу, сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасау. «Мектепке жол» жобасы барлық балаларға тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Қоғамда сенім телефоны жұмыс істейді, мүгедектерге әлеуметтік және материалдық көмек көрсетіледі. Санаторлық-курорттық емдеуді таңдауға, техникалық құрал-жабдықтар алуға және басқа да қызметтерге «Aleumet.kz», «Egov.kz» порталы арқылы көмек көрсетіледі. Медеу ауданында әлеуметтік инфрақұрылым нысандарына мониторинг жүргізетін комиссия жұмыс істейді. Мүгедектерді жұмысқа орналастыру мәселесі бойынша ұйымдармен келіссөздер жүргізілуде. Мақсаты — олардың жұмысқа орналасуына, кәсіби дамуы мен әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасау.

Конституция күніне орай Алматы спорт клубында армрестлингтен жарыс өтті. Турнир қорытындысы бойынша Медеу аудандық мүгедек балалар бөлімінен жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталды: әйелдер арасында 1-орынды Б. Ауғамбаева

иеленсе, ерлер арасында, жүлделі орынды А.Калачев місе тұтты.

Сондай-ақ Медеу аудандық балалар үйінің тәрбиеленушілері Алматыдағы Орталық мәдениет және демалыс саябағында болды. Барлық балалардың көңіл күйлері көтеріңкі болды. Олар түрлі аттракциондарды тамашалап ойнап-күліп, жағымды әсер алды.

2025 жылдың 15 тамызында Алматыда Спорт күніне орай мүмкіндігі шектеулі қала тұрғындары арасында үстел теннисінен жарыс өтті. Шара халықты бұқаралық спортқа баулу, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталды. Қатысушылар өте белсенді болды, ал ойындар қызу әрі әсерлі өтті.

Медеу ауданы мүгедектерінің ерікті қоғамында спорттық іс-шаралар мүмкіндігі шектеулі жандардың физикалық дамуын қолдап, олардың әлеуметтік белсенділігін арттыруда үлкен рөл атқарады. Медеу ауданында өткізіліп жатқан осындай спорттық жарыстар мен бұқаралық іс-шаралар қамқорлық жандардың өз-өзіне деген сенімін арттыратыны анық.

Қоғамда өткізілген игілікті шаралардың біразын ғана тілге тиек еттік. Ал атқарылған істердің көлемі бұдан да ауқымды. Демек, мүмкіндігі шектеулі жандардың мүддесі қашан да қорғалып, қамқорлықта болатынына сенім мол.

Арнұр ТОЛЫБАЙ

# Қайым-Мұнар ТАБЕЕВ

Белгілі жазушы, публицист, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның құрметті журналисі, Қоғам қайраткері Қайым-Мұнар Табеев 69 жасында өмірден өтті. Ол 1956 жылы 5 мамырда бұрынғы Семей (қазіргі Абай) облысы Аягөз ауданы «Шолпан» кеңшарында дүниеге келген. 1981 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. 1999 жылы Қазақ мемлекеттік заң университетінің аспирантурасын социолог-заңгер мамандығы бойынша тамамдаған. 2002 жылы Алматы мемлекеттік басқару институтында, 2004 жылы ҚР Президенті жанындағы қызмет академиясының мамандықты жетілдіру курсына оқыған. Қазақстан Жазушылар одағының, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Қазақстан Жастар одағы және Қазақстан Журналистер одағы сыйлықтарының лауреаты. Шығармашылық жолын 1981 жылы республикалық «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінен бастап, «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш»), «Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазақстан» газеттерінде тілші, аға тілші, бөлім меңгерушісі міндеттерін атқарды. 1994 – 1996 жылдары Қазақстан Президенті Баспасөз қызметінің кеңесшісі, 1996 – 1997 жылдары Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің бас маманы, 1998 – 2012 жылдары Алматы қаласы әкімі аппараты Тіл басқармасының бас маманы, бастығы, Ішкі саясат департаменті БАҚ және ақпараттық саясат бөлімінің бастығы, Алматы қаласы Әкімі

аппараты ұлт саясаты жөніндегі бөлімінің бастығы қызметтерін атқарып, Қазақстан халқы ассамблеясының Алматы қалалық хатшылығының меңгерушісі болған. 2012 жылдың I қазанынан «Нұр Отан» партиясы Алматы қалалық филиалының Қоғамдық-саяси бөлімінің меңгерушісі, баспасөз хатшысы, қалалық филиал төрағасының орынбасары, сонымен қатар қоғамдық негізде Алматы қалалық «Мирас» рухани қоғамдық кеңесі төрағасының орынбасары болды. Белгілі публицист-жазушы Қайым-Мұнар Табеев әйгілі Желтоқсан оқиғасы жайында ең алғашқы болып басылым беттеріне мақала жариялаған қаламгерлердің бірі. «Шырқа, керней» («Жалын», 1983), «Ар өлшемі» («Жалын», 1984), «Қатарда жүр қарт солдат» («Қайнар», 1985), «Халық қалаулылары» («Қайнар», 1987), «Байғазы» («Жалын», 1989), «Алматы. Желтоқсан – 86» («Шабдыт», 1991) жинақтарында деректі әңгімелері жарияланды. «XX ғасырдың обасы» («Қазақстан», 1989), «Үш күннің дерекнамасы» («Дәуір», «Науан хазірет» баспалары, 1993), «Мұзда жанған алау» («Дәуір», 1993), «Қайсар рухты қазақ» («Атамұра», 1994), «Қазақтың желтоқсаны» («Дайкпресс», 2006) атты кітаптары жарық көрді. Қазақ әдебиеті мен руханиятының дамуына өлшеусіз үлес қосқан қаламгердің жарқын болмысы халқының, қаламдастарының жадында сақталады.

**Қазақстан Жазушылар одағы  
Басқармасының хатшылығы**



## САБЫРЛЫ, БАЙСАЛДЫ, ПАРАСАТТЫ ЕДІ

Қайым-Мұнар ағамызбен ең әуелі оның «Мұзда жанған алау» кітабы арқылы таныстым. Желтоқсан оқиғасына батыл пікір айтып, оған «көтеріліс» деп баға берген батыр ағамыз еді. Алматы қалалық әкімшілігінде бірге қызмет істедік. Кісіге мейірбан, кішіге қамқор, кең адам еді. Сабырлы, байсалды, парасатты еді ағамыз. Қызметі бардын алдында елпелектемейтін, өз бағасын білетін біртоға, ішкі қуаты мықты дегдар тұлға болатын. Ешкімге дауысын көтеріп сөйлемейтін, көркем мінезді, бірақ ынжық емес. Ұстанымынан

айнымаған жан еді.

Ағамыздың қазасын естіп, қабырғамыз қайысты. Бірге жұмыс істеген, інісі боп жүрген кездерді еске алып, бір күрсініп қойды. Дәм-тұзы таусылғанда адам өмірден көшеді. Бұл Алланың бұлжымайтын әмірлі заңы. Дегенмен қимайсың. Жанына сәуле түсірген осындай ағаларды сағынасың. Алланың шексіз, шетсіз рақымы мен мейіріміне бөленсін деп тілейсің, дұға етесің. Жаныңыз пейіштің төрінде шалқығай, Қайым-Мұнар аға.

**Ақберен ЕЛГЕЗЕК**

## ТАҒДЫРҒА ТӘБДІЛ БОЛА МА?..

Белгілі бір кезеңде жұлдызы жанып, айы оңынан туатын қаламгерлер болады. Екі дәуір тоғысындағы жылымық жылдарда Коммунар Табей ағамыз құлшына қалам сілтеді. Таң атқанша талайды әуре-сарсаңға салатын «Түнгі көбелектерді» танытты. Желтоқсанның жан жарасын ашып, қасірет-қайғысын әйгіледі. Тағы бір елең еткізген соқталы дүниесі «Хабарсыз кетті деменіз...» деген зерттеу очеркі еді. ҚазМУ-дың қалашығында өрімдей жас қыздар бірінен соң бірі жоғалып, бүкіл ел дүрліккен жантүршігерлік сәттер естеріңізде болар. Соған орай Коммунар ағамыз оқиғаға қатысты өз топшылауын жариялап, қалың қауымды тәнті етті.

Кейін Қайым-Мұнар Табей боп жұртшылыққа танылды ғой. Бірақ өзіміз бала кезімізден үйреніскен Коммунар деген есімі, алдымен, ойға орала береді. Бір басылымда қызмет істедік. Аға тұттық. Сыйладық. Алдынан кесе өтпедік. Өзі де кейінгі буынның осы құрметіне татитын азамат еді. Ол әр мақаласынан соң оқырманы редакцияға үздіксіз іздеп келетін жүйрік журналист болды. Мұндай бақ қаламгер атаулының бәріне бірдей бұйыра бермейтіні белгілі. Біз осыны көрдік. Кеше ардақты ағамыз өмірден өтіпті. Абай айтқандай, тағдырға тәбділ бола ма?..

**Бауыржан ОМАРҰЛЫ**

## «ЖЕЛТОҚСАН» ЖАНАШЫРЫ

Желтоқсан көтерілісі әлі күнге дейін қазақ тарихындағы жартылай жабық тақырып. Олай дейтініміз, саяси-құқықтық тұрғысынан өз бағасын алған жоқ. Бәлкім, содан кейін бе екен, бұл тақырыпта жазатын қаламгерлер өте аз. Осы азың арасында Қайым-Мұнар ағамыз ең алғашқылардың бірі де бірегейі болып қалам тартты. Өте жемісті еңбек етті. Әлденеше кітап шығарды. Халық Қаһарманы Қайрат Рысқұлбеков жөнінде жазған «Қайсар рухты қазақ» кітабын кеңітіп, қайта ұсынды. Басқа да желтоқсаншылар туралы жазғандары өткірлігімен, ақиқатты ашық айта білуімен ерекшеленетін еді. Айтқан сөздерін тыңдай отырып, әлі де жазғанынан жазатыны көптігі анық аңғарылып тұратын.

Келер жылы көтеріліске қырық жыл толады. Қайым-Мұнар Табеевтей ағамыздың соған жете алмай кеткені қамықтырады.

**Халелхан ӘДІЛХАНОВ**

## КІТАП АМАНАТЫ ҚАЛДЫ...

Жолыққанда жылы тілдесер едік. «Ел-жұрт аман ба?» дейтін. «Ел-жұрт» деп Шәуешекті айтады. Сырт келбеті сабырлы көрінгенімен ішкі әлемі салбурында, сабылысып жатқаны сезілетін. Саған амандасқандағы жылы жүзі сәл бұрылғанда салқын сабырлы кейіпке көшетін. Үнемі ат үстіндегі кісі сияқты оймен, өз жүрек қағысымен кетіп бара жатар еді. Жазған кітаптарын жариялағаны болмаса, жанталасып жарнамалаған жоқ-ау.

*Жүрек тоқтады.*

*Жұмыс бітті.*

*Көпке кітаптары — кітап аманаты қалды.*

*Қош, қаламгер Қайым-Мұнар!*

*Жазғаның жұртыңа мұра.*

*Топырағың торқа болсын!*

*Тұқымың өссін, Кәке!*

**Алмас АХМЕТБЕКҰЛЫ**

## ҰЛТ ҮШІН ҚЫЗМЕТ ЕТТІ

Біз — Қайым-Мұнардың жұбайы Жеделханнның курстасымыз. Жедел екіінші курста тұрмысқа шықты. Сол күннен бастап Қайым-Мұнар да біздің курстың бел баласына айналып шыға келген еді. Талай қуанышты сәттерді де, қиындықты да бірге бастан өткердік. Бұл күндері бәрі де естелікке айналды. Біздің курстың ең мықты күйеубаласы деп оны бәріміз мақтан тұттық. Кейін келе қаламы жүйрік, ойы озық Қайым-Мұнар тек біздің курстың ғана емес бүкіл қазақ халқының мақтан тұтар азаматына айналғаны белгілі. Өйткені оның қаламы ұлт үшін қызмет етті.

Екі күнгі оқиға екі ғасырға тең салмағы бар Желтоқсан көтерілісіне қатысты дәл Қайым-Мұнардай тереңіне бойлап, зерделей отырып, қалам тербеген қаламгер некен-саяқ. Желтоқсан туралы нақты ақпаратқа негізделген ең алғашқы көлемді зерттеу мақаласы «Қазақ әдебиеті» газетіне жарияланған күннен бастап, бұл тақырып оның журналистік, жазушылық өмірінің мәніне айналғаны ақиқат.

Әсіресе Желтоқсанның құрбаны, жазықсыз жапа шегіп, өлім жазасына

кесілген Қайрат Рысқұлбековті ақтап алуға қатысты Қайраттың әкесімен бірге қақпаған есігі қалмағанын біліп, кейінгі жазбаларымен танысқан сәтте, оның қайтпас қайсарлығына сүйсініп қана қоймай, ұлт үшін жүрегін жұлып беруге әзір батылдығына бас иідік. Шындықты анықтаймын, халыққа ақиқатын жеткіземін деп алдына үлкен мақсат қойған Қайым-Мұнарды жеке өміріне қатер төнгені де тоқтата алмаған екен. Оны да оқырман қауым оның соңғы жылдары жарық көрген «Желтоқсан. 1986 жыл» атты кітабынан оқып білгені анық.

Оның қаламы журналистикаға қадам басқан алғашқы күннен, соңғы демі үзілгенше ұлт үшін адал қызмет етті.

Міне, енді ұлт деп соққан бір жүрек тоқтады. Қазақ халқы өзінің бір аяулы перзентінен айырылды. Бұл қайғы тек оның отбасының ғана емес, қазақ халқы үшін де ауыр қазна. Қазаның арты қайырлы болсын! Жеделхан, сен мықтысың! Бекем бол!

Қош бол, аяулы дос Қайым-Мұнар!

**Курстастар атынан  
Ұлбосын АЙТӨЛЕН**

Қазақстан Жазушылар одағы, «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Жалын», «Простор» журналдарының еңбек ұжымы Одақ қызметкері, хатшы-референт Толқын Искаковаға ері

**Шуақ ҚОЖАХМЕТОВТІН**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



**Мыңбай Рәш**

Көрнекті сатирик Мыңбай Рәш қырық қырлы, бір сырлы талант иелерінің бірі еді. Биыл туғанына 95 жыл толған ол домбырамен ән айтып, жыр да жырлайтын. Суырыпсалма ақындығы бір басқа, ән шығаратын сазгерлігі де бар еді. Қырғыздың «Манасын» екі жағына тербеле, теңселе отырып «ырлағанда» таңды таңға ұратын. Әдебиетіміздің алыптарының дауыстарын сала отырып, образдарын жасайтын сахнагерлігі де өзіне жарасатын. Дарын иесінен көз жазып қалғанымызбен, әдеби мұралары ортамызда. Оқи жүрейік...

Алматының батыс жағындағы Никольский шіркеуінің тап қасына орналасқан базардан «Kodak» (Кодак) деген жарнаманы көріп, жағасын ұстаған Жиренше шешен суретке түседен бас тартты.

— Қой, Қарашаш, есі дұрыс жарнамалары бар көшелерді аралап көрелік, дүкендер, шүкіршілік жын атады ғой, — деді.

— Әй, қайдам, қайсысы оның тұр ғой дейсің? — деп Қарашаш күдігін жасырмады.

— Жығылсан, нардан жығыл. Абылай хан даңғылын аралайық, — деді Жиренше сақал-мұрттын сипап қойып.

— Мейлің білсін...

Олар төртінші трамвайға отырып, Шевченко көшесі мен Абылай хан даңғылы түйіскен жердегі аялдамадан түсе қалды.

— Енді, жаяулап асықпай аралайық, — деді Қарашаш.

— Жарайды, келістік.

Мальборо, Кока кола, Пепси, Спрайт... рестаурант... деп келетін үлкен әріптермен жазылған жарнамаларға еттері үйреніп қалған екі жолаушы «ECHANGE» деген жерге тоқтай қалды.

— Бұл не пәле? — деді Жиренше.

— Пәлі, соны да білмейсің бе, валюта айырбастайтын орын емес пе?

— Е... солай екен ғой, ал анасы несі, ей, — деді Жиренше «USD, DM, BK, KC» деп жазылған жазуларды нұсқап.

— Бұл жұмбағынды түк түсінсем, бұйырмасын, — деді Қарашаш.

Сөйткенше болған жоқ, екі-үш аттай бергенде «RARITU ART Казахстан» деген жарнама

кездесті.

— Бұл не тағы да?

— Сүйінші! Қазақша сөздер кезікті, әне, «Открыткалар, балалар әдебиеті» деп тұр... Екі сөздің біреуі қазақша екен. Оған да шүкір.

Екеуі «OPEN» деп жазылған есікке қарай ұмтылды.

— «Опені» несі, ей? Сықакшы Көпеннің бірденесі емес пе екен?

— Сірә, ашық дегені болар,

қиылысындағы үлкен орталық гастронომның кіреберіс маңдайшасында «SMAT» гастроном деп жазылыпты. Даңғылдың 115-санды үйінде үлкен әріптермен «КАРДИНАЛ» деп жазылыпты, қазақшасы жоқ.

— Александр Дюманың «Үш ноянындағы» бүкіл Францияны билеген Кардинал бұл жерге қалай келіп қалған? — деді Қарашаш.

— Тәйірі, ол қайдан келсін, гүл сататын жердің аты екен ғой, — деді Жиренше.

Келесі үйде «AGFA» деген жазу тұр.


— Бұл не? — деп қанша басын қатырса да таба алмаған Қарашаш басқышпен көтеріліп, есігін ашып қалды. Қаптаған фотоаппараттар сатылады екен.

Нақ-нақ... — деген Елубай Өмірзақов айтатын күлдіргі әнді ұмытуға бола ма? — деп жымия күлді Жиренше.

Осы көшемен жоғары өрлей бергенде жалғыз қазақша жарнама кезігеді, оның өзі «Дәулет» болмай, «Даулет» деп жазылыпты. «Қазақстан Тұтынушылар қоғамының Даулет қонақүйі» деп көзге ұрып тұр. Оған қатарлас үйдегі «Chewron» дегеніміз, шағын дүкеннің жарнамасы екен. Машинаға қажетті майлар сатылатын көрінеді.

Бөшкеге салынған тұздалған балықтай быжынай жазылған: «Интернет, philepeps, Laminoh, alson, General, Garrikn»... жарнамаларының сыры: электр, тұрмыстық тауарлар сатылатын дүкен болып шықты. Қазақша

## ҚАРАШАШТЫҢ ҚАЛЖЫҢЫ



— деп Қарашаш есікті ашып қалды.

— Жаксы болды, немерелерімізге балаларға арналған суретті кітапшалар алатын болды! — деп Жиренше мұрттын шиыра беріп еді.

— Асықпа, кім білсін, — деп Қарашаш күдігін қоймады.

Айтса — айтқандай, салған жерден көзге түскен «Алла Пугачева» деген кітап «Финансово-экономические методы страхования», «Законы о налоге» тағысын тағылар...

— Әу, балаларға арналған кітапшалар қайда? — деді Қарашаш.

— Әне, апай, әне жерде... — Э.Успенскийдің, К.Булычевтің, К.Чуковскийдің, С.Маршактың, өзге де орыс авторларының кітаптары жын атады.

— Қазақша кітап жоқ па?

— Әне, — деді сатушы қыз жар дегенде жалғыз ғана «Әріптер әлеміне саяхат» деген кітапты көрсетіп, — өзі бір-ақ дана...

Ілгерілей бере және жұмбақ тап болды. «SBS», «Seica Nilca SDS СЖС Казахстан»... SWISS Centre... Бұл Абылай хан даңғылы, 123-үйге орналасыпты. Ары қарай «Vita» дүкені екен. Абылай хан даңғылы мен Қабанбай батыр көшесінің

— Ә, — деді сатушы жігіт, — яғни Городская фабрика фототорганизации. «Хе-хе», — деді.

— Хе-хең не, ей, онан да туу, түбі түскір демейсің бе... Ары қараса «БОМБОЛА кафе-бистро» деген пәлесі алдан шыға келді.

— Байқа, бомба... дегеніне қарағанда... жарылып жүрмесін! Дінмұхамед Қонаев пен Қабанбай батыр көшелері мүйісінде «АДМИРАЛ NELSON» деген атшаптырым жарнама тұр... Түнгі клуб көрінеді.

— Түнгі клубы қалай? — деп еді Қарашаш...

— Қараңғыда қыз ойнақ, Күндіз емес, Түнде ойнақ,

бір ауыз сөзді кездестірмейсің.

— Аяғымнан таусылдым, жә, осы да жетер енді, қонақүйімізге қайтайық, — деді Қарашаш қабағын түйіп.

— Ха-ха, ананы кара, Қарашаш, — деді Жиренше, «PIZZA BAR»-ды нұсқап.

— Онысы несі тағы да?..

Никольский шіркеуі жанынан «Кодакты» көріп ең, Құрманғазы көшесінен «PIZZA BAR»-ың алдыңнан шықты, енді арманын жоқ шығар, ха-ха! — деп қалжындады.

## Аушардағы дау-шар

Бір аушарда Биені бүгімен, Түйені түгімен, Жұтқандар түсті дау-шарға. Аналар: Мал-мүлікті, Былықтырған бүлікті, Есепшотқа берді. Мыналар: Есік біткенді тоздырып,

Жүйке тамырларын қоздырып, Ақыры істі жергілікті сотқа берді. Аналар: — Бекер шатпандар! — деді. ...Аушардағы дау-шар басылар емес, Сот та сөз бұйдамен асығар емес.



## Мешкейлер

Жақсылық пен жамандық, Тірелген бәрі долларға. Тасада қалар адалдық, «Көгала қағаз» мол барда. Тою білмес мешкейлер, Толтырысар дорбалап. Білмесін деп еш пенде, Салықтан сырт қорғалап. Доллар үшін даурығып, Жыртысады кеңірдек. Бір-бірімен жауығып, Асасам деп көбірек. Қызғанып кейде долларды, Бірін-бірі кейігер. Өтірік, шындық, долбарды, Заң орнына келтірер.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ – ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ

Редакторлар кеңесінің төрағасы **Мереке ҚҰЛКЕНОВ**

Бас редактор **Бауыржан ЖАҚЫП**

Бас редактордың орынбасары **Қали СӘРСЕНБАЙ**

Редакция алқасының мүшелері:

**АЙТҚОЖИНА Марфуға, ӘБДІҚҰЛЫ Төлен, БАҚТЫГЕРЕЕВА Ақұштап, ЕЛУБАЙ Смағұл, ИРАН-ҒАЙЫП, КӨПІШ Өшірбек, ҚАБЫШҰЛЫ Ғаббас, ҚАНАЗ Молдахмет, ҚОШЫМ-НОҒАЙ Байбота, НҰРЖЕКЕ-ҰЛЫ Бексұлтан, НҰРМАҒАНБЕТОВ Тынымбай, ОРАЗАЛИН Нұрлан, СЕГІЗБАЕВ Кәдірбек, СЕЙСЕНБАЕВ Роллан, СМАТАЕВ Софы, ШАХАНОВ Мұхтар, ЫСҚАҚБАЙ Марал**

Жауапты хатшы **Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ**

Әдебиет бөлімі: **Еркін ЖАППАСҰЛЫ**

Мәдениет және руханият бөлімі: **Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА**

Әлеумет, тарих бөлімі: **Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ Жүніс ОМАР**

Art-редактор **Марат СӘБДІКЕН**

Компьютер орталығының жетекшісі **Данияр ҚАБА**

Терімші **Рысқұл ЖҰМАБАЕВА**

Корректорлар: **Айнаш ӘЛДИБЕК, Гүлбану ЕРКІН**

Меншікті тілшілер: **Астана қаласы, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Ұлытау облыстары**

**Айтбай СӘУЛЕБЕК,** Алматы облысы

**Ержан ТОҚТАРҰЛЫ** Абай облысы

**Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ** Ақтөбе облысы

**Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛ** Атырау облысы

**Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА** Батыс Қазақстан облысы

**Мәрлен ҒИЛЫМХАН** Жамбыл облысы

**Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ** Жетісу облысы

**Жангелді НЕМЕРЕБАЙ** Қостанай облысы

**Жанұзақ АЯЗБЕКҰЛЫ** Қызылорда облысы

**Қаршыға ЕСІМСЕЙТОВА** Маңғыстау облысы

**Сағындық РЗАХМЕТ** Павлодар облысы

**Серік ЕЛІКБАЙ** Түркістан облысы

**Айдар СЕЙДӨЗІМ** Шығыс Қазақстан облысы

**Тоқтарбек МАҒЗҰМОВ** Шымкент қаласы

**Момбек ӘБДӘКІМҰЛЫ**

Кезекші: **Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ**

**РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ:**

**8 (727) 272-88-17**  
e-mail: [Kazakh\\_adebiety@mail.ru](mailto:Kazakh_adebiety@mail.ru)  
**Мекенжайымыз:** 050009. Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 105-үй. 3-қабат.

Индекс 65353

Таралымы 15 000. Тапсырыс 895

Газетте жарияланған авторлар пікірі редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Материалдарды көшіріп басқанда редакцияға сілтеме жасау міндетті. Кей суреттер ғаламтордан алынады. Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды. Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2011 жылғы 21 қарашада №12120-Г куәлігі берілген. Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. С.Мұқанов, 223-В». Оффсеттік басулық. Газет материалдары «Қазақ әдебиеті» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.